

*Мақсатым – тіл ұстартып,  
өнер шайшақ...*  
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен  
әдебиеті» және  
«Ұлағат»  
жауапкершілігі  
шектеулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
Республикалық  
ғылыми-  
педагогикалық,  
әдістемелік  
журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**9/2015**

**ҚЫРКҮЙЕК**

---

## АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева,  
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,  
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,  
Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,  
Рақымжан Тұрысбек, Нұрселді Уәлиұлы.*

## МАЗМҰНЫ

<b>Т.ЖҰМАЖАНОВА.</b>	Таным табиғатында Мактымқұлы Фраги туындыларының қазақ әдебиетінде алатын орны.....5
<b>Б.ШАЙХСТАМОВА.</b>	5-сыныпта қазақ тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері.....10
<b>Қ.ТАСҚЫНБАЕВА.</b>	Тілдік қатынас барысында оқушылардың тыңдалым дағдысын дамыту жолдары.....25
<b>Р.БЕКМОЛДИНА.</b>	<i>Көкейкесті көзқарас</i> Тізбектелген сабақтар топтамасына Бағдарламаның «Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу» модулі қалай және неге енгізілді.....32
<b>С.ТӨЛЕУОВА.</b>	Мектеп оқулықтарындағы кейбір тақырыптарды Қ.Жұбанов еңбектерімен толықтыру.....43
<b>Қ.БАТТАЛОВА.</b>	Оқу-тәрбие жұмыстарындағы тұтастық-тұрақты білім негізі.....50
<b>Р.МҰСАҒАЛИЕВА.</b>	<i>Авторлық бағдарлама</i> Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер және оларды түзету жолдары.....53
<b>З.ИМАНБАЕВА.</b>	<i>Сайыс сабақ</i> Білім шыңы.....61
<b>Ж.ТЕМІРҒАЛИЕВА.</b>	<i>Көмекші құрал</i> «Салыстырмалы грамматика» курсының бағдарламасына арналған жұмыс дәптері .....67
<i>Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
<b>Б.ЕСМАҒАНБЕТОВА.</b>	Төлен Әбдіков. Қонақтар.....73
<b>Ү.НАСИЕВА.</b>	Әбділда Тәжібаев. Сырдария.....76
<b>Ж.ЕРҒАЛИЕВА.</b>	Тахауи Ахтанов. Боран.....81
<b>М.ҚҰАНЖАНОВА.</b>	Қабдеш Жұмаділов. Қозыкүрен.....86
<b>Н.НҰРМАНОВА.</b>	Шәкәрім Құдайбердіұлы. Еңлік-Кебек.....90
<b>М.КҮЗЕМБАЕВА.</b>	Мағжан Жұмабаев. Сағындым.....94
<i>Абай Құнанбайұлының туғанына 170 жыл!</i>	
<b>Ү.БИСЕМБАЕВА.</b>	Абай әлемі.....101
<b>Г.КАРМЕНОВА.</b>	Абайдың ақын шәкірттерінің бірі - Әріп Тәңірбергелұлы.....103
<b>А.КЕНЖЕХАНОВ.</b>	Абай ауылына саяхат.....114
<i>Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс</i>	
<b>Г.ТАРКЕШЕВА.</b>	Қалыптастырушы бағалаудың оқушы белсенділігін арттырудағы рөлі.....118
<b>А.МАНКИШЕВА.</b>	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.....123
<b>Ж.РАЙҚҰЛОВА.</b>	Сабатас құрмалас сөйлемді оқыту.....128
<b>М.НҰРСҰЛТАНОВА.</b>	Қос сөздер. Қайталама қос сөздер.....131
<b>С.ӘЛМҰРАТОВА.</b>	Омонимдер.....135
<b>Г.МҰҚАНОВА.</b>	Морфология тарауына шолу.....137
<b>О.МЫРЗАҒОЖИНА.</b>	Салалас құрмалас сөйлемдерді қайталау.....140
<b>С.БЕҒАЛИЕВА.</b>	Әбілхан Қастеев.....142

## СОДЕРЖАНИЕ

<i>Познание</i>	
<b>Т.ЖҰМАЖАНОВА.</b>	Роль произведений Мактымкулы Фраги в казахской литературе.....5
<b>Б.ШАЙХСТАМОВА.</b>	Развитие изучения казахского языка научно-методологической основы в 5-классе.....10
<b>К.ТАСҚЫНБАЕВА.</b>	Развитие языковых навыков студентов в прослушивании.....25
<i>Нынешний подход</i>	
<b>Р.БЕКМОЛДИНА.</b>	Как и почему вошла модуль, серия уроков в программу «Обучение учеников по возрасту».....32
<b>С.ТӨЛЕУОВА.</b>	Дополнение некоторых учебников произведениями К.Жұбанова.....43
<b>Қ.БАТТАЛОВА.</b>	Целостность в учебно-воспитательных работах-постоянная основа знаний.....50
<i>Авторская программа</i>	
<b>Р.МҰСАҒАЛИЕВА.</b>	Девиантное поведение у подростков и методы их исправления.....53
<i>Урок-соревнование</i>	
<b>З.ИМАНБАЕВА.</b>	Пик знания.....61
<i>Дополнительный материал</i>	
<b>Ж.ТЕМІРҒАЛИЕВА.</b>	Рабочая тетрадь программы «Сравнительная грамматика».....67
<i>Казахская литература: передовая технология в образовательном процессе</i>	
<b>Б.ЕСМАҒАНБЕТОВА.</b>	Толен Абдиков. Гости.....73
<b>Ү.НАСИЕВА.</b>	Абдилла Тажикаев. Сырдария.....76
<b>Ж.ЕРҒАЛИЕВА.</b>	Т.Ахтанов. Бұра.....81
<b>М.ҚҰАНЖАНОВА.</b>	Қабдеш Жұмаділов. Қозыкүрен.....86
<b>Н.НҰРМАНОВА.</b>	Шакарим Құдайбердіұлы. Еңлік-Кебек.....90
<b>М.КҮЗЕМБАЕВА.</b>	Мағжан Жұмабаев. Соскучился.....94
<i>Абай Құнанбайұлы 170 лет!</i>	
<b>Ү.БИСЕМБАЕВА.</b>	Мир Абая.....101
<b>Г.КАРМЕНОВА.</b>	Один из учеников Абая - Арип Танирбергелов.....103
<b>А.КЕНЖЕХАНОВ.</b>	Путешествие по родному краю Абая.....114
<i>Казахский язык: передовая технология в образовательном процессе</i>	
<b>Г.ТАРКЕШЕВА.</b>	Роль студенческой активности в развитии формирования оценки.....118
<b>А.МАНКИШЕВА.</b>	Однородные члены предложения.....123
<b>Ж.РАЙҚҰЛОВА.</b>	Изучение сложноподчиненных предложений.....128
<b>М.НҰРСҰЛТАНОВА.</b>	Двойные слова.....131
<b>С.АЛЬМҰРАТОВА.</b>	Омонимы.....135
<b>Г.МҰҚАНОВА.</b>	Глава «Морфология».....137
<b>О.МЫРЗАҒОЖИНА.</b>	Повторение сложносочиненных предложений.....140
<b>С.БЕҒАЛИЕВА.</b>	Абильхан Кастеев.....142

## CONTENT

	<b>Knowledge</b>	
T.ZHUMAZHANOVA.	A role of works of Maktimkuli Fragi is in kazakh literature.....	5
B.SHAIHISTAMOVA.	Development of study of kazakh of scientifically-methodological basis is in 5-class.....	10
K.TASKINBAEVA.	Development of language skills is in listening.....	25
	<b>The current approach</b>	
R.BEKMOLDINA.	As and why entered module, series of lessons in the program «Educating of students on age».....	32
S.TOLEUOVA.	Addition of some heads of school textbooks by work of K.Zhubanov.....	43
K.BATTALOVA.	The basis of educational work.....	50
	<b>Authoring program</b>	
R.MUSAGALIEVA.	Devianted behavior for teenagers and methods of the ir coorrection.....	53
	<b>Competition classes</b>	
Z.IMANBAEVA.	Peak knowledge.....	64
	<b>Additional material</b>	
R.TEMIRGALIEVA.	Workbook program «Comparative Grammar».....	67
	<b>Kazakh literature: advanced technology</b>	
B.ESMAGANBETOVA.	T.Abdikov. Guest.....	73
U.NASIEVA.	A.Tazhibayev. Sirdariya.....	76
ZH.ERGALYEVA.	T.Ahtanov. Storm.....	81
M.KUANZHANOVA.	K.Zhumadilov. Kozikuren.....	86
G.NURMANOVA.	Sh.Kudaiberdiuli. Enlik-Kebeke.....	90
M.KUZEMBAEVA.	M.Zhumabaev. Sagindim.....	94
	<b>Abai Kunanbaiuli - 170!</b>	
U.BISENBAEVA.	World Abai.....	101
G.KARMENOVA.	One of the disciples of the poet Abai Arip Tanirbergenov.....	103
A.KENZHEHANOV.	Abai village travel.....	114
	<b>Kazakh language: advanced technology in training</b>	
G.TARKESHEVA.	Role in formation evaluation student activity.....	118
A.MANKISHEVA.	Homogeneous parts of the sentence.....	123
ZH.RAIKULOVA.	Related training complex sentences.....	128
M.NURSULTANOVA.	Dowble words.....	131
S.ALMURATOVA.	Omonim.....	135
G.MUKANOVA.	Head of «Morphology».....	137
O.MIRZAGOZHINA.	Repeat compound sentences.....	140
S.BEGALIEVA.	Abilhan Kasteev.....	142

## Таным табиғатында

ӘОЖ 82.0:001.83(100)

**Т.ЖҰМАЖАНОВА,**  
**қазақ әдебиеті кафедрасының**  
**профессоры, педагогика**  
**ғылымдарының докторы.**  
Абай атындағы  
Қазақ ұлттық  
университеті

## МАҚТЫМҚҰЛЫ ФРАГИ ТУЫНДЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Мақалада есімі шығыстың ұлы ақындары Фирдоуси, Сағди, Низами, Науаилармен қатар тұратын түркімен әдебиетінің классигі - Мақтымқұлы Фраги туындыларының қазақ әдебиетінде алатын орны туралы айтылған.

Түйін сөздер: патриот, ақын, өлең, түркімен әдебиеті.

Көркемдік дамудың, әдеби үдерістің ең негізгі заңдылығы-әдеби байланыстар болып табылады. Қай халықтың болмасын даму биігіне ұмтылған, ақыл-ой ізденістері, көрінісі, әдебиетінің өркен жая өсуіне әдеби байланыстардың, әдеби тоғысулардың тигізер әсері ерекше. Есімі шығыстың ұлы ақындары Фирдоуси, Сағди, Низами, Науаилармен қатар тұратын түркімен әдебиетінің классигі – Мақтымқұлы Фраги.

Ол адамзаттың жарқын мұраттарын жырларына (газалдарына, рубаиларына) арқау етті. Ақын өзі өмір сүріп отырған кезеңге, халық тағдырына ерекше назар аудара отырып, қоғамда да, болашақта да жер басып жүрген адамдардың татулықпен, келісіммен өмір сүруін армандады. Адалдық, әділдік, қайырымдылық ел билеушілердің басты мақсаты болса екен деп жырлады. Түбі бір туыстық, көне,

көршілік, тарихи тағдырластық қазақ халқының мәдени өміріне, әсіресе, әдебиетіне көп әсерін тигізді. Ұлы ақын Абай да алдымен шығыс поэзиясымен танысып өзіне үлгі етті.

Мақтымқұлы Фрагидің шығармашылығына Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бекітуімен ертеден-ақ қазақ әдебиеті бағдарламасында арнайы сағат бөлініп, оқулыққа енгізілген. Әсіресе, 2001 жылғы жаңа буын оқулықтары дайындалған кезде қазақ әдебиетінің 9-сыныбына, хрестоматиясына енді. Қазақ елі жастарының ақын шығармаларымен танысуы, әлемдік рухани байлықтарды меңгеруге басқа елдер мәдениеті мен әдебиетіндегі жетістіктерден үлгі алуға бағыт-бағдар алуына жол ашары сөзсіз. Сондай-ақ 2007 жылы шыққан (Түркі тілдес халықтар әдебиетінің кейбір үлгілері, Алматы, авторлары: Жұмажанова Т.Қ., Тыныбаева Ө.Қ.) атты оқулық-хрестоматияда Мақтымқұлы Фраги еңбектері қазақ тіліне аударылып, енгізілген.

Ақын өлеңдерінің тақырыбы – сан алуан. Батырлықты мадақтаған жырларында, шығыс үлгісіндегі дидактикалық сарындар да, ескі аңыздар сюжетіне жазылған шығармалар мен табиғатты, адал махаббатты ардақтайтын лирика мол кездеседі. Мақтымқұлы Фраги – елін сүйген патриот. Мысалы, «Түркімен тағдыры» өлеңінде ойшыл ақын өз тағдырын халық тағдырымен біртұтастықта алып жырлайды. Халық мұңы өз мұңы екенін, халық бақыты өз бақыты екенін, «ел тағдыры – бірлік, ынтымақта» деп ақтарыла ой қозғайды. «Әлі орнынан тұрар желі түркіменнің» деп жақсылыққа сенеді. Халықтың болашағын дұрыс тани білуге көмектесу ақын өлеңдерінен анық байқалады.

«Еңбегіне бол адал, ғылым табар шақ керек...» деп ашып айтады. Ол қоғамдағы әділетсіздікті сынап, «Боларсың» деген өлеңдерінде адамдық қасиетті өте жоғары қойып, дүние опасыздығын:

*Асқар таулар, биікпін деп бәлсінбе,  
Күнің жетсе, сенде типыл боларсың.*

*Ескендірше жердің жүзін шапсаң да  
Сонда дағы жермен жексен боларсың...*

деп көрсете отырып, адамдарды бірін-бірі түсініп бағалауға, аспай-саспай өмірді сүюге шақырады.

Ал ақын «Ақырзаман» деген өлеңінде өмірдегі кейбір келеңсіз жағдайларды тауып айтып, жүрегіндегі қорқыныш сезімін жасырмай жайып салады. Ол: «Ақырзаман келіп қалған жоқ па? Халықтың ниеті бұзылды – деп кімді де болса ойландыра, сан сұрақтың шешімін табуға ұмтылдырар парасатты ойға, ізгілікке жетелей түседі. Ақын жырының өміршеңдігі сондай, тіпті бүгінгі күндегі кейбір жағдайларды суреттеп, жазғандай әсер қалдырады.

Оның халықшыл үнін, дауысын, жан айқайын ерекше сезінеміз. Оның өлеңдерінің әр шумағында кесек-кесек түйін, тұжырым жатыр. Өз заманының шындығын жаңаша бейнелеуде ол өзінен кейінгі түркімен лирик ақындары Малланепес, Кемине, т.б. жарқын жол ашып берді. Олар – Мақтымқұлы мектебінен өткен ақындар. Ақын өзінің ой-пікірлерінің жаңашылдығымен, ағартушылық әдебиеттің үздік өкілдерінің қатарын толықтыра түседі. Бүгінде Мақтымқұлы Фрагидің өлеңдері көптеген халықтың тілдеріне аударылған. Оның өлеңдері неше ғасыр өтіп кетсе де, өз құндылығын жоймайды. Біз ақын өлеңдерінің жүрек түбінен шыққан шынайы, таза мөлдір сырларына терең бойлап, жан-жақты әдеби-тілдік талдаулар бере отырып, жаңа технологиямен оқытып жатқанымыздың пайдасы қашанда жастарымыздың танымдық ой-дүниесін арттыруға өз үлесін қосарына сеніміміз мол.

Біз әлемдік білім кеңістігінен орын ала отырып, ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізуге ұмтылуымыз керек. Білімді жеке тұлғаға қарай бағыттау оқушының өзіндік ізденісін арттыруға, өзін-өзі дамытуына, тәрбиелеуіне, олардың дарынын аша білуіне әсерін тигізе отырып, мұғалімдерге зор міндеттер жүктейді. Мәселен, 9-сыныпта М.Фраги

шығармаларын терең меңгерте білуде әр түрлі жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Соның біреуіне тоқталсақ.

ой қозғау → мағынаны ажырату → қызығушылық туғыза білу → өзіндік пікір

Тақырыпқа сәйкес ой қозғау үшін бірнеше сұрақтар беруге болады. Осы сұрақтарға жауап беруде олар шығармашылық деңгейге жетуге тырысады. Олар өз бетінше жаңа дүние әкелуге ұмтылады. Олар алған білімдерін жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады. Өз пікірлерін жинақтап ортаға салады, жаңа өнім жасап шығарады, ең бастысы, оқиғаны түсінеді. Шығармашылық деңгейде олар мұғалім көмегіне сүйенбейді.

Оқушыларға қойылатын сұрақтар:

1.«Боларсың» өлеңіндегі адамдық қасиеттерді санап көрсетіндер.

2.Орынсыз мақтануға болмайтындығын ақын қалай суреттейді?

3.Бірінді-бірін бағалауға, өмірді ұғынып, сүюге жастарды қалай шақырады (мысал келтір)?

Шығармашылық бағыттағы тапсырмаларды орындауда оқушылар жаңа шешім іздеп, нәтижеге жетеді. Олар ашқан жаңалықтарын жүйелейді, сызбаға түсіруге ұмтылады. Көмек-нұсқауды дұрыс пайдалана отырып, білімді игеруге тырысады. Өз қабілеттеріне сенеді. Олар сұрақтар шешімін дұрыс беруге, өз ойларын айқын тұжырымдап, пікір айтуға ұмтылады. Қателескен жағдайда түзетуге тырысады.

Демек, оқушының дарыны, қабілеті, ерік-жігері, ойлау дағдысы, ішкі эмоциясы, т.б. дами түседі. Әсіресе, салыстыру, қорытынды жасау, модель, жоба жасау, оны қорғау, өз ойын дәлелдеуге дағдыланады. Олар бұрынғы білімдерін жаңа білімді игеру мақсатында тиімді пайдалана алады. Оқушы білімін шығармашылық деңгейге көтеруде, мәтінді меңгертуде әдеби жаттығулар мен сұрау-тапсырмалардың рөлі зор.

### Көмек-нұсқау үлгісі

1.М.Фрагидің «Боларсың» өлеңін әңгімелеп, қара сөзбен жазыңдар.

2.Өз шешімдеріңді еркін жеткізу үшін мәтіннен мысал келтіріңдер.

3.«Жермен жексен боларсың» атты өлеңнің мағынасын айқындап жаз.

Оқушылар өз қиял, шабыттарына ерік береді. Монолог жазуға ойын бағыттап, тырысады. Білім беру жүйесіндегі түбірлі жаңғырулар жаңа инновациялық технологияны меңгеру, содан іздену арқылы жүзеге асатынына мұғалімдеріміз ерекше мән бергендері жөн.

Әдебиеттер:

1 М.Фраги шығармаларын оқыту мәселесі // 9-сыныпқа арналған қазақ әдебиеті оқулығы. –Алматы: «Мектеп, 2012. -283-284 бб.

2 Түбі бір түркі әдебиеті. –Алматы: Білім. 2007.

3 Тюркский символ в художественном тексте. –Астана: Сарыарқа, -211-218 с.

### Роль произведений Мактымкулы Фраги в казахской литературе

В статье говорится о великом поэте туркменской литературы Мактымкулы Фраги имя которого славится наряду с Фирдоуси, Сагди, Низами, о роли его произведений в казахской литературе.

Ключевые слова: патриот, поэт, туркменская литература.

### A role of works of Maktimkuli Fragi is in kazakh literature

In the article the name of that is talked about the great poet of turkmenic literature of Maktimkuli Fragi famous along with Firdousi, Sagdi, Nizami about the role of his works in Kazakh literature.

Key words: a patriot, is a poet, poerty, turkmenish literature.

**Б.ШАЙХСТАМОВА,**  
**С.Бақбергенов атындағы**  
**жалпы орта мектеп.**  
Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Созақ ауданы

## **5-СЫНЫПТА ҚАЗАҚ ТІЛІН ДАМЫТА ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ- ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ**

Автор бұл жұмыста негізгі зерттеу мәселесі етіп, оқытудағы жаңа технологиялардың білім берудегі тиімділігі мен дамыта оқытудың нәтижелілігін арқау етіп алған.

Түйін сөздер: дамыта оқыту теориясы, оқыту үдерісі, жаңа технологиялар.

Жаңа технологиялар ішінде дамыта оқыту теориясын ерекше атауға себеп болатын көптеген қыры бар. Оларды әдіснамалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік тұрғыдан тану арқылы ғана дамыта оқыту әдістемесін 5-сыныпта «Қазақ тілі» пәнін оқыту үдерісіне енгізіп, одан көздеген нәтижелер алуға болатындығын өз тәжірибесінде қолдана білген.

Ғасырлар тоғысында өзінің жаңа даму жолы мен болмысын айқындап алған Қазақстан Республикасы ХХІ ғасырда болашақ буын ұрпаққа білім беру мен тәрбиелеудің жаңа парадигмаларын қалыптастыруды алдыңғы кезектегі міндет етіп қойып отыр. Егеменді еліміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты – жан-жақты дамыған, алдыңғы қатарлы елдермен теңесу. Ал оған жетудің басты жолдарының бірі – әлемдік білім кеңістігінен орын алу. Мұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын айқындап, оны тың арнаға, жаңа сапаға жеткізу қажеттілігін міндеттейді. Сондықтан да білім мазмұнын байыту, оқыту үдерісін жетілдіру, инновациялық технологияларды дүниеге әкелу, жан-жақты дамыған, рухани бай, өз елін, халқын жанымен сүйетін тұлға

қалыптастыру-өз шешімін қажет ететін, кезек күттірмей, іс жүзіне асыратын мәселе болып отыр.

Білім – қазақ халқының болашаққа бару жолындағы үлкен стратегиялық қоры. Білім беру жүйесін заман талабына қарай өзгерту, дамыту, жаңа талаптарға бейімдеу – қоғамдық мәні үлкен мәселе. Қазақстандық білім беру жүйесі тарихының жаңа кезеңі оқытудың жаңа жүйелері мен жаңа технологияларын зерттеуді, тиімділігін анықтап, оқу үдерісіне енгізумен ерекшеленеді.

Жаңа білім беру жүйесі дәстүрлі оқыту үдерісін түбегейлі өзгертуді және оқытудың жаңа технологияларын оқыту үдерісіне тиімділікпен енгізу жолын негіздейді. Бұл жаңа бағыт оқудың нәтижесін алдын-ала болжап және сол арқылы оқушылардың өзін-өзі дамытуға қатысуын мүмкін етеді. Жаңа педагогикалық технологиялар жүйесін қалыптастырған еңбектер мен зерттеулерде қазақстандық мектептердің болашағына игі ықпалын тигізер жолдар мен бағыттар да айқын танылады. Оқушыны білім беру үдерісінің нысаны ғана емес, сол үдеріске қатысушы маңызды субъектісі деп санап, оның ана тілінде терең ойлай алуы мен шебер сөйлеуін, сауатты жазу тілін дамытып, оқу барысында алған білімі мен игерген машық-дағдыларын өмірдің қажетті жағдаяттарына сай әрі дұрыс қолдана алатын дәрежеге жеткізу – жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мақсаты.

Осы мақсат дәстүрлі оқыту жүйесіндегі пассив объекті мен жаңа педагогикалық жүйелердегі белсенді субъектінің арасындағы басты айырмашылықты көрсетеді.

Қазіргі кезеңде сапалы нәтижеге қол жеткізудің уақыт пен тиімділігін көрсетіп жүрген бірнеше педагогикалық технологияның ішінде дамыта оқыту жүйесінің өзіндік орны анықталған.

Жаңа технологиялар ішінде дамыта оқыту теориясының ерекше атауға себеп болатын көптеген қыры бар. Оларды әдіснамалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік тұрғыдан тану арқылы ғана дамыта оқыту әдістемесін 5-сыныпта «Қазақ тілі» пәнін оқыту үдерісіне енгізіп, одан көздеген нәтижелер алуға болады.

Дамыта оқыту жүйесі қазіргі таңда ТМД елдерінің бірқатарында негізгі оқыту технологиясы ретінде бекітілгені белгілі. Ал қазақстандық білім беру жүйесінде бұл мәселе енді ғана күн тәртібіне қойылып, қолға алынып келеді. Осындай келелі мәселенің дамуын оң жүйелілікпен басқарудың жолы қазақ тілін дамыта оқыту әдістемесін арнайы зерттеу арқылы ғана айқындалады.

Зерттеу нысаны – 5-сыныпта қазақ тілі пәнін дамыта оқыту үдерісі.

Зерттеу пәні – 5-сыныпта қазақ тілі пәнін дамыта оқыту әдістемесі.

Зерттеу жұмысының мақсаты – мектепте қазақ тілін дамыта оқытудың ғылыми-теориялық, әдіснамалық негіздерін тұжырымдай отырып, әдістемелік жүйесін жасау; оның тиімділігі мен сапалылығын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

– мектепте қазақ тілін дамыта оқытудың әдіснамасын айқындап, ғылыми-теориялық негіздерін тұжырымдау;

– мектепте қазақ тілін дамыта оқыту әдістемесін жүйелік-құрылымдық тұрғыдан анықтау;

– мектепте қазақ тілін дамыта оқыту ұстанымдарын белгілеу;

– мектепте дамыта оқыту көзделіп отырған қазақ тілі бойынша берілетін білім мазмұнын анықтау;

– мектепте қазақ тілін дамыта оқыту әдістемесінің бағдарламасын ұсыну;

– мектепте қазақ тілін дамыта оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік жасайтын оқу-әдістемелік кешен ұсыну;

– мектепте қазақ тілін дамыта оқыту әдістемесіндегі ақыл-ойды кезеңдікпен қалыптастыру жүйесін анықтау;

– мектепте қазақ тілін дамыта оқыту әдістемесінде оқушыларға берілетін эмпирикалық білім мен теориялық білімнің өзара тепе-теңдігі мен сәйкестігін сақтай отырып, тәжірибелік жұмыс жүргізу, жұмыс нәтижелеріне талдау жасау.

Зерттеу болжамы. Егер мектепте қазақ тілін дамыта оқытудың ғылыми-теориялық және ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалып, ол дамыта оқытудың біртұтас әдістемелік жүйесі түрінде жүзеге асырылса; оқыту материалдарын дамыта оқытуды оқушының өзіндік әрекетіне негіздеп, олардың теориялық ойлауы мен тілін дамыта оқытудың арнайы әдістерін қолдануға басымдылық берілсе; күтілетін нәтиженің моделі 5-сынып оқушыларының даму қабілетіне сай іріктелінген білім мазмұнына негізделіп ұйымдастырылса, онда 5-сынып оқушысының теориялық ойлауы мен тілін дамыту мүмкін болып, түпкілікті нәтижесінде тілдік қабілеті жетілген жеке тұлға ретінде қалыптасу жолы анықталады.

Зерттеудің жетекші идеясы: мектеп оқушыларының теориялық ойлауы мен тілін дамытуда оқушыларға берілетін эмпирикалық білім мен теориялық білімнің өзара тепе-теңдігі мен сәйкестігі ескеріліп, эмпирикалық деңгей өз дәрежесінде ұйымдастырылып, ол келесі деңгейге өту сатысы дәрежесінде танылады, оқушының ойлауы жүзеге асып, білімі тереңдейді.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің әдіснамалық және теориялық-әдістемелік негіздерін айқындауда: талдау, жинақтау, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге, модельдеу, салыстыру, бақылау әдістері; тәжірибелік жұмыстар жүргізуге байланысты: бақылау, сауалнама, әңгіме, сұхбаттар алу, диагностикалық әдістер; зерттеу нәтижелерін қорытындылау барысында талдау, қорыту аналитикалық әдістері; жинақталған мәліметтерді сапалық және сандық тұрғыда сараптау, модельдеу, жинақтау әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– қазақ тілін оқыту әдістемесінде алғаш рет мектепте тілді дамыта оқыту жүйесі ғылыми-теориялық және әдіснамалық тұрғыдан негізделді; қазақ тілін дамыта оқыту арқылы оқушылардың теориялық ойлауы мен тілін дамытудың философиялық, іс-әрекет теориясы, психологиялық, лингвистикалық, дидактикалық, тәрбиелік бастау көздері жүйеленді;

– қазақ тілін дамыта оқытудың негізгі ұстанымдары анықталып, тұжырымдамасы жасалды;

– мектепте дамыта оқытудың түбегейлі мақсаттары жаңа білім мазмұнын, оны оқыту әдістерін анықтаудың негізіне оқушыны оқу әрекетінің субъектісі ретінде, әр түрлі мәдениет элементтерімен өз көзқарасы тұрғысынан диалогқа түсетін ой-пікірі бар автор ретінде, айналадағы дүниемен (табиғатпен, басқа адамдармен, өз-өзімен, т.б.) өз жасына лайық сауатты қарым-қатынас жасау біліктері бар әлеуметтік тұлға ретінде, адамзат тәжірибесінде қалыптасқан білім мен іс-әрекеттің дайын үлгілерін дәл игеріп, өмірге қайталап қолдана алатын құзырет иесі ретінде қарастыруды міндеттейтін қағида анықталып, ол мектепте қазақ тілін дамыта оқыту негізі ретінде танылды.

### **Оқыту үдерісіндегі жаңа технологиялар**

Мектепте қазақ тілін оқытудың мақсатына сай дәстүрлі дидактикалық ұстанымдар: оқытудың өмірмен байланыстылығы ұстанымы, оқу материалының ғылымилық ұстанымы, оқушылардың танымдық мотивациясын қалыптастыру ұстанымы, оқушының саналылықпен, белсенділікпен білім алу ұстанымы, оқушының жас, дара ерекшелігін ескеру ұстанымы, түрлі әдістер мен тәсілдердің, көрнекілік пен оқыту құралдарының үйлесімді қолдану ұстанымы, білімнің беріктілігі ұстанымы, оқытудың оқушыны тәрбиелеу ұстанымдары алынды. Дидактиканың аталған дәстүрлі ұстанымдарымен бірге дамыта оқытудың өзіндік ұстанымдары жүйесі айқындалды: Оқу әрекетін қалыптастыруды оқушы дамуының басты шарты ретінде қарастыратын дамыта оқыту қағидасы; білімнің теориялық деңгейін көтеру; ойлаудың барлық түрлерін диалектикалық бірлікте дамыту; мазмұнның интегративті сипатын сақтау; оқушыны жасына қарай ұжымдық іс-әрекетке түсіру; мәдени-танымдық ұстанымдары. Осы ұстанымдар негізінде дамыта оқыту тұжырымдамасы, әдіс-тәсілдері, құралдар, сабақ пен сабақтан тыс жұмыстардың құрылымы, 5-сынып оқушыларының ізденімдік қабілетін дамытуға арналған

басқа да жұмыс түрлері анықталды.

Мектепте дамыта оқытудың түбегейлі мақсаттары жаңа білім мазмұнын, оны оқыту әдістерін анықтаудың негізіне оқушыны оқу әрекетінің субъектісі ретінде, әр түрлі мәдениет элементтерімен өз көзқарас тұрғысынан диалогқа түсетін ой-пікірі бар автор ретінде, айналадағы дүниемен (табиғатпен, басқа адамдармен, өз-өзімен, т.б.) өз жасына лайық сауатты қарым-қатынас жасау біліктері бар әлеуметтік тұлға ретінде, адамзат тәжірибесінде қалыптасқан білім мен іс-әрекеттің дайын үлгілерін дәл игеріп, өмірге қайталап қолдана алатын құзырет иесі ретінде қарастыруды міндеттейді. Сондықтан дамыта оқыту логикасында оқушының зияткерлік дамуы (оқу әрекеті арқылы), іскерлігі (дағды, құзыреттілік қалыптастыру арқылы), адамгершілік-этикалық (балалар бірлестігіндегі ұжымдық еңбек, қарым-қатынас) және рухани тәрбиесі (өз халқының мәдениетінің иесі, басқа мәдениеттер құндылығын түсіну) мақсаттары біртұтас педагогикалық үдеріске ерекше үйлесімділікпен синтезделіп, солардың жүзеге асырылу желісі мен тетіктері және жүзеге асырылу ізі қамтамасыз етілетін мектепте қазақ тілін дамыта оқыту тұжырымдамасын жасау зерттеу мәселесін тиімді шешуге мүмкіндік берді.

Оқу үдерісінің іс-әрекет жағдайына, мектептегі сабақтардың осы жүйеге көшуі жүзеге асқанда және өзіне тән ұстанымдардың кешенділігін, бір-біріне байланыстылығын, үйлесімділігін қамтамасыз еткен жағдайда ғана іске асырылады. Тілді дамыта оқыту нәтижесінде:

– тілдік құзыретті – негізгі ұғым қалыптасқан, өтілген емле ережелеріне сай сауатты және көркем жаза алатын, тілдік фактілерді ажыратып, талдай алатын және оларды топтастыра, салыстыра білетін, мәтін құрауда өтілген тілдік фактілерді пайдалана алатын, түрлі өмір жағдайында қажетті сөздерді орынды пайдалана білетін;


– қатысымдық құзыретті – сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін (тыңдалым, оқылм, сөйлесім, жазылм, тілдесім) өзара бірлікте меңгеретін, сөйлеу ортасына, сөйлеу мақсаты



мен тақырыбына сәйкес диалог, монолог құрай алатын, түрлі жағдаяттарда әңгімелесе, пікірлесе, өз ойын түсінікті жеткізе алатын;

– мәдени-танымдық құзыретті – ұлттық салт-дәстүрді, ана тілін құрметтейтін, өзінің өмір салтында ұлттық және жалпыадамзаттық әдеп нормаларын ұштастыра қолданатын білімді оқушы бейнесі көрінеді.

Осы аталған тілдік, қатысымдық, мәдени-танымдық құзыреттердің негізінде «Қазақ тілі» пәнінен берілетін білім мазмұны қажетті тілдік білім, білік, дағды жүйесін меңгертуді және мәселелерді шешу, ақпараттық, қатысымдық шешуші құзыреттіліктерді қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Осының нәтижесінде қазақ тілін дамыта оқыту барысында қол жеткізу көзделіп отырған 5-сынып оқушысының моделі ( 1-сурет) жасалды.




1-сурет – 5- сынып оқушысының моделі.

### Дамыта оқытудың басқа білім беру технологияларынан айырмашылығы

Дамыта оқытудағы сабақ құрылымының дәстүрлі қалыптасқан сабақ құрылымына қарағанда көптеген ерекшеліктері бар. Оқушының оқу-танымдық әрекетінің психологиялық құрылым ерекшеліктеріне байланысты сабақ үш кезеңге сай ұйымдастырылады:

1. Мотивациялық-бағдарлау кезеңі (мотивациялық-даярлық әдістері қолданылады).
2. Орындаушылық кезең (оқу-танымдық, ізденім, ішінара зерттеу, мәселелік әдістер қолданылады).
3. Рефлексиялық-бағалау кезеңі (өзіндік бақылау – өзін-өзі бағалау әдістері).

### Оқыту технологиясын жасау жолдары



## 5- сыныпта қазақ тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері

5-сыныпта қазақ тілін оқыту барысындағы тілдің түрлі заңдылықтарын, тіл мен сөйлеудің ерекшеліктерін, өздерінің қазақ тілінің иегері ретіндегі, яғни, тіл тасушысы ретіндегі болмыстарын танытуға арналған және дидактикалық міндеттермен ұштасып жататын – танымдық міндеттер. Танымдық міндеттер, негізінен, дидактиканың мазмұнына, ал ұйымдастырушылық пен аксиологиялық міндеттер – тәрбие саласына енетіні белгілі. Бұл жерде дидактиканың тәрбиемен тікелей байланыстылығы – сөз бен тілдің біз ұстанып отырған бағыттағы негізгі тәрбие құралы болып отырғанымен танылады.

Оқушының жеке тұлғасын арнайы тілдік жағдаяттар ұйымдастыру арқылы және адамзатқа ортақ адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу мәселесі негізгі болады. Осы мәселелерден тілдік-мәселелік жағдаяттар туғыза отырып, оқушылардың сол жағдайлардан және қойылған мәселеден шығу барысындағы тілдік шешімдер тілдік және тәрбиелік жағынан дұрыс болуы қадағаланады. Мысалы, мынадай тапсырмалар орындау ұсынылады: 1. Алыс сапарда танысқан досыңа өз елің – Қазақстан туралы әңгімеле.

2. Көшеде сені бір тележурналист тоқтатып: «Қазақ ұлттық ойындары туралы не білесің?» – деп тосын сұрақ қойса, қалай жауап берер едің?

Бұл жағдайда балалар әрі тосын, әрі қызықты күйді басынан кешіреді. Мұндай сауал олардың ойына қозғау салып, белсенділіктерін арттырады. Бір жағынан, бала өз ойын дәлелді білдіру үшін тиісті сөздерді іріктейді, екінші жағынан, оны жеткізудің жолдарын қарастырады. Сөйлем түрлерінің қайсысын қалай қолдану жайын сараптап, сөзін жүйелейді. Өз сөздерінің қайда, кіммен, не үшін айтылуына қарай өзгешеленетінін бағамдайды.

Демек, мұндай тілдік жағдаяттар оқушыларды тапсырманы шешудің жалпы тәсілдерін өз бетінше таба

білуге, өздік шығармашылық жұмыстарды сапалы орындай алуға, рефлексия мен өзін-өзі басқара алуға, логикалық ойлау заңдылықтарын қолдана алуға, өзгелермен бірлесе жұмыс жасай алуға, өзінің әрекетін дұрыс бағалап, бақылай алуға тәрбиелейді.

### Дәстүрлі емес сабақтардың мақсаттары мен міндеттері

мақсаты	міндеті		
білімділік	дамытушылық	тәрбиелік	
Ойлау қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Сөздік қорын байыту.	Танымдық белсенділігін арттыру. Өз бетінше жұмыс жүргізу және ой қорытуға дағдыландыру. Ізденімпаздыққа үйрету.	Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, ұйымшылдыққа, жолдастық көмек беру және қарым-қатынасқа үйрету.	Оқушы қызығушылығын ояту. Тақырыпты толық меңгеру. Алған білімдерін өмірде қолдана алуға үйрету. Сөйлеу мәдениетіне төселдіру.

Тілді дамыта оқытудың әдістері мен тәсілдерінің негізін мына тұжырымдар құрады:

1. Теориялық білім мен соған қатысты біліктіліктер арнайы оқу тапсырмалары арқылы меңгертіледі.

2. Мұндай оқу тапсырмалары жалпы ұғымдар қалыптастырудың жолы мен әдістерін меңгертудің көзі болып табылады.

3. Баланың оқу-танымдық әрекетінің белсенділігі, дербес әрекеті оқу тапсырмалары негізінде ұйымдасады.

Демек, оқу тапсырмалары бала үшін тек қана білім мазмұнын бекітудің, меңгертудің жолы ғана емес, белгілі бір ойлау механизмдері мен әдістері негізінде игерілетін нәтижеге жетудің жолы болып табылады.

5-сынып оқушысының тіл туралы теориялық топтастырылған ұғымын қалыптастыруда таным нысаны оқушы тарапынан шығармашылық тұрғыдан меңгерілуі басты шарт. Сондықтан да 5-сынып оқушыларының тілі терең теориялық әдістер арқылы танып білуде әдістер былайша жіктеліп берілді:

**Тілді теориялық деңгейде оқыту әдістері:**

<p><i>Перцептивтік қырынан анықтау:</i> тілдік әдістер: әңгімелесу, түсіндіру, баяндау, сұхбаттасу, кітаппен жұмыс; көрнекілік әдістер: иллюстрация, демонстрация, бақылау жасау; практикалық әдістер: жаттығу, тапсырмалар, лингвистикалық есептер, тілдік эксперимент</p>	<p><i>Логикалық қырынан анықтау:</i> анализ, синтез, салыстыру, топтастыру, нақтылау, дәлелдеу, анықтама беру, аналогия, дедукция, индукция, модельдеу</p>	<p><i>Танымдық қырынан анықтау:</i> ақпараттық мәлімет беру, эвристикалық әдістер, ізденім-зерттеу әдістері, көрнекілік-ақпараттық әдістер, практикалық-ақпараттық әдістер</p>	<p><i>Психологиялық қырынан анықтау:</i> рефлексиялық әдіс, зейін, ес пен жадыны дамыту, қиялы мен қабылдауын дамыту, ойлауы мен сөйлеуін дамыту, тыңдауын дамыту.</p>
---	--	--	--

**2-сурет. 5- сынып оқушыларын тілдік ұғым жасауға дағдыландыруға арналған теориялық әдістер жіктемесі.**

Тіл материалдарын меңгертуде орындалатын оқу әрекеттерін жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі арқылы анықтайтын болсақ, онда орындалуы тиіс жаттығулардың білімдік және тәрбиелік, дамытушылық мазмұнының сапасына қойылатын талаптар да жоғары болатыны анық.

Сол себептен мектепте тілді меңгертуге арналған жаттығулардың деңгейлік ерекшеліктері грамматикалық-тілдік, танымдық, тіл дамыту, рефлексиялық жаттығулар түрінде берілді.

Грамматикалық-тілдік жаттығуларды орындау барысында 5 сынып оқушылары мынадай ізденімдік-зерттеу міндеттерін шешеді: сөйлемге байланысты тілдік қозғалыстар мен өзгерістерді бақылайды; сөйлемнің айтылу мақсаты мен құрылымына қарай бөліну қасиетін анықтау үшін тілдік бақылаулар жүргізеді; сөйлем құрауға қатысатын сөздердің

тіркесімдік табиғатын тану мақсатында талдау жасайды; сөйлемге синтаксистік талдау жасайды.

Тіл дамыту жаттығуларында тілден – сөйлеуге қарай, сөйлеуден - тілге қарай үйрету жолы ұстанылады. Тілден сөйлеуге қарай үйрету жолын ұстанғанда, синтаксис жүйесінің ішкі тақырыптарын меңгерту сабақтарынан тіл дамыту жұмыстары ажыратылмай жүргізіледі. Ал сөйлеуден тілге қарай жүру сызбасы бойынша арнайы тіл дамыту сабақтары өткізіліп, онда «мәтін», «стилистика», «стиль» сөйлеу тілдерінің формалары деген ұғымдармен тығыз байланыс ұсталынады. Тілдік құралдардың барлығы өзінің шынайы қызметін, болмыс-табиғатын синтаксис деңгейінде айқын көрсете алады.

Оқушылардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігін арттыруға байланысты жасалған жаттығулар жүйесі оқушының мұғалімнің бағыт-бағдар беріп отыруы арқылы өзбетімен орындайтын танымдық қызметіне сүйенеді. Оқушылардың түйсіну, қабылдау, ес, қиял, зейінін теориялық білім алу барысында дамытуда, жеке басының эмоциялық ерік сапаларын – ерік, сезім, психикалық қасиеттерін – темперамент, мінез ерекшеліктерін адамгершілік, гуманистік бағытта дамытуда ойын-жаттығулар, грамматикалық ребустар, танымдық викториналар, графикалық модельдер жасатуға үйрету жаттығулары ерекше орын алады.

Ойын-сергіту жаттығуы «Сатымен кім тез көтеріледі?»

Ойынның шарты: Тақтаға не қағазға саты сызылып, оның сол жағына лепті сөйлемнің көңіл-күйді білдіретін түрлері, ал оң жағына сөздер мен сөз тіркестері жазылған. Тиісті көңіл-күйді білдіретін сөзді тауып, қасындағы сөздермен байланыстырып лепті сөйлем құрап айтып шығып, сатының басына тез көтерілу керек.

Қуаныш		әкем келді!
Бұйыру		тезірек!
Өкіну		кеше келсемші!
Таңдану		әдемі сурет!

Рефлексиялық жаттығулар оқушыны саналы, мазмұнды ойлау, сөйлеу әрекетіне жетелейді. Оқушы өзінің біліміне сын көзбен қарап, қатесін анықтап, өзіне баға беруге үйренеді. Рефлексиялық жаттығулар мәселелік жағдаятқа ұқсайды да, белгілі бір тапсырмаларды орындауда оқушы ойлану, іздену жолынан өтеді. Рефлексиялық жаттығулар көп жағдайда мәтін арқылы жүзеге асады. Үлгі ретінде бір жаттығу үлгісін ұсынып отырмыз:

Өзімді-өзім сынаймын

- Жай сөйлемнің қандай түрі болса да сөйлем мүшесіне мүдірмей талдап бере аламын. Кәне, айта қойыңдаршы сөйлемдеріңді!- дейді Миртай.

Балалар оған төмендегідей әр түрлі сөйлемдерді ұсынады:  
1. Іздеген мұратына жетеді. 2. Әлемнің жарығын сыйладың сен маған. 3. Бала күн астындағы Күнекей қызды іздей жөнелді. Ерлан былай талдады:

-Алдымен сөйлемнің баяндауышын табамын, баяндауышы арқылы бастауышын тауып, сонан соң тұрлаусыз мүшелерді анықтаймын. Бұл сөйлемнің баяндауышы – сыйладың, бастауышы – сен. Кімге сыйладың? – маған – тұрлаусыз мүше. Нені сыйладың? – жарығын- тұрлаусыз мүше.

Тұтасынан алғанда, бұл – хабарлы, жайылма сөйлем.

- Миртай өзін-өзі қалай сынады? Сендер де өздеріңді өздерің осылай сынап көріңдер.

Міндеті: жай сөйлемнің түрлерін сөйлем мүшелеріне талдау жолдарын меңгерту. Нәтижесі: оқушы сөйлем мүшелеріне талдау арқылы өзін-өзі сынауға үйренеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәртебесіндегі қазақ тілі – қазақ халқының барлық тарихы мен мәдениетін кумулятивтік қазынасында сақтап келген, болашағына аманат етіп тапсыратын барлық ақпаратты бойына жинап алған теңдесі жоқ жүйелі тіл. Осындай мұраны оқып-игеріп, өзінің өмірінде тірек етіп, оны келер болашаққа алып бару міндеті – қазіргі мектепте отырған, әсіресе, 5- сынып оқушыларына жүктеліп отырғаны белгілі. Қазіргі оқушылар осыдан 6-7 жыл бұрынғы оқушылардан

мүлде өзгеше. Оған дәлел – Қазақстан Республикасының рәміздері, ұлттық мерекелер, тарихи аталып өтілетін даталар – қазіргі мектепте отырған балалардың санасында берік орныққан құбылыстар.

Осындай игілікті жайды онан әрі дамыту мен өркенін жайғызу міндеті қазақ тілін қазақ баласына ана тілі ретінде, жаңа заман талабымен ұштастырып, дүниежүзілік тілдерді оқыту әдістемелерімен байланыстырып оқытатын жаңа педагогикалық технологияларды жасау, оны оқу үдерісіне енгізу міндеті уақытылы және сапалы шешілгенде ғана мүмкін болады.

Қазақ мектебінің қазіргі кездегі бастауыш сыныптарында оқитын жас өркен ұрпаққа бүгінгі күн көзқарасымен емес, Л.С.Выготский айтқандай, «Ертеңгі күні бүршік жарып, ертеңгі күні жеміс берер алма ағашындай қарау» – дамыта оқыту технологиясының басты қағидасы зерттеу жұмысының тұтас логикасында сақталынып отырды. Дегенмен дамыта оқытудың өзіндік ерекшеліктері ғылыми-теориялық бөлімде терең талданып, сол негізде арнайы білім мазмұны іріктелініп, арнайы жаттығулар жүйесі жасалынып, арнайы оқу-әдістемелік кешен қолданылып, қазақ бастауыш мектебі оқушыларының теориялық ойлау қабілетінің биік әрі кең екендігіне көз жеткізіліп, дамыта оқыту жүйесінің өзіне тән әдістемелік қоры мен базасы жасалуы керек екендігі анықталды.

Зерттеу жұмысы бойынша мынадай қорытынды тұжырымдар жасалынды:

1. Дамыта оқыту жаңа педагогикалық технологиялардың ішінде білім мазмұны мен білім үйрету үдерісіне, оқушының, мұғалімнің жеке тұлғалық болмысына тереңнен назар аударуды қажет ететін, тіпті талап ететін ерекше білім беру жүйесі болып табылады.

2. Мектепте қазақ тілін дамыта оқыту әдістемесін тәжірибеге кеңінен енгізу өмірдің өзіндік талаптарынан туындап отыр, өйткені қазіргі кезең – болашақтың жаңа сұрлеуі. Ол жолдың барлығында қазіргі бала, келешек ересек

адам өз бетімен білім іздей алатын, өзіндік шешімдер жасай алатын, өзінің жеке тұлғалық болмысын тани алатын, сол арқылы өзгені де өзіндей құрметтей алатын қазақ азаматы деп танылады.

Осындай жеке тұлғаны қалыптастыру – оқушының ана тілі болып саналатын қазақ тілін дамыта оқыту әдістемесінің басты өзегі ретінде анықталды.

Әдебиеттер:

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан–2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997. –256 б.

2 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. – Астана: Ақорда, 2007. –№319-III ҚРЗ. www.edu.gov.kz.

3 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Егемен Қазақстан. –2003. –№332-333

4 Жұбанов Қ. Тіл ғылымы жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. –221б.

5 Рахметова С. Қазақ тілі әдістемесінің теориясы мен технологиясы.– Алматы, 2007. –184 б.

#### **Развитие изучения казахского языка научно-методологической основы в 5-классе**

Автор эту работу посвятил изучению вопроса эффективности новых технологий в области образования, обучения и развития, эффективности обучения.

Ключевые слова: развитие теории обучения, учебный процесс, внедрения новых технологий.

#### **Development of study of Kazakh of scientifically - methodological basis is in 5-class**

An author devoted this work to the study of question of efficiency of NT in area of education, educating and development, efficiency of educating.

Key words: development of theory of educating, educational process, introduction of NT.

ӘОЖ 81:37.016

**Қ.ТАСҚЫНБАЕВА,**  
химия-биология бағытындағы  
Назарбаев Зияткерлік мектебі.  
Шымкент қаласы

## **ТІЛДІК ҚАТЫНАС БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ**

Мақалада тілдік қатынас барысында оқушылардың тыңдалым дағдысын дамыту жолдары, оқытуды оңтайландыру, қазақ тілін оқыту жұмыстарын жандандыру жайы қозғалған.

Түйін сөздер: тілдік қатынас, тыңдалым дағдысы, қазақ тілін оқыту.

Еліміздің Білім туралы Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» екендігі айтылған. Осыған орай мемлекетіміздің білім беру жүйесінің құрылымдық мазмұнына оңтайлы өзгерістер енгізіліп, оны халықаралық талаптар деңгейіне жеткізу тұрғысында қыруар жұмыстар атқарылуда. Осынау елеулі өзгерістер білім беру саласының қарқынды дамуына игі әсерін тигізіп келеді. Мұның жарқын дәлелі ретінде білім саласында кеңінен қолданысқа еніп жатқан оқытудың жаңа технологияларын атауға болады.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай жаңа білім беру өте

қажет», – деп ел Президенті атап көрсеткендей, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды мектеп өміріне кеңінен енгізу – жаңаша білім берудің бірден-бір шарты.

Оқыту технологиясы – бұл, бір жағынан, оқу ақпаратын дайындау, өңдеу, әдіс-тәсілдерінің жиынтығы болса, екінші жағынан, ұстаздың шәкіртіне оқыту үдерісінде қажетті технологиялық және ақпараттандыру құралдарын пайдалана отырып ықпал ету тәсілдері.

Оқыту үрдісін оңтайландыру, соның ішінде қазақ тілін оқыту жұмыстарын жандандыру – ұдайы жалғасып, дамып отыратын жұмыс. Қазіргідей ақпараттық технологиялар мейлінше қарыштап дамыған тұста, оның озық үлгілерін қазақ тілін оқыту барысында да тиімді пайдаланудың маңызы орасан зор. Сондықтан қазақ тілін оқытуда тек жазба мәтіндермен шектеліп қалуға болмайды.

Өкінішке қарай, біздің бұрынғы тәжірибемізде тыңдалым дағдысына жеткілікті мән берілмейді. Вокзалда, әуежайда, кез келген мекемеде радиорубкамен айтылған хабарландыруға көпшілік өз көзімен көріп немесе оқымайынша сене бермейді. Берілген хабарламаны бір-бірінен қайталап сұрап, нақтылығына көз жеткізіп жататыны жиі байқалады. Сол себепті қазіргі білім саласында, әсіресе тілдік пәндерді оқытуда «тыңдалым» дағдысына баса назар аударылып отыр.

Тыңдалым, яғни, аудирование – соңғы жылдары көп сөз болып жүрген және оқу үдерісінде кеңінен орын алған маңызды сөйлесім әрекетінің бірі. Тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «есту арқылы түсіну». Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғымды білдіреді.

Біз тыңдау арқылы қоршаған ортада орын алып жатқан оқиғаларжайында ақпарат алумен бірге, дүниетанымымызды, тілдік қорымызды байытып, қабылданған ақпаратқа талдау

жасап, өз пікірімізді білдіреміз. Сол себепті де тіл үйренушіге тыңдау арқылы тіл үйретудің тиімділігі зор. Тыңдалым оқушының сөйлеу әрекетінің дамуына серпін бере отырып оқытуды қамтамасыз етеді. Оқушы тыңдалым арқылы жаңа тілдік, сөйлеу және елтанымдық материалдармен танысып, сөйлеу әрекетінің барлық түрлеріне қатысты дағдысы мен шеберлігін дамытады. Тыңдалым дағдысы арқылы оқушының белгілі мәтіндегі негізгі ойды түсіне білуі, ақпараттың маңызы мен мағынасын анықтай білуі және түсінгенін іс жүзінде қолдана алуы бағаланады.

Тілді оқытудағы тыңдалым дағдысының басты мақсаты аудиожазбаның мазмұнын түсінуге, белгілі бір ақпаратты қабылдауға, мәтін бөлімдерін түсінуге, айтылған ойды толық түсінуге, сөйлеушінің сөзін еш қиындықсыз ұғынуға, БАҚ пен теле-радио бағдарламаларын еркін түсініп қабылдауға, таныс және беймәлім тақырыптағы сөйлесімнің негізгі ойын түсінуге, т.б. үйрету болып табылады.

Өз тәжірибемізде тыңдалым дағдысына арналған төмендегі белсенді жұмыс түрлерін жиі пайдаланғандықтан, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде қазақ тілін оқытуда олардың өте тиімді әрі нәтижелі екеніне көз жеткіздік.

**1. «Айқайлап диктант оқу».** Сынып оқушылары екі топқа бөлінеді. Бірінші топ оқушылары мәтінді айқайлап оқиды. Екінші топ оқушылары өзіне қарама-қарсы тұрған оқушыны тыңдап, диктант жазуға тырысады. Осы арқылы оқушылар ерікті зейінді қалыптастырады, әрі өмірге бейімделеді.

**2. Суреттеу.** Оқушылар аудиожазбаны (сөздік, диктант) тыңдай отырып, мағынасына қарай сөзді суретпен бейнелейді. Осы арқылы оқушылардың зат пен атауды байланыстыра алу қабілеті қалыптасады.

**3. «Дұрыс – бұрыс» әдісі.** Оқушылар аудиожазбаны тыңдап, өздеріне ұсынылған пікірлердің дұрыс-бұрыстығын анықтайды. Осы арқылы оқушының тыңдалым дағдысы мен өзіндік көзқарасы қалыптасады.

Аудио тұжырымы	А Оқиға жаз мезгілінде болды	Б	В
Оқушы пікірі	+	-	-

**4. «Сәйкестендіру» әдісі.** Оқушылар мәтінді екі рет тыңдайды. Олардың алдына жазбадағы сөйлеушілердің айтқан пікірлері таратылады. Оқушылар сөйлеуші мен оның сөзін сәйкестендірулері керек. Бұл әдістің белгілі бір ақпаратты қабылдау дағдысын дамытудағы маңызы үлкен.

	Пікірлер реті		
№1 тыңдалым материалы	3	1	2

**5. Синонимдерді тап.** Оқушыларға бірнеше сөздер ұсынылады. Олар тыңдалған мәтіндегі осы сөздердің синонимдерін тауып, жауап парағына белгілеулері керек. Осы арқылы оқушылардың тыңдау әрекеті мен сөздік қоры дамиды. Айталық, мәтінде «жанар» деген сөз болуы мүмкін, сіз тапсырманы бергенде мәтіннен «көз» сөзіне синоним табуын сұрайсыз.

**6. Болжау стратегиясы.** Тапсырма: «Алдар Көсе – өнер күші» мультфильмінің бастапқы бөлігін көріп, аяқталуын өздеріңіз болжап, ерекшелігін кестеге толтырыңыздар.

Болжау кестесі:

Мәтін бөлімдері	Қандай мәселе көтеріледі? (не болады?)	Шындығында қандай мәселе көтерілді? (не болды?)
	2 сөйлемнен кем емес болжау	2 сөйлемнен кем емес ақпарат

**7. «Төрт сөйлем» тәсілі.** Белгілі бір тақырыпқа мәтін тыңдап, топтар төмендегі 4 тапсырманы орындаулары тиіс:

1. Пікір. Тыңдаған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазыңыздар.

2. Дәлел. Пікірлеріңізді бір сөйлеммен дәлелденіңіздер.

3. Мысал. Оны өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіздер.

4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыздар.

**8. «ПОПС» формуласы.** Мысалы, белгілі бір тақырыптағы мәтінді тыңдағаннан кейін, оқушылар өздерінің ойларын жүйелі жеткізіп, пікір айтып, бірін-бірі бағалайды.

«ПОПС» формуласы

- Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ... »
- Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»
- Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»
- Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Енді өзіміздің іс-тәжірибемізде қолданған сабақ мазмұнына қысқаша шолу жасап көрейік. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі 7-сыныптың қазақ тілі пәні оқытылатын топтарында «Адамның сырт келбеті мен мінезі» деген тақырып бойынша тыңдалым дағдысын анықтау үшін мынадай тапсырма түрлерін қолдандық.

Тақырып бойынша күтілетін нәтиже:

- 1) қазақтың ұлттық киімдері туралы түсінік алады;
- 2) адамның жақсы, жаман қасиеттерін ажыратады;

3) сөздердің лексикалық мағынасын ашады;

4) ертегінің, мультфильмнің негізгі идеяларын түсініп, сыни көзқарастарын білдіре алады.

Тапсырмаларды орындамастан бұрын оқушылар «10 тақия» мультфильмін тамашалайды. Мұғалім оқушыларға алдын ала неге жіті назар аудару керектігін атап айтады. Мысалы: кейіпкерлердің киімдеріне, сөйлеген сөздеріне, үй жиһаздарына, мультфильмнің құрылымына, т.б. Содан соң интерактивті тақтадағы слайдтар арқылы тапсырмалар беріледі.

Тыңдалым дағдысы бойынша тапсырмалар берген кезде сын тұрғысынан ойлауға байланысты сұрақтардың қамтылуы өте маңызды. Мұндай сұрақтар оқушылардың өзіндік көзқарасын, ойын, дүниетанымын дамытуға септігін тигізеді. Мысалы, «Өзің Алдар Көсенің орнында болсаң, не істер едің?» деген тәрізді сұрақтар баланы сын тұрғысынан ойлауға жетелеп, өздігінен ой өрбітуге төселдіреді.

Әдепкі тапсырмаларымыз оқушылардың өздері тамашалаған мультфильмнің тақырыбы мен идеясын түсініп, талқылауына жол ашса, келесі тапсырмамызда ертегі тыңдау арқылы мәліметтерді түсініп, болжауға дағдыланады.

Келесі тапсырма түрі – оқушылардың өздеріне диалог жаздырып, ашық сұрақты өздеріне қойғызу және сол сұраққа жауап алу. Мұндай тапсырма түрлерін мұғалім оқу жоспарында көзделген оқу мақсаттарына сәйкес және өзінің кәсіби шеберлігіне байланысты түрлендіріп қоюы мүмкін.

Қорыта айтқанда, тілдік білім беру жалпы өркениеттік деңгейдегі нәтиже ретінде білім алушыда

(тіл үйренушіде) өмірге деген жаңа көзқарасты қалыптастыруды, ақпараттық мәселелерге толы өмірде жұмыс істей білуге даярлығы мен қабілеттілігін қалыптастыруды, ұжым өкілдерімен түрлі формаларда қарым-қатынас жасай білуді және қажетті шешім қабылдай білуді, оны бәсекеге қабілетті жан-жақты дамыған жеке тұлға ретінде қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер:

1 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. -Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005 жыл.

2 Тілді меңгерудегі халықаралық стандарттары негізінде «Балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінде мемлекеттік тілді үздіксіз оқытуды енгізудің әдістемелік негіздері», әдістемелік құрал. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, -Астана, 2013 ж. [www.korkyt.kz/Docs/aitpash\\_aigul.do](http://www.korkyt.kz/Docs/aitpash_aigul.do)(электронды ресурс).

3 10-11-сыныптардағы «Қазақ тілі» (Т2) пәнінің жаңартылған мазмұны бойынша дидактикалық материалдар. Әдістемелік құрал. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, -Астана, 2014 ж.

4 Көкшетау қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің бірігіп шығарған «Қазақ тілін оқытудың жаңа әдістері» жинағы, 2013ж.

5 <http://kaztube.kz/ru/video/98673>



**Р.БЕКМОЛДИНА,**  
**Айыртас негізгі орта мектебі.**  
Қарағанды облысы,  
Ақтоғай ауданы

## **ТІЗБЕКТЕЛГЕН САБАҚТАР ТОПТАМАСЫНА БАҒДАРЛАМАНЫҢ «ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ СӘЙКЕС ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚУ» МОДУЛІ ҚАЛАЙ ЖӘНЕ НЕГЕ ЕНГІЗІЛДІ**

Мақалада оқушыларды жас ерекшеліктеріне сай оқыту мәселесі қарастырылған. Нақты мысалдар мен нәтиже сабақтар көрсетілген.

Түйін сөздер: оқыту модулі, сабақтар топтамасы, жас ерекшелігі, бағдарлама.

Ғұламаға біреу келіп: -Мен әке атандым, баламды тәрбиелеуді қашан бастасам екен, -дейді.

-Дүниеге келгеніне қанша уақыт болды?

-Үш күн болды.

-Онда бақандай үш күн кешіктің, -деген екен.

Аталған модульдің идеясы осында жатыр. Абай «Жегінші қарасөзінде»: -Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұл – тән құмарлығы. Біреуі – көрсем, білсем демеклік. Бұл – жан құмарлығы, -депті. Әлем теоретиктері бұл үдерісті

– танымдық даму (метасана) дейді. Бұл тақырыптан оқушылар 3 жастағы бала мүмкіндік жасалған жағдайда өзінің оқуына асқан жауапкершілікпен қарауға қабілетті екенін түсінеді. Оның бала көзқарасы, сана-сезімі қалай дамып жатқанын анықтап, бағыттап отыру керек. Баланың дамуына жағдай туғызуы қажет. Уотсон ішкі тәжірибені бақылауға болмайтындықтан тиісті түрде зерттеу мүмкін емес, сондықтан зертханалық эксперимент жасау керек,- дейді. Нәтижесінде «Түрткі реакция» әзірленді. «Өзін-өзі реттеу» тапсырмасына байланысты 3-6 жастағы балаларды зерделегенде осыған көз жеткізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі болғандықтан, тапсырма пәнге бейімделіп алынды. Санаға енген ақпараттың қаншалықты өңделіп, жұмыс жадысында көрінетіні зерттелді. Зерделеуге хайуанаттар жайындағы «Түлкі мен тырна» ертегісі тандалды. Ресурсқа қолда бар ертегі кітап суреті, тырна, табак, құмыра және түлкі макеті пайдаланылды. Зерттеу нысанына шағын орталықтың 3 жасар тәрбиеленушісі және даярлық тобынан 5 жастағы тәрбиеленуші ұсынылды. «Айгөлек» шағын орталығындағы тәрбиеленуші тұмауратып жатқандықтан үйінде кездесу ұйымдастырылды.

Қорды пайдаланып, ертегі әңгімеленді. Не түсінгендерін мазмұндауға аға тәрбиеші тәрбиеленушінің әкесімен сөйлесім құрды. Оқушы әңгімелей алмай, тәрбиешісі көмектесті. Бірақ кейіпкерлердің іс-әрекетін есіне сақтапты. Мысалы: «Тырна - суда, түлкі – далада өмір сүреді. Түлкі – табакқа, тырна – құмыраға ас әзірледі».

Ертегіні талдауда тәрбиеленушінің семантикалық жадынан көптеген ақпараттар алынды. «Тырна да, түлкі де аш қайтты. Қонақтар аш қайтпайды. Анам қонаққа шелпек, бауырсақ, ет дайындайды. «Төрлетіңіз»-дейді. Мен «сәлеметсіз бе?»- деймін, т.б. Бұл жерде оқушылардың ертегі түсінудегі өзіндік метасанасына сүйеніп алынған ақпаратты

ойлап, бағалап, талдап, синтездеген шешімдері бақыланды.

Не үйренді? Оқушы жаңа ақпарт (ертегі) алды, сөздік қор жинады. Ұғымы кеңейді: тырна – су құсы; түлкі қырда мекендейді. Қонақты дұрыс қарсы алу керек.

5-6-сыныптарға өткен алғашқы сабақтардың бірінде ауызша кері байланыс болды. Сонда оқушылар оқытудың жаңа тәсілдері туралы: -Біз білімді өзіміз оқып, түсініп, талдаумен алдық, - десе, бір оқушы: - Жоқ, мұғалім, олай емес. Егер сіз бізге тапсырма беріп, орындауға жағдай жасап, бағыттамасаңыз, біз бос паракқа қарап отырар едік, -дейді. Демек, ендігі сабақтар үнемі «Түрткі-реакция» әрекетімен жүзеге асады. Торндайктің оқу теориясы мен Скиннердің «оперантты шарттылық», яғни, адамдардың лайықты іс-әрекетіне ынталандыру, тоқтатылуы қажет мінез-құлықты елемеу немесе жаза қолдану теориясына сүйенеміз. Оқытудағы бихевоистік тәсіл тәжірибеде осы тұрғыда қолданылды.

Оқытудағы танымдық тәсіл туралы ғалымдар (Пиаже, Пиaget, Монтессори, Выготский) кіші жастағы балалар дәл өзін қоршаған ортамен және адамдармен әрекеттесу кезінде оқу және даму жүзеге асады деп сендірген. Жан Пиаже ортаның әсерінен ішкі танымдық құрылымда өзгерістер болатынын мойындаған. Ол психикалық дамудың төрт сатысын: сенсорлы-моторлық, шапшаңдылық алдындағы, шапшаңдылықты, шапшаңдылықтан кейінгіні айқындады.

«Сыни тұрғыдан ойлауды бағалауды» (8-тапсырма) алуға болады. Оған 5,6,7,8-сынып оқушылары тұтас қатысты. Құбылмалы жастағы оқушыларды топтастыру қиындау болды. Дегенмен әзер біріккен «Болашақ»

тобының жұмысы сәтті шықты: безендірілген және суреттерді сұрыптауда неғұрлым озық үлгеретін оқушыларға арналған тарихи кестені таңдаған. Орта буын оқушыларына арналған географиялық кестені таңдаған «Достық» тобы тапсырманы жылдам орындады және шебер тілмен қорғады, нәтижесінде көп ұпай жинады. Суреттерді сұрыптауда орта буын оқушыларына арналған тарихи кестені таңдаған «Сәйгүлік» тобы да басы әзер біріккенімен, ортақ мүддеде ынтымақтаса жұмыс атқарды. Қорғауда қобалжулар болды.

Жұмыс барысында А,В,С деңгейлері бойынша «Болашақ» тобы зерделеуге алынды. Оқушылардың жас ерекшелігі де ескерілді. Бір қызығы бұл топ неғұрлым озық оқушылар үшін арналған тарихи кестедегі «100, 100-50 жыл бұрын; 50-25 жыл бұрын; соңғы 25 жыл» деген тапсырма санатын таңдады. Бұл топтағы оқушыларды атап кетсем: А. – «А» деңгейлі (14жас), Е. «С» (15 жаста), А. «В» (13жаста) және А. «С» (11 жаста) деңгейлі. А. когнитивтік қабілеті анық көрінді. Тарих пәнінен алған білімі көмекке келді. Е. қоршаған ортаны тану тәжірибесі көмектесті. Негізгі дереккөздерді бағалауды және соларға сәйкес сұрақтар қоюда төмендегі сөйлесім өрбіді:

А.: 100-50 жыл бұрынға қай тарихи датаны алайық?

Е.: Жобамен қай жылдар?

А.: 1941 жылы ҰОС болды.

А.: Кинодан көргенді еске түсірейік.

А.: Уақытты алмай, парақтарды біреуің біріктіре беріңдер.

А.: Мен жазайыншы., т.с.с.

Тапсырманы орындауға 1-бетпе-бет кезеңінің 3-апта

таратпасындағы 127-беттегі кесте үлгісі ұсынылды. Тапсырма кестесін оқушылар өз қалауымен таңдады. Әуелі тапсырмамен танысты, суреттерді тапсырма негізінде бақылады (анықтады); өзара сыннан өткізе іріктеп, тәжірибе жасады; орналастыру ретін ойластырды; сызбаға қалай қондыруды талқылап, нәтижесінде алынған ақпарат – өз еңбектерінің қаншалықты құнды шыққандығын ойлап, бағалап, өз өнімдерін басқа топқа талдап (қорғап) ұсынып, тұтастыққа қол жеткізе алған білімдерінен жаңа өнім (нәтиже) жасап шықты. Бұл сыни ойлау үрдісін балаларды оқыту мен когнитивті дамытуды формативті бағалау үшін және әлеуметтік ғылымдағы оқыту үдерісінің бір бөлшегі ретінде куәлардың көмегімен қадағаладым. Балалардың өз идеяларын алға тартуы мен оны өз араларында талқылауы кезінде адамдар белгілі бір мақсатқа жұмылғанда деңгей де, жас ерекшелік те ешқандай рөл атқармайды екен. Оқытудағы әлеуметтік-жағдаяттық тәсіл де өзінен-өзі анық байқалды. Бандура: «...Субъектілерде басқалардың мінез-құлқының салдарын көруге, әр түрлі мінез-құлқтың салдары туралы белгілі түсінік алуға мүмкіндік беретін тәсілдердің бірі – бақылау...»-дейді. Менің байқағаным: оқушылар бұл тапсырмада физиологиялық болмыстарын мақсатқа бағындырып, әлеуметтік сенім арту арқылы өзінің де қолынан келетініне көзі жете пішіндеуге қатысты. Топтасып нәтижелі (тәжірибе) жұмыс атқарды.

5-6-біріккен сыныптар қазақ әдебиетінен «Кейіпкерлер әлемі» (Қ.Жұмаділов «Қозыкүрең», М.Мағауин «Бір атаның балалары») үшінші қайталау сабағында «Венн диаграммасымен» кейіпкерлерді салыстыру жұмысында әр түрлі деңгейлі оқушылар

топтық жұмыста зерттелді. Н. «А» деңгейлі; Е. «Б» деңгейлі; А. «С» деңгейлі оқушы. Екі ұл бала А-ны қабылдағысы келмеді. Ал А ұлдармен бірге отырғысы келмеді. Оқушылар үнін шығарып, өзіндік «Менін» көрсетті. Содан баламен балаша өз тілінде сөйлесіп, үшеуі ең мықты топ болатынына «бәс» тігіп, эзер көндірдім. Ұсынған тапсырманы орындауда көшбасшы Н. болды.

Н. Е-ге Қозыкүреңнің суретін салуды тапсырды. Е. маған: - Спириттің мультфильмін тағы да көрсетіңізші, - деген тілегін білдірді. Өзіне керек кадрды тапқан кезде: «тоқтатыңызшы», - деп өтінді. Айтқаны орындалған Е.сурет салуға кірісті.

Н. Қозыкүрең мен Спириттің ұқсастығы мен айырмашылығы туралы ойланды. Өзі үлгермейтін болған соң А-ға түсті қағаздарды қия беруге және «қыз баласың ғой, әдемілеп әрлеуді ойластыр» деп тапсырма берді. А. құлшына кірісті. Жазып бергендерді жылдам желімдеп жапсыра бастады. Жобалары танымдық тұрғыдан маңызды, безендірілуі өз деңгейлері, жас ерекшеліктері үшін тамаша, ұпайды көп жинаған топ болды. Беспальконың білім деңгейлерін саралау технологиясы өлшеміне салар болсақ: А. оқушылық деңгей көрсетті. Топ басшысының нұсқауымен тапсырма орындады. Қойылған мақсатқа бар мүмкіндігін пайдаланды. Бұрынғы жинақтаған білімді пайдаланып, өз бетімен жұмыс істей алатын алгоритмдік деңгейдегі Е. эвристикалық және шығармашылық деңгейге бірақ көтерілді. Мейкер мен Нильсонның «Өзгертілген оқу жоспары» әдістемесі көмегімен ерекше балаларға жеке тапсырмалар әзірлеуге болады. «Дарындылық ұрпақ бойында демалады, бірақ оны дер кезінде оята білу керек», - дейді даналық. Ауылда Е. дарынын

дамытатын кәсіби маман жоқ. Әдебиет пәнінің мұғалімі ретінде бала бойындағы дарыны - сөз өнерін сурет өнерімен ұштастырып дамыту келешек жұмысымының бір мақсаты болары анық. Н. салыстырмалы түрде ұқсастығы мен айырмашылығын табу, шешім шығару жауапкершілігі өзіне алды. Оқушы ұсынылған деректер бойынша логикалық қорытынды шығара алды, нәтижелерді түсіндірді, өзінің ғылыми біліміне сүйене отырып, өзін-өзі қандай бағытта даму керектігін және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтай алды. Оқушы «С» топтау (синтез), баға (эвристикалық, шығармашылық) деңгейден көрінді. Диаграммада көрсетілген ойдың басым көпшілігі Н-нікі және еңбектері ең көп ұпай жинады.

Құлыншақтары жапсырма жүрекшеге толып қалды. Сынып жетекшілері ағылшын тіліндегі бағалаудың жаңа түрін ұсынды. Онда бестіктің 3 түрі бар екен. Н-ның еңбегін топтар «excellent!» («үздік»), ал Е-нің еңбегін «great!» («керемет») деп бағалады. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулінен мұғалімдер басшылыққа алатын: Төртінші тезис: Оқушыларды гипотеза жасауға, оны қорғауға, сынақтан өткізуге, құруға уақыт беріңіз (Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 35-бет),- деген тұжырым орындалды.

Осы талданған сабақ барысында «Б» және «С» оқушылардың мінездемесіне тоқталар болсақ: А. – толық, көпбалалы отбасында тәрбиеленіп жатыр. Мінезі қызба, аккөңіл, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, шыншыл. Элеуметтік, зияткерлік, эмоциялық кедергілер дер кезінде анықталмай кеткен олқылықтар себебінен танымдық қабілеті ашылмай қалған. Емле, оқу техникасы, жүйелі ой қорытуы дұрыс қалыптаспаған. Әйтсе де эмоциялық оң әсер еткен ақпараттардан

жүйелі ой қорытуы өте жақсы. А-ның соңғы аталған қасиетін негізге алып, танымдық қабілетін ашып көру мақсатында тәжірибеге алдым. А. өзгерісі: қате болса да өз пікірін айтуға талпынады. Бұрын өзіне сенімсіз, жалтақ болса, енді өзінің қажет екенін сезінді. 16.04.2014 жылғы сабақта «БҮБ» кері байланысына: «Түсіндіруді үйрендім, жобаны қалай қорғауды білдім, шылауды толық талдауды білгім келеді, -деп жазыпты.

Е. толық, көпбалалы отбасынан. Оқуға қабілетті, сауаты дұрыс қалыптасқан, ұқыпты, салмақты. Бір кемшілігі – сабақтан жиі қалады. Бұл–бастауыштан қалыптасқан әдет. Тапсырманы бірі орындаса, бірі орындамайды. Көп қатыспағандықтан сабақ жұмбақ болып, тұйықталып отырады. Е. - мен ашқан жаңалық! Е. өзгерісі: шығармашылық деңгейден бірақ көрінді. Мәтіннен ой қорытып сурет салады. Рөлдік ойынды тамаша ойнады. Шығармасы – «5/4». Сабақтан қалмайды және мінезі ашылды. 16.04.2014 сабақта «БҮБ» кері байланысында: «Мен топпен белсенді жұмыс істедім (білдімге), уақыт үнемдеуді үйрендім» дегенді жазыпты. «Талантты және дарынды балаларды анықтау» жөніндегі кейс-стадитәжірибесі анықтағандай ата-анамен жұмысты жандандыру керектігіне осы жолы тағы да мына бір оқиғада көз жеткізілді. Е. дарыны жайлы анасымен пікірталмасуда «е, ол сабақ оқымай үнемі сурет салып бос отырады» деген пікірде екені анықталды. Джудит Харристің пікірінің мектеп тәжірибесінде қаншалықты маңыздылығы аңғарылады.

Ендігі бір теорияда жас ерекшеліктеріне сәйкес ой жүгірту де күрделене түседі. Ой жүгірту үш түрлі: ұқсастық бойынша, моральдік пайымдау және зерделеу теориясы, -делінген. Ұқсастық бойынша ой жүгіртуге мысалға 5,6-сыныптың «Қозықүрен-

Спирит», «Бір атаның балалары мен «Жерұйық» туындыларына жасаған пайымын атауға болады. Моральдік пайымдауды оқи отырып Кохлбергтің «Ганс дилеммасын» өзім де тәжірибелеуге қызықтым. Үй маңындағы көрші балаларға «Ганс дәл осылай істеуі дұрыс па еді?» деп оқиғаны мазмұндап бердім. Н. (4-5 жаста): ұрлық істеуге болмайды;

І. (5-6 жаста) – олай істеуге болмайды, ол – қылмыс; А. (5-сынып): – «Бір жағынан дұрыс, бір жағынан дұрыс емес»; М. (8-сынып) - дұрыс;

Ж. (7-сынып) – дұрыс емес; Ж. (9-сынып) – дұрыс емес, заңмен қылмысқа тартылады, -деп жауап берді.

Кохлберг өнегелі дамудың (моральдік пайымдау) теориясында әр түрлі үш деңгейдегі алты кезенді бөліп көрсетті. Н. мен І. жауаптары 1-деңгей. Нормативтікке дейінгі моральдік пайымдау. 1-кезең. Тіл алғыштық және жазалау сатысын көрсетті. Бұл кезеңдегі балаларға ережелерге бағыну маңызды, себебі бұл жазадан құтылу дегенді білдіреді. А., Ж. және М. жауаптары 1-деңгейдің 2-кезеңі. Тұлғалық ерекшелену және дара әрекеттесу. Сонымен қоса 2-деңгей (Дәстүрлі моральдік пайымдау) 3-кезең. Тұлғааралық қатынастар кезеңі ұштасқан пікір. Конформизмге және «жақсы» болып саналатынның барлығына; таңдаудың өзара қарым-қатынасына әсері туралы ойларға назар аударылады. Ж. жауабы 2-деңгейдің 4-кезеңі. Әлеуметтік тәртіпті қолдау сатысын көрсетті.

Ой жүгіртудің 3-түрі өз санаңның және басқа адамдар санасының мазмұнына ой жүгірте біл дейтін зерде теориясы (ЗТ) даму психологиясының тұжырымдамасы.

Виммер мен Пернер 3-4 жасқа жеткенде баланың ЗТ толыққанды дамиды деп көрсетті («Жалған ұстаным»). Флейвелл мен оның әріптестері метасана қабілеті

жасқа байланысты өзгереді және жасы үлкенірек балалар метакогнитивтік ақпаратты көптеген мөлшерде игергендіктен олардың үлгерімі жоғарырақ болады дейді. Демек, зейін де, жады, сөйлеу де күрделенеді. Күні бүгінге шейін біздер «А,В,С» деңгейлі оқушылар мәселесімен айналысудамыз. Мен қызмет атқаратын мектеп - ШЖМ, жас шамасы әр түрлі, біріккен сыныптар.

Тиімді оқыту және оқу стратегияларын іске асыру жолдарын қарастырған бұл модуль – ауыл мектебі үшін өте қажет. Талантты және дарынды балаларды инклюзивті оқытудың сәтті тәжірибесі бойдан өткізілді.

Бұл Бағдарлама Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасының мақсаттары және міндеттерімен үйлеседі. Бағдарламада балабақша, инклюзивті оқыту, ШЖМ мәселелерін шешу туралы да маңызды міндеттер қойылған.

Оқушыларды жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу - ауадай қажет оқытудағы өзекті мәселенің бірі. Өйткені 3 жастан басталатын адамның өмір бойы оқу қажеттілігі сұраныс деңгейіне сай болу үшін оқытудың әрбір кезеңі маңызды. Кезінде балабақша, даярлық тобы, бастауыштан кеткен оқытудағы олқылықтардың зардабын көріп, оқушыларымызды «А,В,С» деңгейлеп отырған куәлардың бірі өзіміз. Қазіргі 6-сыныбым солардың бірі. Ақыл-есі дұрыс, логикасы мықты, бірақ бастауышта танымдық деңгейі өз мәнінде қалыптаспаған. Өздері қатты намыстанады. Ондай балаларға: «Ештеңе етпейді. Аздаған қателік болды, оған не себеп болды екен. Қане, бірге іздестіріп көрейік... Сен шынымен тырыстың...» (Двек) тәрізді қолдау көрсетуді 2-аптаның 2-күнгі тренингінде үйретілді.

Нені дамытамын?.. Бұл сұрақ терең ойларға жетелеп, ұшын табар емеспін... Қазақ «саусақ бірікпей, ине ілікпейді» дейді. Нәтижелі өнім қоғамдасқанда болады. Сыныптастар болсын, әр түрлі жастағылар болсын ең бастысы топтастыра ынтымақтастық әрекеттерге бағыттай білсек алынбайтын қамал болмайтынына тәжірибе жүзінде көз жеткізілді. Ата-аналармен байланыс басты қызметімнің бірі болмақ. Оқушыларға А,Б,С көзқараспен емес, әрқайсысы дара тұлға деп қарап, Бағдарламаны үнемі басшылыққа алып қызметімді дұрыс атқарсам мақсатыма жеткенім.

Әдебиеттер:

1 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. Үшінші басылым, 2012.

2 1-«Бетпе-бет» кезеңінің таратпа материалдары, 2-апта, 2-күн.

3 Тапсырмалар, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. Үшінші басылым, 2012.

### **Как и почему вошла модуль, серия уроков в программу «Обучение учеников по возрасту»**

Статья рассматривает проблему обучения студентов по возрасту.

Ключевые слова: учебный модуль, серия уроков, программа, возраст.

### **As and why entered module, series of lessons in the program «Educating of students on age»**

The article examines the problem of educating of students on age.

Key words: educational module, series of lessons, age, program.



ӘОЖ 82.0

С.ТӨЛЕУОВА,  
Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп,  
Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы

## **МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ КЕЙБІР ТАҚЫРЫПТАРДЫ Қ.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІМЕН ТОЛЫҚТЫРУ**

Мақалада мектеп оқулықтарындағы кейбір тақырыптарды Қ.Жұбанов еңбектерімен толықтыру мәселесі қозғалған.

Түйін сөздер: мектеп оқулықтары, Қ.Жұбанов шығармалары, тақырыптар.

Қазақ елінің ел болып қалыптасуына елеулі еңбек қосып, мәдениеті мен өнерінің өркендеуіне, тілі мен әдебиетінің дамуына сүбелі үлес қосқан қазақтың зиялы ұлдарының бірі –Құдайберген Қуанұлы Жұбанов. Халықтың басына төнген зұлмат заманның қара бұлты Құдайберген Жұбановты да айналып өтпейді. 1937 жылдың қараша айында тұтқындалып, арада бір жыл өткенде ату жазасына кесіледі. Арада 20 жыл өткен соң ғана ғалымның еңбектері көпшілік назарына ұсынылады.

М.Әуезов: «Өздігінен оқып, ғылым-білімнің әр саласынан да әжептәуір хабардар болған Құдайберген сонау ерте уақыттардың өзінде - 20-жылдар ішінде математикадан, физикадан, химиядан техникумдарда сабақ беріп, философияны, логиканы, психологияны, рефлексологияны тесіле зерттеді...Бірақ Құдайбергеннің шын ықылас қойып, мықтап бет бұрған ғылымы – тіл білімі болды», - деп [1, 76-б.]. Қ.Жұбановтың ғылым саласындағы еңбегіне нақты тұжырым жасаған.

Саналы ғұмырын қазақ тілінің қалыптасуына арнаған ғалым қазақ тіл білімінің алғашқы профессоры атағына ие болады. Себебі профессор Құдайберген Жұбанов қазақ тілі ғылымының барлық саласына, атап айтсақ ономастика, фонетика, термин, синтаксис тараулары бойынша өндіре еңбек етті.

Ғалымның еңбектерін Р.Сыздықова жетіге бөліп қараған. Олар:

1. Фонетика.
2. Қазақ тілінің грамматикасы.
3. Жалпы тіл білімінің тарихи кейбір мәселелері.
4. Қазақтың ұлттық әдеби тілінің дамуы мен тарихы.
5. Қазақ жазуы, орфография, терминология.
6. Оқулық, программа, методика.
7. Мәдениет пен өнер мәселелері. [6,25-б.]

Құдайберген Жұбанов тек қана қазақ тілінің ғана емес өзге ұлттардың тіл саласының дамуына да үлес қосқанын Ғ.Ормановтың: «Қазақстанда емле, термин мәселелері реттелмеген ұлттар бар. Мәселен, ұйғыр, дүнген. Ұйғыр халқының республикалық мәдениет сөзі емле, термин мәселелерін қарағанда осы профессордың аянбай ат салысқанын көрдік. Талай ғылыми түйіндерді шешіп берді. Ұйғыр халқы қандай риза болды десеңші. Биыл ол ұйғыр халқының толық тіл грамматикасын жазып берді. Дүнген халқының тіл маманын әзірлеуге де ат салысып жүр.»,- [2] деген пікірінен аңғаруға болады.

Ғалымның еңбектерін қарастырған кезде оның тіл білімінің барлық салаларына үлес қосқанын аңғаруға болады. Тілді құр біліп қана қоймай, тіл саласы бойынша терең білімді жан болғанын оның «Фонетика», «Қазақ тілінің грамматикасы», «Буын», «Буын жүйесінің маңызы», «Буын жігі қайткенде оңай табылады» еңбектерінен тануға болады.

Қазақ тілі ғылымында профессордың зерттеген еңбектері бүгінгі мектеп оқулықтарына енгізілмеген. Мысалы «Одағай» тақырыбын Қ.Жұбанов:

1. Шаруашылық одағайлары.

2. Қатынас одағайлары.

3. Көңіл одағайлары, - деп жіктеп берсе [5, 126-б], қазіргі оқулықтарда «Одағай» тақырыбын:

1. Шақыру одағайлары.

2. Жекіру одағайлары.

3. Көңіл-күй одағайлары, - деп 3-ке бөледі. Оқулықта «Шақыру одағайлары мал, ит-құсты шақыру, қуумен байланысты мәнді білдіреді», - деп анықтама берілген. Осы анықтаманы оқыған кезде «Шақыру одағайын» Жұбанов оқулықтарындағыдай «Шаруашылық одағайы» деп атаудың дұрыс екеніне көз жеткіземіз. Қазіргі қазақ тілді жастардың өзі көп сөздердің мағынасын түсіне бермейді. Оқулықта да Ғ.Әбуханов пен С.Исаевтың «Қазақ тілі» оқулықтарында да тек шақыру одағайларын тізбектеумен шектелген. Ал Қ.Жұбановтың «Одағай» тақырыбындағы мақаласында жануардың әр қайсысына қарата айтылатын одағайларға түсінік берілген. Мысалы: сиырды шақырғанда- ау-хау; тәуір көргенде әукім-әукім; қайтарғанда -өк(эк), саууға шақырғанда шәуім-шәуім; боразданың басына шыққасын жегулі өгізге соп-сop; түйені шақырғанда - көс-көс, кәуіс-кәуіс; қайтарғанда -шөггергенде-шөк-шөк; суарғанда - сорап-сорап.[5; 126-8-б.]. Бұл берілген дәлелдемелерге қарап, оның тілдік материалдарды жалаң алып қарастырмай, өмірмен, тұрмыспен салыстыра зерттегені көрінеді. Оқушылардың тест тапсыру кезінде «Шақыру одағайларының» мысалдарын шешу барысында қиналатынын мектеп мұғалімдері байқап та жүр. А.Байтұрсыновтың «Тіл құралы» еңбегінде де «Шақыру одағайын» «Шаруашылық одағайы» деп атағанына сүйенсек, Қ.Жұбанов та осылай атағандықтан болашақта

одағайдың түріне осы одағайдың атауын алу қате болмас еді

Ал «Жекіру одағайын» - «Қатынас одағайы» деп атау дұрыс болмақ. Себебі «жә» деген одағайды айту барысында жекіріп ғана айтылмай, жай тыйым салу үшін де айтылатынын жадымызда ұстағанымыз жөн болмақ. [5; 126-б]

Қ.Жұбановтың «Қазақ тілінің грамматикасы» еңбегіндегі «Сөйлем мүшелері» атты мақаласындағы ғалымның зерттеулері мектеп оқулықтарына сұранып-ақ тұрғандай. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулықтың «Баяндауыш» тақырыбында баяндауыштың құрылысына қарай қалай жіктелетіндігі, баяндауыш болатын сөз таптары туралы мағлұмат берілген. [8, 53-б.]

Баяндауыш болатын сөз таптары	Сөйлемдер
Етістіктер	Мен өте қуандым. Сен қайда жүрсің?
Сын есімдер	Бәріміз бір кісінің баласындай татуымыз. Ел тоқ.
Заг есімдер	Сендер бақытты адамсыңдар. Ат-көлік, қамшы-қару.
Сан есімдер	Ер кезегі-үш. Үш жердегі үш-тоғыз.
Есімдіктер	Медеуі – мен. Өтегені – өзі.
Көмекші етістік пен еліктеуіш Сөз	От жылт етті. Мылтық тарс етті.

Сонымен бірге оқулықта «Баяндауыш сөйлемді аяқтап, ойды тиянақтайды» деген түсініктеме берілген. Егер *«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (Абай)* деген сөйлем берілсе, баяндауыш «ермек үшін» болмақ па?

Қ.Жұбановтың еңбегінде «Ескерту» деген белгімен мынадай ескертулер жасайды.

Ескерту: I. Баяндауыш сөйлемнің соңында келмейтін екі жері бар: Бірі- ұран сөздерде; бірі- төл сөзге жалғаса, деу сөзі баяндауыш болған жерде.

1. Ұрандарда «жасасын!», «жоғалсын!» сияқты сөздер баяндауыш болғанда, күшейту үшін, бұлар сөйлемнің басына қойылады.

Мысалы: Жасасын кеңес үкіметі!

Бітсін байлар!

2. Баяндауыш «де» сөзі боғанда («де» естістігі) басқа мүшелердің алдына шығарылады.

-Құжырайған шал ғой не хабар біледі дейсің,- дейді бір келіншек (Бейімбет).

Мұнда баяндауыш – дейді.

-Ондай ойы барларын осы бастан ашып айтыңдар?- дейді Жарықпас, қалың топты көзімен бір шолып өтіп (Бейімбет). Мұнда баяндауыш- деді.

Ескерту: II. Өлең сөздерде өлеңнің ұйқасы үшін сөз орны алмасып тұра береді. Соның ішінде, баяндауыш та орнынан ығысып кете береді.

*Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман (Абай).*

Арман ұлғайды десе, өлең ұйқаспайтын болған соң, ұлғайды деген баяндауышты арман дегеннің алдында шығарған. *Еріксіз алған баурап шалдың күйі,*

*Жырлаған дертті жүрек, улы миы. (Ілияс).*

Сөз-сөзді өз орнына қойса, «Шалдың күйі еріксіз баурап алған. Дертті жүрек, улы миы жырлаған» болар еді. *Баурап алған, жырлаған* деген баяндауыштар өлеңнің ұйқасы үшін орындарынан қозғалған. [5, 155-б.]

«Бастауыш» тақырыбында бастауыштың сұрақтары «Кім? Не?» деген сұрақтарға жауап береді деумен шектелген. Ал Қ.Жұбановтың еңбегінде «Баяндауыштың алдына кім? не? деген сұрауларды қойып, бастауышты тауып алуға болады», - деп бастауышты қалай табуға болатынына сілтеме жасаған. Сонымен бірге ескерту жасап, «Бастауыштың сұрауы кейде *қайсысы? қандай? қаншасы?* дегендер болып келеді. Мектебіміздегі екі жүз оқушының биыл жиырма бесі бітіріп шықты.



Қаншасы бітіріп шықты? - Жиырма бесі. Бастауыш – Жиырма бес», - деп анықтама беріп, содан соң сөйлемдерге талдау жасап, түсініктеме берген

Сонымен қатар, «Сөйлем мүшелері» тақырыбын оқытуда Қ.Жұбанов «Баяндауыш» тақырыбын «Бастауыш» тақырыбынан бұрын қойған. Жалпы бүгінгі бағдарламадағы «Бастауышты» бұрын қойған кезде бірінші баяндауышты табуға тапсырма берілсе де оқушылар бастауышты бірінші тауып, қателесіп жатады.

Сөйлем мүшелеріне талдауда тек мектеп оқушылары ғана емес жас мұғалімдердің де қиналатынын, тіпті қателесетіні тәжірибеде кездестіріледі. Сондықтан оқушының теориялық білімін жетілдіру үшін жоғарыда айтылған ескертулердің оқулыққа енуі оқушы үшін де мұғалім үшін де тиімді болмақ.

Қ.Жұбанов оқушыға тілдің теориялық білімін терең меңгерту үшін оқу бағдарламасында «Жай сөйлемге» - 18 сағат, ал «Құрмалас сөйлемге» 32 сағат бөлген. Қазіргі оқу бағдарламасында «Жай сөйлемге» - 7 сағат, ал «Құрмалас сөйлемге» - 20 сағат қана бөлінген. Бұл тараудағы әр тақырыпқа бір сағаттан ғана келсе, оқушының тілдік құрамды зерделей меңгеруіне қиындық туғызуда. Тілді білу сол тілде сөйлеумен ғана шектелмейтінін ескерсек, бүгінгі тіл сағаттарынан берілетін білімдердің оқушы сұранысын қанағаттандыруда аздық ететіні ескерілуі қажет.

Ғалымның ұзақ жылдар бойы тер төккен еңбектерін, артында қалдырған мол мұрасын сақтаудың тиімді жолы - мектеп оқулықтарына енгізу. Сонда ғана еңбектерінің ғылыми құндылықтары артып, өміршеңдігі дами түспек.

Жұбановтың бойындағы көрегендік қасиет - оның көп тілді білуі. Ғалым туралы А.Жұбановтың естелігінде жапон тілін зерттеу арқылы қытай тіліндегі қазақ туралы жазылғандарды оқуды мақсат еткенін білуге болады. Қ.Жұбановтың көп тіл білуге деген көз қарасы – бүгінгі

жастарымызға үлгі-өнеге.

1929 жылы Қызылорда қаласында өткен конференцияда қазақ тілін латын жазуына лайықтауды жетілдіруге ұсыныстарын жасаса, сол ұсыныстардың мейлінше өміршеңдігін бүгінгі күннің проблемасымен үндескенінен аңғарылады. Сондықтан Мемлекетіміз латын жазуына көшкен кезде Жұбанов мұралары тағы да ой сүзгісінен өтері сөзсіз.

Қорыта келе, Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың барлық ғұмыры қазақ даласындағы тіл, әдебиет ғылымын жетілдіруге арналды. Уақыт өте келе оның еңбектеріне деген сұраныс заман талабымен өзі-ақ келді. Сондықтан болашақта ғалымның есімі өзінің барлық қажыр-қайратын жұмсаған ұлт өкілдерінің арасында шамшырақтай жарқырай түспек.

Әдебиеттер:

- 1 Құрастырған А.Жұбанов. Құдайберген Жұбанов (Естеліктер). «Өнер», -Алматы. 1990.
- 2 Меңдекеев Ә. «Қазақ әдебиеті» газеті., 1989 ж.
- 3 Сыздықова Р. Уақыт ақтаған азамат. «Ақтөбе» газеті, 1989ж.
- 4 Профессор Қ.Жұбанов және ХХІ ғасыр. К.Кенжебаев «Ақтөбе» газеті. 2004ж.
- 5 Жұбанов Қ. «Қазақ тілі» жөніндегі зерттеулер -Алматы, 2010 ж.
- 6 Оразалин С., Назбиев Ж. Құдайберген Жұбановтың қазақ тіл білімі жайлы ойлары «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 1999 ж.
- 7 6-сыныпқа арналған оқулық. «Қазақ тілі» [Г.Т.Тұрсынова, А.А.Қасымова.
- 8 Аманжолов С., Аманжолова А., Қосымова Г. «Қазақ тілі», 8-сынып.

### **Дополнение некоторых тем школьных учебников произведениями К.Жубанова**

В статье автор поднимает проблему о дополнении школьных учебников произведениями К.Жубанова.

Ключевые слова: школьные учебники, произведения К.Жубанова, темы.

### **Addition of some heads of school textbooks by works of K.Zhubanov**

In the article an author lifts a problem about addition of school textbooks by works of K.Zhubanov

Key words: school textbooks, works of K.Zhubanov, themes.

**Қ.БАТТАЛОВА,**

**№32 ЖББОМ-н**

**қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

Қарағанды қаласы

## **ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНДАҒЫ ТҰТАСТЫҚ - ТҰРАҚТЫ БІЛІМ НЕГІЗІ**

Баланың өз ойын тітіркендірген жайды есінде ұзақ сақтайтыны ғылымға ертеден белгілі. Сәби санасы сыртқы әсерді тез қабылдайды және жылдам жоймайды. Сол себепті балдырғандардың тәрбиеге тиімді осы табиғи қалпын дұрыс пайдалану үшін, ой көркемдігін дамытатын сөз, әуен – саз, бейнелеу, қолөнерлері тарихына, туындыларына негіздеп, жалпы оқытудағы тұтастықты бір жүйеге түсіру қажет. Әр пәннен өткізілетін сабақтар бір–бірін толықтыратын, оқушыға естігенін, көргенін, оқығанын есте сақтауға, сабақтан алған әсерін, ойын жинақтауға көмектесетіндей дәрежеде болуға тиіс.

Қазіргі кезеңде оқу–тәрбие жұмыстарының мақсаты мен міндеттері жаңаша ойластырылып, жүйесі жетілдірілді, мазмұны жаңартылды. Қоғам, мемлекет, жеке тұлға мүдделері кіріктіріліп, әлемдік білім кеңістігіне ұмтылыспен ұштастырылуда. Ұлттық рух бейнесін жоғалтып алмай, қоғам талабының деңгейіне көтерілудің әдіс–тәсілдері іздестірілуде, жолдары қарастырылуда.

Жас ұрпақтың бойына жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру - мектебімізде атқарылар оқу–тәрбие жұмыстарының негізгі мақсаты. Азаматтық намыс–жігері бар парасатты да білімді, мәдениетті де білікті ұрпақ өсіру – тәрбиенің басты міндеті.

Біз білім беру мен тәрбиелеу жұмыстарының тұтастық жүйесіне нұқсан келтірмейтін, бүтіндік қалыпты сақтаған, мектеп мүмкіндігіне сай, икемді жоспар құруды қолға ала алмай келеміз.

Бастауыш сыныптарда өтілетін қазақ тілі, ана тілі, дүниетану, бейнелеу, әуен–саз және еңбек пәндерінің күнтізбелік жоспарлары сәйкестендіріліп, бірін–бірі толықтыратындай, сабақтың бірінде алған білімдік мағлұмат келесі пән сабағының көмегімен оқушылардың зердесіне орнықтыру ескерілетіндей мүмкіндік қарастырылуы керек.

Бастауыш сыныпта бір ғана мұғалімнің жұмыс істеуі, оның оқу–тәрбие іс–шараларын тиімді бағытта құруы ескерілсе. Мәселен, оқушы ана тілі пәні сабағында үйренген білімін дүниетану немесе өнер пәні сабақтарында пайдалана алады. Сабақтың бірінде үйреніп, екіншісінде қолданған білімі баланың зейініне орнығып, оның біліктілігін арттыра түседі. Бірақ мұғалім шәкіртін зеріктіреп қайталауға ұрындырып алмай, оның білімін толықтыру жолдарын қарастыруы керек. Қысқаша ұғым түйіндер болсақ: қазақ тілі пәні сабағында «Киіз үй» - заттың атын білдіретін сөз; дүниетану пәнінде –сан ғасырлық тәжірибелерді жинақтау барысында

қатты соққан желге, жауын-шашынға төтеп беретіндей етіп, ойластырылып жасалған ұлттық баспана; бейнелеу пәні сабақтарында киіз үйді жабдықтауда, безендіруде ерекше сезімталдықпен көркем ойды жеткізуде талғам биіктігін танытқан қазақ халқының ою-өрнектерінде тұрмыс-салт, әдет-ғұрып ұғымдары көркемдік шешіммен ғажап үйлестірілгендігі туралы әңгіме қозғалады. Ал еңбекке үйрету пәні сабағында – оқушылар әлем ғалымдарын таңдандырған қарапайым, бірақ ғажап тапқырлықпен құрастырылған жиналмалы үй құрылысымен танысады. Міне, осындай жүйемен түсінік алған оқушы еске сақтау қабілетін де қалыптастыра түспек.

Білімді оқушы зердесіне тұрақтандыру - мұғалімге тікелей байланысты. Жай ғана мысал: жоғарғы сынып оқушысы әдебиет пәніне қатысты грамматикалық, логикалық, психологиялық тыныстарды дұрыс қолданып, көркем шығарманы мәнерлеп оқи білмесе; алгебрадан төменгі сынып оқушылары білетін қарапайым теңдеулерді шеше алмаса; химиядан-пропорция құруға дағдарса; биология пәнінен есеп шығару керек екеніне таңданса-бұл кімнің осалдығы? Өз мамандығын аса қадір тұтатын әр ұстаз шәкірттерін жетелеп, тылсым дүниеге кіргізіп, сол дүние туралы неғұрлым мол мағлұмат ала білуге тәрбиелейді. Ұстаздың ұстаздығы да, міне, сонда.



Авторлық бағдарлама

ӨОЖ 159.9:37.015.3

**Р.МҰСАҒАЛИЕВА,**  
**Алғабас орта мектебі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Ақжайық ауданы

## **ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ**

Бұл - балалар мен жасөспірімдер арасында девиантты мінез-құлықты түзету бағытындағы жүйелі жұмыстардың жүргізілуіне арналған авторлық бағдарлама.

Түйін сөздер: девиантты мінез-құлық, авторлық бағдарлама, балалар мен жасөспірімдер.

Жасөспірімдік кезең – адамның қалыптасуындағы ең күрделі кезең. Әсіресе осы жаста баланың мінез-құлқы және басқа да жеке басының негіздері қалыптасады. Жасөспірімдердің мінез-құлқын түзетуде тиімді нәтижелерге жету үшін бала өсіп жатқан отбасымен кешенді түрде жұмыс жүргізу қажет. Ол үшін отбасылық өзара әрекеттесу стилін өзгертіп, тәрбиелік әсер ету әдістерін тиімді болатындай таңдау керек.

Девиантты мінез-құлық (лат. *deviatio* - ауытқу) - жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары; қабылданған құқықтық немесе моральдық нормаларды бұзған адамның мінез-құлқы. Кең мағынасында девиантты мінез-құлық кез келген әлеуметтік ережелерден (мысалы, оның ішінде жағымды: батырлық, аса еңбекқорлық, өзін құрбан ету, аса үлкен рөл ойнау, жетістіктермен қатар, жағымсыз: қылмыс, қоғамдық тәртіпті бұзу, адамгершілік ережелерін, дәстүрді, әдет-ғұрыптарды аттап өту, өзіне-өзі

қол жұмсау және т.б.) ауытқушылықты білдіреді. Девиантты мінез-құлықты балаларды түзету - күрделі әрі қиын, әрі ұзақ үдеріс. Оны іске асыруда көп шыдамдылық пен белсенділікті қажет етеді.

Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты да – балалар мен жасөспірімдерге жеке тұлға ретінде дамуына, басқалармен қарым-қатынасты орнатуда, сезім тілдерін түсінуде, өзін-өзі және қоршаған адамдарды түсінуде, өзінің «менін» білдірудегі әр түрлі амалдарды қолдануға көмек болып табылады. Сонымен қатар бұл бағдарлама баланың өзі жайлы, өз қалауы мен талаптарын, ойын шығармашылық түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Балалар және жасөспірімдермен жұмыс істеудің негізгі формасы біріккен әрекет түрінде жүзеге асырылады. Ата-аналарға бағдарлама жайлы, оның мақсаты мен міндеттері туралы толық мәлімет беріледі. Бала мен ата-ана арасындағы терең қарым-қатынасты орнату сезімдерін білдіру мақсатында ата-анамен жүргізілетін жұмыс түрлері де қарастырылған. Ата-ананың мінез-құлықтарының бірізді болмауы баланың мінез-құлқының нашарлауына себеп болады. Баланың сұраныстары мен қажеттіліктерін қамтамасыз ету, балаға деген шыдамдылық және көңіл бөлу, үнемі айналасындағылармен қарым-қатынас жасай білу дағдыларын үйрету – міне, бұлардың барлығы ата-аналарға балаларымен қарым-қатынасты жақсартуға көмегін тигізеді.

Девиантты қылықты балалардың мінез-құлқында кездесетін қиыншылықтар, түрлі жағдайлар және оларды түзету жолдары осы бағдарламада түрлі жаттығу – тапсырмалары арқылы, психологиялық тренингтер арқылы өткізілген сабақтар арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарламаны тақырыптық жоспарлауда материал тізбегі мен мазмұны көрсетілді. Берілген материалдарды жаңа мазмұндағы ақпараттық технологиялар және психологиялық

тренингтер арқылы өткізу тиімділігі көзделеді.

Қазіргі, осы саладағы әлеуметтік, педагогикалық талаптар мен жүзеге асырылып жатқан тәжірибелер негізінде, бұл саладағы тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда мынадай шарттарды орындау қажеттігі туындайды:

- балаға ілтипатпен, ізгі тілектестікпен қарау;
- оның жағымды қасиеттеріне сүйсіну;
- оның адамгершілік күшіне, әлеуеттік мүмкіндіктеріне сену;
- оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін жасалған жалпы білім беретін бағдарламаларды тиімді пайдалану;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қауіпсіз тіршілік етуге бағытталған тәрбиелік бағдарламаларды ұштастыра пайдалану;
- ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты анықтау.

Девиантты мінезге ие балалардың білім алуы мен бос уақытын пайдалы іс-әрекеттермен өткізу жолдарын қарастыратын жаңа кешенді бағдарлама тәжірибеде пайдалана білудің негізгі шарты болып табылады.

Бағдарлама мектеп оқушыларына және ата-аналарға арналып құрылған. Екі аптаға 1 сағаттан, айына — 2 сағат. Барлығы жылына — 18 сағат.

Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер және оларды түзету жолдарына бағытталған бағдарлама білім беру жүйесіндегі психолог мамандарға, сынып жетекшілері мен ата-аналарға ұсынылады.

#### **Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер және оларды түзету жолдарына бағытталған бағдарламаны тақырыптық жоспарлау**

(екі аптаға 1 сағаттан, айына – 2 рет, барлығы – 18 сағат)  
I бөлім. Оқушылармен жұмыс.

1. Балалар мен жасөспірімдер арасында девиантты

мінез-құлықты түзету бағытында жүргізілетін жүйелі жұмыстар.

1.1. Жеткіншектердің девиантты мінез-құлықтарын айқындау және оның теориялық мәселелері. (1 сағ.)

1.2. Девиантты мінез-құлық және оның пайда болу себептері. (2 сағ.)

1.3. Жеткіншек жастағы балалардың девиантты мінез-құлықтарының белгілері. (1 сағ.)

1.4. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын айқындаудың өлшемдері. (1 сағ.)

1.5. Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлық ерекшеліктері және айқындаудың әдіс-тәсілдері. (1 сағ.)

1.6. Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдермен жұмыстану бағыттары. (1 сағ.)

1.7. Жасөспірімнің девиантты мінез-құлықын психологиялық түзету. (1 сағ.)

1.8. Девиантты мінез-құлықты түзетуге арналған психологиялық әдіс-тәсілдер мен жаттығулар. (2 сағ.)

1.9. Оқыту-түзетудің аса маңызды құралы. Тақырыптық сабақтар. (1 сағ.)

II бөлім. **Ата-анамен жұмыс.**

**2. Ата-ананың психологиялық құзыреттілігі - бала саулығының кепілі**

2.1. Девиантты мінез – құлық туралы жалпы ұғым. (1 сағ.)

2.2. Девиантты қылықты балаларға жан – жақты әсер етудің жолдарын экспериментальды зерттеу. (1 сағ.)

2.3. Жасөспірімнің өзін -өзі бағалауындағы әсер ететін маңызды факторлар. (1 сағ.)

2.4. Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты анықтау. (1 сағ.)

2.5. Ата-аналарға арналған семинар. «Ата-ана құқығы мен міндеті» Ата-аналарға кеңес. (1 сағ.)

2.6. Ата-аналарға арналған психологиялық тренингтер (2 сағ.)

**Бағдарламаның әдістемелігі**

№	Тақырып атаулары	Мазмұны	Өткізу формасы	Сағат
<b>I. Балалар мен жасөспірімдер арасында девиантты мінез-құлықты түзету бағытында жүргізілетін жүйелі жұмыстар</b>				
1	Жеткіншектердің девиантты мінез-құлықтарын айқындау және оның теориялық мәселелері.	Оқушыларға арналған бақылау картасы. «Қалып» (норма) ұғымы.	анықтау	1
2	Девиантты мінез-құлық және оның пайда болу себептері.	Қиын балалармен жұмыс. Отбасымен тығыз байланыс.	зерттеу	2
3	Жеткіншек жастағы балалардың девиантты мінез-құлықтарының белгілері.	Балалар бойындағы өзгерістер. Жасөспірімдік кезең. Медицина.	сауал-нама	1
4	Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқын айқындаудың өлшемдері.	Психологиялық факторлар. Әлеуметтік-экономикалық фактор. Моральдық-этикалық фактор.	тренинг-тер	1

5	Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлық ерекшеліктері және айқындаудың әдіс-тәсілдері.	Жасөспірім мінез-құлқындағы ауытқулар.	зерттеу жұмыстары	1
6	Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдермен жұмыстану бағыттары.	Балалардың мінез-құлқындағы қиындықтар. Құқық қорғау органы. (жаттығу-тапсырма)	жаттығу-тапсырма	1
7	Жасөспірімнің девиантты мінез-құлқын психологиялық түзету жолдары.	Қоғамға бейімділік. Отбасы. Мектеп. Әлеуметтік орта.	Псих. пікір тренинг.	1
8	Девиантты мінез-құлықты түзетуге арналған психологиялық әдіс-тәсілдер мен жаттығулар.	Жеке тұлға. Өзіндік ой-пікір. Ойна да ойла.	жаттығу-тапсырма	2
9	Оқыту- түзетудің аса маңызды құралы. Тақырыптық сабақтар.	Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі. Тақырыптық сабақтардың тәрбиелік мәні.	тренинг, тәрбиелік сабақтар	1

<b>II. Ата-ананың психологиялық құзыреттілігі - бала саулығының кепілі</b>				
1	Девиантты мінез – құлық туралы жалпы ұғым.	Жеке адамның қалыптасуы. Орта және тәрбие факторы. Қалып (норма) ұғымы.	баяндама	1
2	Девиантты қылықты балаларға жан – жақты әсер етудің жолдарын эксперименталды зерттеу.	Отбасында берілетін тәрбиенің дұрыс ұйымдастырылуы.	зерттеу, бақылау	1
3	Жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауындағы әсер ететін маңызды факторлар.	Отбасындағы мәдени деңгей.	сауалнамалар, анықтау	1
4	Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты анықтау.	Ата-ананың отбасындағы тәрбие беру стилі.	Тренинг, тәрбиелік шаралар	1
5	Ата-аналарға арналған тәрбиелік кеңес-алаңы. «Ата-ана құқығы мен міндеті». Ата-аналарға кеңес.	Ата-ананың психологиялық құзыреттілігі. Отбасы. Бала. Мектеп.	семинар	1

6	Ата-аналарға арналған психологиялық тренингтер	Ата-ананың психологиялық құзыреттілігі. Отбасы. Бала.	ой қозғау, тренинг	2
---	--	---	--------------------	---

### **Девиантное поведение у подростков и методы их исправления**

Это программа по исправлению девиантного поведения среди детей и подростков.

Ключевые слова: девиантное поведение, авторская программа, дети-подростки.

### **Devianted behavior for teenagers and methods of their coorrection**

In is the program on the correction of devianted behavior among children and teenagers.

Key words: devianted behavior, authorial program, children and teenagers.

### Сайыс сабақ

**З.ИМАНБАЕВА,**  
Көктөбе жалпы орта білім беретін мектебі.  
Павлодар облысы, Май ауданы

## **БІЛІМ ШЫҢЫ**

*(Интеллектуалды сайыс)*

Мақсаты: оқушының білімі мен біліктілігі арқылы ой-өрісін дамыту, ұшқырлық, ойлау қабілетін шыңдау, шапшаңдық пен нақтылыққа бейімдеу.

Әдісі: сайыс сабақ.

Көрнекілік: интерактивті тақта, слайд, қима қағаздар.

Пәнаралық байланыс: ауыз әдебиеті, шет тілі, өнер, халық педагогикасы.

Барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

1) Алдын ала тағайындалған топтарды шақыру.

2) Әділқазылар алқасын сайлау.

3) Сайыстың мақсатымен таныстыру.

4) Топтардың аттарымен, ұранымен, таңбасымен танысу.

1-жүргізуші. *Сүйемін туған тілді – анам тілін,*

*Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.*

*Шыр етіп жерге түскен минутымнан*

*Құлағымға сіңірген таныс үнім.*

*Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты,*

*Сүйгенім, сүйсінгенім, жек көргенім.*

*С.Торайғыров.*

Тіл - өте маңызды құрал. Тіл болмаса, адам өз ойын біреуге жеткізе алмас еді. Өткен тарихымыз, халқымыздың әдет-ғұрыптары, дәстүрлері бізге ана тіліміз арқылы жетеді. Қазақ тілі өте бай әрі көркем тілдердің бірі. ҚР-ның мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Мемлекеттік тілді меңгеру- ҚР азаматының парызы.

Жүргізуші.

*Ана тілім- өмірдегі тірегім,*

*«Тілім» дейді жұдырықтай жүрегім.*

*Болса екен арыстандай айбарлы*

*Бойымдағы күш-қайратым, білегім!*

- Қош келдіңіздер, құрметті оқушылар мен ұстаздар! Қазір сіздердің алдыңызға «Білім шыңы» атты интеллектуалдық шоуының қатысушыларын шақырамыз. Қошемет етіңіздер!

I топтың аты - «Тұлпар», ұраны - «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар», таңбасы - аттың суреті.

II топтың аты - «Домбыра», ұраны - «Бабамның үні, бабамның тілі - домбыра», таңбасы - домбыра суреті. (Қатысушылар өздерін таныстырады.) Әділқазылармен танысу.....

Жүргізуші. Бүгінгі сайыс бес асудан тұрады.

1-кезең: Бәйге.

2-кезең: Полиглот.

3-кезең: Алты жұмбақ.

4-кезең: Ғажайып алаң.

5-кезең: Жекпе-жек.

Ойында барлықтарыңа сәттілік тілей отырып, 1-кезең - Бәйгені бастаймыз. Бастамас бұрын ойынның шартын мұқият тыңдаңыздар. Бұл кезеңде қазақ тілі пәніне қатысты 20 сұрақ қойылады. Әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпайдан беріледі.

I кезең. «Бәйге»

(Оқушылар қойылған сұрақтарға 1 минут ішінде тез жауап беруі тиіс.)

«Тұлпар» тобына сұрақтар:

1. «Термин» қай тілдің сөзі? (латын тілі)

2. Қазақ тіліндегі тыйым салуға қатысты сөздер қай терминге жатады? (табу)

3. Сөз мағынасын не зерттейді? (лексика)

4. «Фразеология» сөзінің баламасын табыңыз. (тұрақты тіркес)

5. Тілдің ең кіші бөлшегі не? (дыбыс)

6. Жалғаудың түрлерін ата. (көптік, тәуелдік, септік, жіктік)

7. Неше септік жалғауы бар? (7)

8. «Ақ киізге көтерді» мағынасы не? (хан сайлады)

9. Зат есім құрамына қарай нешеге бөлінеді? (дара, күрделі)

10. Дыбысты немен таңбалайды? (әріп)

11. 42 әріптің жүйелі тізбегі қалай аталады? (әліпби)

12. Қазақ әліпбиінде қанша дыбыс бар? (42)

13. «Ерінбесең - емерсің» тақырыбы не? (еңбек ету)

14. Қосарлы дыбыстардың саны нешеу? (3)

15. «Әліпби» сөзі қай тілден енген? (араб тілі)

16. Дауысты дыбыс тілдің қатысына қарай нешеге бөлінеді? (жуан, жіңішке)

17. Дауысты дыбыс жақтың қатысына қарай нешеге бөлінеді? (ашық, қысаң)

18. Дауыссыз дыбыстың түрлерін ата. (қатаң, ұяң, үнді)

19. Әліпбидегі алғашқы 7 дауыссыз қалай аталады? (ұяң)

20. Дауыссыздар ненің қатысына қарай 3-ке бөлінеді? (салдыр мен үн)

«Домбыра» тобына сұрақтар:

1. Екпін түрі нешеу? (4)

2. Үндестік заңы нешеу? (2)

3. Қосымшаны тіл білімінің қай саласы зерттейді? (морфология)

4. «Лексика» сөзі қай тілден енген? (латын тілінен)

5. Тыныс белгісін не зерттейді? (пунктуация)

6. Фонетика нені зерттейді? (тіл дыбыстарын)

7. Пәлеқор сөзі буын үндестігіне бағына ма? (жоқ)

8. Көзқарас қандай сөз? (біріккен)

9. Дыбыс үндестігінің түрлерін ата. (ілгерінді, кейінді)

10. Орфография нені зерттейді? (дұрыс жазылуын)

11. «Жаны зәр түбіне кету» мағынасы не? (қорқу)

12. «Досы жоқпен сырлас, досы көппен сыйлас» тақырыбы не? (дос)

13. Дауысты дыбыс еріннің қатысына қарай нешеге бөлінеді?



(еріндік, езулік)

14. Дауыстылардың саны қанша? (12)
15. Әліпбидегі 10-дыбыс қандай дыбыс? (Ж)
16. Сөз таптары нешеу? (тоғыз)
17. Қосымша нешеу? (екеу)
18. Жұрнақтың түрлерін ата. (сөз тудырушы, сөз түрлендіруші)
19. Зат есімнің мағыналық түрлерін ата. (деректі, дерексіз, жалпы, жалқы)

20. Сын есімнің шырайларын ата. (салыстырмалы, асырмалы)  
I кезеңнің қорытындысын тыңдау.

II кезең. “Полиглот”(Тиісті сөзді қойып, бірнеше тілде айту.)

1. ...қылды қақ жарған. (қара)

2. Атадан жақсы ұл туса,

Есіктегі басын төрге сүйер.

Атадан ... ұл туса,

Төрдегі басын жерге сүйер. (жаман,

3. Ел қонбаса - ... азады,

Жер болмаса – ер азады. (жер,

4.... ала болса, ауыздағы кетеді,

Төртеу түгел болса, төбедегі келеді. (алтау,

5. ... тас жарады,

Тас жармаса, бас жарады. (тіл,

6. ... көпті жау алмайды,

Ақылы көпті дау алмайды. (досы,

7. ... өссе елдің көркі,

Гүл өссе жердің көркі. (қыз)

8. ... таумен кездеспейді,

Адам адаммен кездеседі. (тау)

9. Қына тасқа бітеді,

... басқа бітеді. (білім,

10. ... сүйектен өтеді,

Таяқ еттен өтеді. (сөз)

II кезеңнің қорытындысын тыңдау.

III кезең. «Алты жұмбақ»

(Оқушылар берілген үзіндінің қай шығармадан екенін анықтап, қандай салт –дәстүрдің бар екенін анықтауы керек.)

- Сенің сегіз қызың бір төбе, Кенжекейің бір төбе болса, менің сегіз ұлым бір төбе, тоғызыншы ұлым бір төбе. Кенжекейің тоғызыншы ұлымдікі болсын, - деп бай тоғыз қызға қандай салт-дәстүрдің түрін жасап келіпті? (Қай шығармадан алынған? Қандай дәстүр бар?) (“Ер Төстік” ертегісі, құда түсу)

- Мен айыптымын, менен бір қателік болды, шайтанның азғырғанына ердім. Оған себеп – мына уәзірлер. Бұлар енді я саған, я маған бір қатер қылар. Сен енді іргенді көтер, бөтен елге көш деп, - хан өзінің досына разы болып, бірнеше түйеге асыл заттар арттырып, мал беріп, досын Ақша ханның еліне көшіріп салады.

(Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?) («Аяз би» ертегісі, енші беру).

- Алтынмен ішін безеген,

Сырты күміс ақ отау

Келістіріп түзеген

Арттыруға сайланды.

Қырық түйе қазына,

Қырық құл мен қырық күң,

Қосып берді қызына.

(Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?) «Ер Төстік» ертегісі, жасау беру.

Балаға таңсық болып жүрген байғұс,

Үйіне алып келіп қылды тойды.

Туғандай тумаса да қылайын деп,

Кім деп ол баланың несін қойды?

(Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?) «Алпамыс батыр» жыры, азан шақырып ат қою, шілдехана жасау, бауырына салу.

Көтібар қызды қосты Әлібекке

Атақты өзі батыр асыл текке.

Жүз-жүзден кілем, тон, ішік қылып,  
Арттырды елу нарды әділетке.  
(Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?) «Айман-Шолпан» жыры, киіт кигізу, жасау беру, үйлендіру.

Балталы, Бағаналы ел, аман бол!

Бақалы, балдырғанды көл, аман бол!

Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,

Ойнап-күліп, ер жеткен жер, аман бол!

(Қай шығармадан алынған, қандай дәстүр бар?) «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жыры, қоштасу.

III кезеңнің қорытындысын тыңдау.

IV кезең. Ғажайып алаң. Әдебиет пәнінен сұрақтар.

IV кезеңнің қорытындысын тыңдау.

V кезең. “Жекпе жек”.

(Әр топтың жетекшілері шығып берілген «қазақстандықтар» сөзіне бірнеше сөздер кұрайды.)

(қазақ, ас, тақ, тас, тандыр, қазы, тары, арық, ар, ата, қаз, ара, нар, атан, тана, асық, ық, ыс, Қазақстан, тарақ, сандық, сан, қатар, қақ, ат, қасық, ана, зат, атыз, сатқын, т.б.)

VI кезеңнің қорытындысын тыңдау. Барлық кезеңнің қорытындысын тыңдау. Қорытынды:

1-жүргізуші. Тіл-қасиетті, құдіретті, киелі. Бұл қасиеттер бойға ананың ақ сүтімен дариды. Тіл өшпейді, қандай қиындықта да тіл өз ұрпағының қанына, жанына өз ұрығын егіп, өміршең күй кеше береді.

2-жүргізуші. *Туған тілім – тірлігімнің айғағы,*

*Тілім барда айтылар сыр ойдағы.*

*Өссе тілім мен де бірге өсемін,*

*Өшсе тілім мен де бірге өшемін.*

*Ә. Тәжібаев.*

Екеуі бірге қосыла. *Кірішкісіз қардай сақтаңдар,*

*Қазақтың тілін ғаламат.*

*Ана тіл – арым, иманым,*

*Көмекші құрал*

**Ж.ТЕМІРҒАЛИЕВА,**

**Қазан жалпы орта білім беретін мектеп.**

Павлодар облысы, Май ауданы

## **«САЛЫСТЫРМАЛЫ ГРАММАТИКА» КУРСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫНА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ДӘПТЕРІ**

*(6-7-сыныптар)*

Жұмыс дәптерінде өлкетану материалдарын пайдалана отырып, оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыра түседі деген оймен, Павлодар өңірінің компонентінен ақын-жазушылардың шығармаларынан мәтіндер іріктеп алынды. Ең басты, ең маңызды мәселелерін тартымды әңгімелер, өлеңдер, шешендік сөздер, аңыз-әңгімелер, повесть, романдардан үзінділер түрінде құрастырылды. Осы себептерге байланысты жинақта қосымша сұрақтар, өздігінен ізденетін шығармашылық тапсырмалар да берілген. Әр мәтінге жасалған грамматикалық жаттығулар деңгейлік тапсырмалар арқылы толықтырылды. Оның себебі, біріншіден, теориялық тақырыптардың жүйесі жаңа бағдарламаға толық сәйкестендіруді қажет етті, екіншіден, жаттығулар жүйесіне оқушының өздік, шығармашылық тұрғыда жұмыс жасауына мүмкіндік беретін және мәтінді талдауға бағытталатын қосалқы тапсырмалар енгізілді, үшіншіден, дәптерде көрнекіліктерді (сызбалар, кестелер, талдау үлгілері) қамту ескерілді.

Себебі дидактикалық құрал, негізінен, оқушының қолындағы басты құрал болғандықтан, олардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне де сәйкес келуіне көңіл бөлінді.

XXI ғасыр табалдырығын аттаған жас ұрпақты тәрбиелеудің, оқытудың басты мақсаты ұлттық үрдістерді бойына сіңірген, әлемдік өркениеттіліктен өзіндік орнын алуға лайықты адамдарды

қалыптастыруды көздесе, ана тілі осы үлкен міндеттің жүзеге асуының бірден-бір құралы болуға тиіс. Туған өлкенің жайын танып өскен шәкірттердің еліне, жеріне қамқор болып өсетініне сенемін.

I. Лексика (3 сағат)

I деңгейлік тапсырма.

Бұқар жырау жырларынан үзінді.

1. Төмендегі өлең шумағының мағынасын түсініп, жаттап ал.  
Синоним, омоним, антоним сөздерді тап.

Ежелгі дос жау болмас,  
Шірне үстінде хағы бар.  
Ежелгі дұшпан ел болмас,  
Көңілінде кір, даты бар.  
Ежелгі дос жау болмас,  
Айтысқан оның серті бар.  
Ежелгі дұшпан ел болмас,  
Көңілінде тұтқыр керті бар.

2. Өлеңді оқып, мазмұнын өз сөзіңмен айт. Бұқар жырау туралы және оның шығармашылығы туралы не білесің?

II деңгейлік тапсырма.

1. Өлеңнен синонимдерді теріп жаз, сөйлем құрастыр.

2. Өлең шумағынан ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөздерді, сөз тіркестерін тауып, астын сызыңдар.

3. Ел сөзіне лексикалық талдау жаса.

III деңгейлік тапсырма.

*Ежелгі дос жау болмас,*

*Айтысқан оның серті бар...* өлең тармағын өз ойыңмен жалғастыр.

Фразеологизмдер.

I деңгейлік тапсырма.

Дихан Әбілев, «Сұлтанмахмұт» роман-трилогия II кітаптың соңы.

1. Мәтінді оқы.

Қысқы жолда көз ұшында жалғыз ноқаттай бұлдырап шаналы жолаушы кетіп барады. Танаудан буы бұрқырап еті кызған пар ат жортады... Қарлы жолмен шана зулайды... Бағыты Баянауыл! Шана төрінде совет сайлаушысы Сұлтанмахмұт! Өзі жолда

болғанымен қиялы әлдеқашан елге жетіп, ревком сайлауын өткізіп жатқан тәрізді сезімде кетіп барады.

Тағдыр алда тағы нелер дайындап тұр?

2. Мәтінді ары қарай өз қалауың бойынша жаз.

II деңгейлік тапсырма.

1. Мәтіннен тұрақты тіркестерді теріп жазыңдар.

2. **Қиялы** сөзіне лексикалық сатылай кешенді талдау жасаңдар.

III деңгейлік тапсырма.

Өз досына немесе әдеби шығармадағы бір кейіпкерге фразеологиялық тіркестерді пайдалана отырып, мінездеме жазыңдар.

Мақал-мәтелдер. Мәшһүр Жүсіп. Қазақ фольклоры. «Таңдамалы» 3,4-том. Торайғырдың тағы бір сөзі.

I деңгейлік тапсырма.

1. Төмендегі өлең шумағының мағынасын түсініп, жаттап ал.  
Абай - Ділда: - Қалған сөзді қайта қозғамай, -дегенде, Торайғырдың айтқаны: - *Баялышты құба жон,*

*Кетпен шотпен шапқанмен, сай болмас.*

*Өз ақылымен ер жігіт*

*Бұлғақтағанмен, бай болмас.*

*Құс төресі аққуды,*

*О да жалғыз оттамас.*

*Қас патшаның белгісі-*

*Қара дауды пұттамас.*

*Батыры бар- жаудан қорықпайды,*

*Шешені бар даудан қорықпайды,* -деген.

2. Шешендік сөзді оқып, мазмұнын өз сөзіңмен айт. Мәшһүр Жүсіп туралы және оның шығармашылығы туралы не білесің?

II деңгейлік тапсырма.

1. Мәтіннен мақал тәріздес қанатты сөздерді тауып, көшіріп жазыңдар.

2. Мына мақал-мәтелдерді аяқтаңдар:

Ағайын бар болсаң,...

Жоқ болсаң,...

Адам тілі ...,

Тас жармас...

Ақыл -

Білім -

Жау жағадан алғанда,

Бөрі -

Жуас түйе...

3. **Жалғыз** сөзіне лексикалық сатылай кешенді талдау жасандар.

III деңгейлік тапсырма.

Құс төресі аққуды,

О да жалғыз оттамас... мақалды жалғастыр.

Фонетика. (3 сағат)

Сұлтанмахмұт Торайғыров «Алаш ұраны» таңдамалы шығармалар.

I деңгейлік тапсырма.

1. «Көңілім, неге жасайсың» өлеңін мәнерлеп оқып шығып, мазмұнын өз сөзіңмен айтып бер.

*Көңілім неге жасайсың,*

*Миым неге ашисың!*

*Ой түбіне жете алмай,*

*Жүректі тырнап қасисың.*

*Көзім, неге таласың,*

*Үмітсіз қарап барасың!*

*Түтінің жоқ, отың жоқ,*

*Тұңшығып кеудем, жанасың.*

2. Өлеңнен дауысты дыбыстарды теріп алып, оларды мына үлгі бойынша толтырыңдар.

Тілдің қатынасына қарай

Жақтың қатынасына қарай

Ерін мен езудің қатынасына қарай

жуан жіңішке ашық қысаң еріндік езулік

II деңгейлік тапсырма.

1. **Е** дыбысынан басталатын Павлодар жеріндегі жер-су аттарын теріп жаз.

2. **Жүректі** деген сөзге дыбыстық сатылай кешенді талдау жасандар.

III деңгейлік тапсырма.

Өлең шумағын жалғастыр.

*Түтінің жоқ, отың жоқ,*

*Тұңшығып кеудем, жанасың...*

Фонетика. (2 сағат)

Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романынан үзінді.

I деңгейлік тапсырма.

1. Мәтінді оқып шығып, үзіндіге мазмұнына лайықты ат қой.

Ер жетіп, ес білген сайын, Қартқожа өмірде талай әлсіздіктерді көре берді. Өз басын құрбы-құрдастары талай кемсітіп, мазақ етіп қорлағаны, зорлық көрсеткені бар. Қаржасбайдың шалдуар баласы бір күні қарындашын тартып алып, бермей қойды. Жалынды, жалпайды, болмады. Әбден ыза болған соң, бай баласының қағазын тартып қалып, жыртып тастады. Бай баласы және екі –үш бала жабыла ұрып, мұрнынан қанын ағызады. Қартқожа көрген қорлығын жылап келіп, әкесіне айтты. Әкесі Жұман назаланып, атына мініп, Қаржасбайдікіне барды. Байға мән-жайын түсіндіріп айтып еді, баласына ұрысып, қарындашын алып бергені сол, «балаға ара түсесің» деп, Жұманның өзін сөкетті қылды.

2. Мәтіннен екпін ерекше түсетін сөздерді анықтаңдар.

Мәтіндегі адам есімдері таныс па? Ойынды дәлелдендер.

3. **Әлсіздіктерді** деген сөзге фонетикалық сатылай кешенді талдау жасандар.

II деңгейлік тапсырма.

1. Мәтіннен дауыссыз дыбыстардың үндестігін көрсететін сөздерді тауып, айтылуы мен жазылуын сызықша арқылы қатар жазып, салыстырыңдар.

2. Өлең шумағын дұрыс жаз. Кезекті әріптерді қой.

Арту-арту б...л келсе,

Ат...н тарт...р бүгіл...п.

Алыст...н қара көр...нсе,

Арғын... шеб...р тігіл...п.

Алыст..., жанжал сөз кел...,

А...ұлы сөйлер ж...гініп.

3. Айтылуда кейінді, ілгерінді ықпал құбылысы байқалатын сөздерді көшіріп жазыңдар.

III деңгейлік тапсырма.

Қартқожаға хат жазу.

Сөзжасам. (4 сағат)

С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романынан үзінді.

*Ахметтің ақыл-ой зеріктігінің үстінде сұңқардың баласындай бітімі жақсы, көзге түсерлік көркі бар, сөзге шешен, ойдан шығарғыш - ақын, жарып салма өткір еді. Той секілді жұрт жиналған жерлерде өлең болсын, ойын болсын, газет, журнал, кітап оқып, шариғат-насихат айту болсын, ең арты біреуді сықақтаған қулық болсын, бас бәйге Ахметтікі еді. Тартынбай тамылжытып сөйлегенде де, өзінен үлкен-кішілердің аузынан суын ағызып, көңілдеріндегі уын шығара жаздаушы еді. Соның үшін елдің атқамінер, ақсақалдары: «Оқыды деп Жәукенің баласын айт. Әне, сондай болсайшы», -деп біреуге ақыл айтқанда қызға Қамарды үлгі қылатын секілді, бозбалаға Ахметті үлгі қылып ұрсушы еді.*

*«Қыз қылығынан» деп... не қылса да, Ахмет осындай-осындай... қылықты мінездермен құрбы-замандастары арасында айтулы һәм ағайын, халқына сүйкімді болып, жас та болса біраз жұртқа атағы да шығып кетті...*

I деңгейлік тапсырма. 1. Мәтіннен туынды сөздерді сөз тұлғасына, мағынасына қарай ажырат. Негізгі түбір: кітап. Туынды түбір: өткір. Қосымшалы сөз: сұңқардың.

2. Сөз құрамын тұлғаларға бөліп, оларды сызба бойынша талдап жаз.

Түбір		Жұрнақ		Жалғау	
негізгі	туынды	с ө з	сөз түрлендіруші	көптік тәуелдік	септік жіктік
		тудырушы			

II деңгейлік тапсырма. 1. Мәтіннен дара сөздер мен күрделі сөздерді тауып, олардың жасалу жолын ажырат. Мына үлгіні басшылыққа ал:

біріккен сөз

қос сөз

Күрделі сөздер

қысқарған сөз

тіркесті сөз

2. *Үлкен-кішілердің* деген сөзге сөзжасамдық сатылай кешенді талдау жаса. *(Жалғасы бар)*

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

**Б.ЕСМАҒАНБЕТОВА,**

**Құмсай орта мектебі.**

Ақтөбе облысы,

Мұғалжар ауданы

## **ТӨЛЕН ӘБДІКОВ. ҚОНАҚТАР**

Мақсаты:

1. «Қонақтар» әңгімесіне әдеби талдау жасау, тақырыбын, идеялық-көркемдік мазмұнын ашу, оқушылардың білімдерін қазіргі заман үлгілерінен мысал келтіре отырып жүйеге келтіру. 2. Қазақ халқының бойындағы адамгершілік, бауырмалдық қасиеттерді бағалай білу, үлкенді, ата-ананы сыйлауға, ата-ана алдындағы перзенттік борышты ақтауға тәрбиелеу. 3.Өз бетімен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, түрлі әдіс-тәсілдер арқылы ойлау қабілетінің дамуына, тіл байлығының артуына, өз ойын ашық айтуға, көзқарасын дәлелдеп шығуға ықпал ету.

Түрі: білімді жинақтау, бекіту.

Әдісі:сұрақ-жауап, пікірсайыс, топтастыру, тірек сызбалары, іздендіру, топтық жұмыс, мәселелік жағдай туғызу. Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, тарих.

Көрнекілігі: жазушы портреті, слайдта сызба кестелер, нақыл сөз, мақал-мәтелдер.

Барысы: I.Ұйымдастыру. Сыныптың сабаққа қатысымын тексеру, бағалау парағын беру. -Балалар, бүгін сабаққа қандай көңіл-күймен келдік?

II.Ұй жұмысын тексеру. -Балалар, өткен сабақта біз сендермен белгілі жазушы, драматург Төлен Әбдіковтің өмірімен, «Қонақтар» әңгімесімен таныстық. Үйге осы шығарманы оқып, мазмұндап келуді тапсырған болатынмын.

Олай болса, оқушылар бүгінгі сабағымыз көркем сөздің шебері -Т. Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесінің мазмұнына әдеби

талдау жасау. Бүгінгі сабақтың мақсатымен таныстыру.

-Т.Әбдік кім?

Топтастыру стратегиясы бойынша кім екендігіне тоқталайық. Биылғы, 2014 жылғы мәлімет бойынша Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі қаламгер Төлен Әбдік «Түркі әлемінің үздік жазушысы» атанды. (Слайдтан кітаптарын көрсету.) «Парасат майданы» романы үшін 2002 жылы Мемлекеттік сыйлық иегері. 2003 жылы Халықаралық Кафка және Қазақстандағы ПЕН клуб сыйлықтарының лауреаты атанды.

«Қонақтар» әңгімесін барлығымыз үйден толық оқып дайындалып келдік.- Оқушылар, біз бүгінгі сабақта 3 топ болып жұмыс жасаймыз: I топ «Арман» тобы, II топ «Сағыныш» тобы, III топ «Үміт»тобы. Топтардың аттарын тарата жүріп түсініктеме беру. Сахналық көрініске кезек береміз. Олай болса, «Қонақтар»әңгімесінің негізгі кейіпкерлері кімдер еді? Слайдтан кейіпкерлеріне тоқталу.

«Біз танитын кейіпкер» кезеңі.

«Топтастыру» стратегиясы: I топ – Ерғабыл ата, II топ - Сапабек, III топ – Тома.

«Ұтымды сұрақ, дәлелді жауап» кезеңі.

«Ортада қаламсап» (ой шақыру)

«Кубизм» стратегиясы бойынша сұрақтарға жауап беру.

№1. Баласын күткен қарттардың өзара тәжікелесуінен (сөз алысуынан ) нені ұқтындар? Кемпірдің баласының қолына барып тұрғысы келуінің себебі неде деп ойлайсындар?

№ 2. Ерекең баласының қолына баруға неге қарсы?

№3. Сапабек ауыл адамдарының алдында өзін қалай ұстады?

№4. Келіні Томаның қылығы (отырысы, шай құюы, киім киісі) туралы не айтар едіңдер? Қайда өскендігін аңғардыңдар?

№5. Қарттың ендігі үміті кімде еді? Ол үміті қалай үзілді?

№6. Жастардың ата-ана алдындағы парызы не деп білесіңдер? Сапабек осы парызды қалай түсінді?

«Мәтінмен жұмыс» кезеңі.

I топ. Кейіпкердің портретін табу.

Сапабек -ат жақты, қапсағай сары жігіт.

Тома -омырау жеңдері ашық шұбар көйлек киген, шашын қидырған, топ-толық ақ сары, ажарлы келіншек.

Жеңіс -аяқ-қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасындағы ұл бала.

II топ. Теңеуді табу.

Ерекең жаңа қаз тұрған балаша тәлтіректтей көтерілді. Аяқ-қолы шидей. Жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін сұртті. Сапабек балаларды өзіне қаратқан мұғалімдей жастар жағын көзімен шалып өтті.

III топ. Тұрақты тіркес, мақал-мәтелдерді табу.

Міз бақпады, ләм-мим демей, басым сынып, шаш етектен, қолыңның қаруы бар ғой, мызғып, көзі ілінді.

Мақал-мәтелдер: қара арғымақ арыса, қарға адым жер мұң болар.

Сахналық көрініске кезек береміз.

«Пікірсайыс» кезеңі.

Әңгіменің негізгі кейіпкері Сапабектің іс-әрекеті, ата-анасына деген көзқарасы дұрыс па, әлде бұрыс па?

«РАФТ әдісі» бойынша кейіпкерге хат жазу.

Сапабекке хат жазу. «Сұраққа жауап беру» кезеңі.

I топ. Қонақтың қандай түрлері бар?

II топ. Сапабек қандай қонақ?

III топ. Әңгіме не себептен «Қонақтар» деп аталған?

«Ой түю»кезеңі. Концептуалдық кесте толтыру.

Білемін	Білдім	Білгім келеді
---------	--------	---------------

Үйге тапсырма беру. Т.Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесін оқып, мазмұндау. «Атаңа не қылсаң, алдына сол келер» тақырыбына ойтолғау жазу. Бағалау.

**Ү.НАСИЕВА,  
№33 ОЖББМ.**

Батыс Қазақстан облысы,  
Орал қаласы

## ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ. СЫРДАРИЯ

Максаты	1. Жазушының өмірімен және шығармашылығымен таныстыру; 2. Өлеңнің идеялық-тақырыптық мәнін ашу; 3. 7 модульді ықпалдастыра отырып, бір сабақта тиімді пайдалану арқылы оқушының ауызша және жазбаша тіл мәдениетін, жеке тұлғаны қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту арқылы туған жерді және табиғатты сүйе білуге тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер	1. Оқушылар бірлесе ынтымақпен жұмыс атқарып, өлеңнің мазмұнын меңгереді, біріге қорытынды жасайды. (барлығы) 2. Адам өміріне жарап жатқан өзеннің пайдасын біледі, туған өлкеге деген сүйіспеншілігі артып, оны қорғауға ат салысады, қоршаған ортаны таниды және ойын еркін жеткізеді. 3. Өзгелердің пікірін тыңдай отырып, шығармашылықпен жұмыстанады, тіл байлығын арттырады. 4. Өлеңге композициялық талдау жасайды. 5. Сыни тұрғыдан ойлауға үйренеді.
Сабақ түрі	жаңа сабақ
Тапсырмалар	Сұрақ-жауап (мәртебелі сұрақтар), деңгейлік тапсырмалар (АВС), «Толағай», «Әбділда Тәжібаев» суреті, жоспар бойынша жұмыстану, постер жасау, қорғау.
Керекті жабдықтар	бетшелер, интербелсенді такта, слайд, суреттер, «Толағай» және «Әбділда Тәжібаев» туралы бейнефильм, жоспар.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер	тренинг, топқа бөлу, ОЖТ: топтық жұмыс, постер қорғау; СТО: БЛУМ таксономиясы, АКТ: портрет, бейнефильм, «Соңғы сөзді маған қалдыр». Ой-пікір. Рефлексия (бағалау).
----------------------------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	1. Оқушылармен амандасу, түгелдеу, тренинг арқылы 3 топқа бөлу. «Мен аспан әлемінің...» (айы, жұлдызы, күнімін). 2. Үй тапсырмасын тексеру. 3. Формативті бағалау. (смайлик арқылы)	Оқушылар өткізілген тренинг бойынша 3 топқа бөлінеді. Мұғаліммен амандасады. Үй тапсырмасы бойынша әр топтан бір көшбасшы жауап береді. Қосымша мағлұматтар енгізуге болады. Смайлик арқылы бағалау. I топ. (кубизм стратегиясы арқылы) балладаның композициялық құрылысына талдау жасады. Ақын өмірі мен шығармасына I оқушы мұқият жауап берді. Екінші оқушы оқиғаның б а с т а л у ы , б а й л а н ы с ы , шиеленісуі, шарықтау шегі, шешіміне жауап берді. Сол топ шығарманы АВС деңгейі бойынша білгендерін ортаға салды. II топ. Баллада туралы, кейіптеу туралы мағлұмат айта отырып, балладаның түйінді ойы не екендігі туралы мағлұмат берді. III топ. Ақсақ Темір мен ақынға баға береді. Формативті бағалау. (смайлик арқылы)
Тұсаукесер	Бейне фильм «Толағай» ертегісінен үзінді -кімнің бейнесі? -нені байқадыңдар? -кімнің шығармасы? -тағы қандай шығармасын білесіңдер? Ә.Тәжібаев туралы білетіндерін ортаға салады. «Толағай» ертегісінен үзіндіні жатқа айтады.	«Толағай» бейнефильмін көре отырып мәртебелі сұрақтарға жауап береді. Өткен тақырыптан білетіндерін еске түсіріп, талдау жұмысын бірлесе атқарады. Ә.Тәжібаев туралы төменгі сыныпта білетіндерін оқушылар ортаға салды. «Толағай» ертегісі бойынша үзіндіні жатқа айтады.

Негізгі бөлім	<p>Күннің жады жазылып, сабақтың жана тақырыбы, мақсаты айтылады.</p> <p>Ә.Тәжібаев туралы бейнефильм.</p> <p>Оқушылар ақын өмірі туралы слайд әзірлеп, түсіндіреді.</p> <p>«Сырдария» атты өлеңі. (тұсаукесер)</p> <p>Жоспар:</p> <p>Блум таксономиясы бойынша. (АКТ)</p> <p>I.Білу: «Сыр елі-жыр елі»</p> <p>II.Түсіну: Өлеңнің тақырыбын ашу.</p> <p>III.Қолдану: Өлеңнің идеясын ашу.</p> <p>IV.Талдау: Өлеңді құрылысына талдау</p> <p>V.Жинақтау: Өлеңнің маңыздылығы.</p> <p>VI.Бағалау. (2 жұлдыз. 1 ұсыныс)</p> <p>I.Кіріспе сөз7</p> <p>1. Әбділда Тәжібаевтың өмірі, шығармалары туралы қысқаша мәлімет (ассоциалық әдіс), (слайд, реферат).</p> <p>2. Картамен жұмыс.</p> <p>Сырдарияны картадан көрсету.</p> <p>Оқушыларға өлеңді мәнерлетіп оқытып, жалқы есімді тапқызу.(түртіп алу стратегиясы). Таным дерек жұмысы жүргізіледі.</p> <p>II.Өлеңнің тақырыбын ашу.</p> <p>1. Сырдария – біріккен сөз.</p> <p>2. Синонимі-адамның жан сыры.</p> <p>3. Дария -үлкен өзен, кең арна.</p>	<p>Өткен тақырып пен жаңа тақырыпты бағалау, тақырыбы мен мақсатын айтты.</p> <p>Оқушылар ақын өмірі мен шығармашылығына арналған слайд әзірлеп, түсіндіріп өтті.</p> <p>АКТ көмегімен «Ә.Тәжібаев» туралы бейне фильм көрсетіліп, білімдерін толықтырады. (ассоциалық әдіс) қолданылады.</p> <p>Пәнаралық байланыс география пәні бойынша картадан «Сырдарияны» көрсетіп, таным-дерек жұмысы жүргізілді.</p> <p>БЛУМ таксономиясы бойынша жоспарлы түрде жұмыстанды.</p> <p>Топтық бағалауға парақша таратылды.</p> <p>I.Білу: өлеңнің тақырыбын ашты.</p> <p>II.Түсіну: кітаппен жұмыстанып 3 топтың көшбасшылары ортаға салады.</p> <p>Түртіп алу стратегиясы бойынша сөздік жұмысы жүргізілді.</p> <p>АКТ көмегімен өлеңнің ішінен жалқы есімдердің мағынасын ашып, талдау жұмысы жүргізілді.</p> <p>III.Қолдану: топтық жұмыс жүргізілді.</p>
---------------	--	--

	<p>4. Кітаппен жұмыс.</p> <p>«Сырдария» өлеңін оқу, талдау)</p> <p>Гейне, Рейн, Тарас, Днепр, Пушкин, Еділ.</p> <p>5.Сөздікпен жұмыс (активстудия)</p> <p>Гейне – неміс ақыны,</p> <p>Рейн – Германиядағы өзен,</p> <p>Тарас – Украин ақыны,</p> <p>Днепр – Украинадағы өзен,</p> <p>Пушкин – орыс ақыны,</p> <p>Еділ (Волга) – Ресейдегі өзен.</p> <p>III Жуан-жіңішке сұрақ әдісімен өлеңнің идеясын ашу. (тақтамен жұмыс)</p> <p>1.Өлең тақырыбы не жайында?</p> <p>2.Өлеңнің Сырдарияға арналуы қай жерден байқалады?</p> <p>3.Ақын еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін қалай білдіреді? Оны қай жолдан байқауға болады?</p> <p>4. «Ел анасы - менің анам» деген жолдардың мағынасын қалай түсінесіңдер?</p> <p>5.Анаға ұқсас ұғымды қалай білдірген?</p> <p>6.Лирика дегеніміз не?</p> <p>7.Бұл өлең лириканың қай түріне жатады?</p> <p>Постер қорғау</p> <p>I топ.Сырдария экологиясы</p> <p>II топ. Өзен, су туралы мақал-мәтел, ырым-тыйым сөздер.</p> <p>III топ.«Су-тіршілік көзі» ой толғау</p> <p>Бағалау(спикер арқылы)</p> <p>IV. Өлеңнің құрылысына, көркем тіліне талдау.</p> <p>1.Кейіптеу сөзіне түсінік беру</p> <p>2.Параллелизм сөзіне түсінік беру.</p> <p>3.Өлеңді сатылай кешенді талдау.</p> <p>1.Кейіптеу-табиғат құбылыстарын жандандырып, суреттеу</p> <p>2.Параллелизм – көркем әдебиетте автордың өзінің көңіл күйіне ұқсас жайларды, сол сияқты табиғат құбылыстарын қатар алып қолдану. Сол арқылы ой-сезімін көрсетуі.</p>	<p>Жуан-жіңішке сұрақ әдісімен өлеңнің идеясын ашты.</p> <p>Бір-біріне сұрақ қоя отырып, жуан-жіңішке сұрақтарды ажыратып, жауап береді.</p> <p>«Сырдария» тақырыбына байланысты III топ постер қорғайды.</p> <p>I топ.Сырдария экологиясы</p> <p>II топ. Өзен, су туралы мақал-мәтел, ырым-тыйым сөздер</p> <p>III топ. «Су-тіршілік көзі» ой толғау.</p> <p>Әр топтың көшбасшылары ортаға шығып постер қорғайды.</p> <p>Әр топ бір-бірін спикер арқылы бағалайды.</p> <p>IV.Талдау: Оқулық бойынша өлеңнің құрылысына,көркем тіліне талдау жүргізеді. АКТ көмегімен сатылай кешенді талдау тактада көрсетіледі.</p> <p>Әр топтан бір оқушы әдеби-теориялық ұғымдарды анықтап пысықтайды.</p> <p>Қалған топ мүшелері қалып қойған бөлімдерінен қосымша мәлімет қосып отырады.</p> <p>V. Жинақтау:</p> <p>Өлеңнің маңыздылығы не?</p> <p>Әр топ өз пікірін айтып бекітеді.</p> <p>VI.Бағалау. «2 жұлдыз 1 ұсыныс».</p>
--	--	--



**Ж.ЕРҒАЛИЕВА,**  
**Жаңақала жалпы орта білім**  
**беретін мектебі**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Жаңақала ауданы

## ТАХАУИ АХТАНОВ. БОРАН

Мақсаты: білімділік- Т.Ахтанов өмірі туралы мағлұмат бере отырып, жазушының шығармашылық зертханасына үңілу, талдау, «Боран» романының мазмұнымен танысу, кейіпкерлер жүйесіне талдау жасау, тақырыбы мен идеясын ашу; тәрбиелік- жазушының шығармашылығын игерте отырып оқушыларды адамгершілік қасиеттерге, тілін, тарихын, әдебиетін құрметтеуге баулу; дамытушылық- оқушылардың дүниетанымын кеңейту, әдеби сөйлеу тілін қалыптастыра отырып көркем сөйлеуге бейімдеу.

Күтілетін нәтиже:

- тақырып бойынша білімдерін өзектендіре алады;
  - кейіпкерге мінездеме беріп, бейнесін талдай алады;
  - оқушылар өз беттерінше ізденуге үйренеді;
  - мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады;
  - бір-біріне сұрақ қойып, жауабын табуға дағдыланады;
  - оқушылардың шығармашылық қабілеттері байқалады;
  - сыни ойлауы қалыптасады.
- Сабақтың түрі: Аралас сабақ.  
 Сабақтың типі: Жаңа тақырыпты меңгерту.  
 Сабақтың әдіс-тәсілдері: Сұрақ-жауап, топтық таныстырылым, мәтінмен жұмыс.

	<p>3.Сағылай кешенді талдау (активстуд)</p> <p>1.Авторы-Ә.Тәжібаев(1909-1998)</p> <p>2.Тақырыбы-Туған жер</p> <p>3.Идеясы-Туған жерге деген сүйіспеншілікті дәріптеу.</p> <p>4.Жанр түрі-поэзия.</p> <p>5.Лирикасы-табиғат.</p> <p>6.Шумақ-9 шумақ.</p> <p>7.Тармақ-36 (әр шумағы 4 тармақ)</p> <p>8.Бунақ-2 бунақты тармақ.</p> <p>9.Буын-7-8 буынды.</p> <p>10.Ұйқас түрі- қара өлең ұйқас а,а,б,а;кезекті ұйқас а,б,в,б.</p> <p>Әдеби-теориялық ұғымдар:          Эпитет- Сұлу өзен, карт ана, қадірлі ана.          Метафора- Ел анасы-менің анам.          Кейіптеу-Жасарыпсың қадірлі ана,          Ақ түспепті шашыңа.          Параллелизм-          Неге маған жыламасқа,          Сырда туған елімді.          Ел анасы –менің анам,          Сырдың сұлу өзені.</p> <p>V. Өлеңнің маңыздылығы:          Ақын өзінің туған жеріне, өзеніне, еліне деген сүйіспеншілігін бейнелеген.</p> <p>VI.Бағалау. «2 жұлдыз 1 ұсыныс»</p>	
--	--	--

Корытынды	<p>Деңгейлік тапсырма ABC</p> <p>1.Ә.Тәжібаев кім?</p> <p>2.Өзен, көлдердің адам өміріндегі пайдасы туралы не айтар едіңіздер?</p> <p>3 . Н . Н а з а р б а е в т ы ң «Қазақстан-жасыл желекті, мөлдір сулы өлкеге айналуы тиіс» деп Қазақстан-2030 бағдарламасында айтылғандай өз жерімізді көркейтуге қандай үлес қосар едіңдер?</p> <p>Бағалау. Рефлексия.          (Соңғы сөзді маған қалдыр)          Үйге тапсырма береді.</p>	<p>Деңгейлік тапсырма бойынша бір-бір оқушы ABC тапсырмасы бойынша жауап береді.</p> <p>Корытынды сұраққа жауап берген соң бағалау парақшасы арқылы рефлексия жүреді.</p> <p>Үйге тапсырма алады.</p>
-----------	--	---

Сабақтың көрнекілігі: оқулық, интернет материалдары, бағалау парақтары, интерактивті тақта.

Пәнаралық байланыс: тарих.

Сабақтың өту барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

— Сәлеметсіздер ме?

-Бүгінгі сабағымыз ерекше, дәстүрлі емес сабақ түрінде өтеді.

-Сонымен бөліп болсақ, әр топ өзіне топ басшысын сайлайды. Топ басшысы мен берген бағалау парағы бойынша сабақ соңында оқушыларды бағалайды.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Үйге: С. Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығын оқып, өлеңін жаттау.

«Әдеби сынақхат» (үй тапсырмасын сұрау) (интерактивті тақтада)

1. С. Мәуленов ... жылдары өмір сүрді. (1922-1993)

2. Болашақ ақын ... мектебінде, кейін ..... қаласында білім алады. (Торғай, Қызылорда)

3. .... ж Қызылорда педагогика институтына оқуға түседі. (1938ж)

4. .... ж институтты бітіріп үлгермей әскер қатарына шақырылады. (1940ж)

5. 1942 жылға дейін Қостанай облыстық радио комитетінде әдеби қызметкер, ..... істейді. (ауылдық мектепте мұғалім)

6. Алғашқы өлеңі 1938 ж ..... аудандық газетінде жарияланады. (Сырдария)

III. Жаңа сабақ.

«Қазақ халқының дарынды ұлдарының бірі, кешегі қан майданда Отанын қорғап, замандастарымен қатар

қазақтың жауынгерлік рухын көтерген, сол ерлікті қарымды қаламының күшімен ақ қағазға айғақтаған, әдебиетіміздің тарихында айтарлықтай із қалдырған Тахауи Ахтанов есімі елімізге, алыс-жақын шет жұртқа көптеп әйгілі. (Шериаздан Елеуенов)

Хронологиялық кесте.

1923 ж. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Шетырғыз ауылында дүниеге келген.

1941ж. Абай атындағы қазақ педагогика институтында оқып жүріп, екінші дүние жүзі соғысына аттанады.

1948-51 жылдары Қазақ мемлекеттік біріккен баспасында редактор, бөлім меңгерушісі қызметін атқарған.

1951-53 жылдары «Қазақ фильм» киностудиясының сценарий бөлімінің бастығы.

1953-54 жылдары «Әдебиет және искусство» қазіргі («Жұлдыз») журналының редакторы.

1954-55 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының жауапты хатшысы.

1955-57 жылдары Қазақстан Жазушылар Одағының Қарағанды облыстық бөлімшесінің жауапты хатшысы.

1957-58 жылдары Қазақстан Министрлігінің Кеңес жанындағы көркемөнер басқармасының бастығы.

1966 жылы Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығы берілді.

1994жылы қаламгер дүниеден өтті.

1966 жылы жазушының «Боран» атты романы жарық көрді. Әуелі «Дала сыры» болып жарық көрген бұл шығарма кейіннен өңделіп, толықтырылып романға айналған.

#### IV. Топтастыру. Тахауи Ахтанов кім?

-Жазушы, драматург, қаламгер, майдангер жазушы, аудармашы, редактор. Бүгін біз сіздермен «Боран» романын оқып, талдаймыз.

V.Ой шақыру.(5мин.) «Боран» деген сөзді естігенде ойларыңа не келеді?

- A) жеке жазады;
- Ә) топта талдайды;
- Б) біреуі қорғайды.

2.«Боран» романының мазмұны беріледі. Үзінді оқу.

#### VI. Рөлдегі оқушылар.

1-топ: Баяндаушы (мәтіннің мазмұнын баяндайды)

2-топ: Сипаттаушы (кейіпкерлерге жалпы сипаттама береді)

3-топ: Дәнекер (мәтінді өмірмен ұштастырады)

#### VII. Тапсырма.

1-топ: Шығарманың композициялық құрылымына талдайды. (дәптерге жазу)

1. Оқиғаның басталуы.
2. Оқиғаның дамуы.
3. Оқиғаның шиеленісуі.
4. Оқиғаның шарықтау шегі.
5. Оқиғаның шешімі.

2,3-топ: «Қазымыр топ» Әр топ бүгінгі тақырып бойынша сұрақтар дайындап, келесі топқа қояды.

VIII.«Автор орындығы» авторға сұрақ қояды.

#### IX. Ой толғаныс.

«Егер мен автор болсам...»

X. «Екі жақты түсіндірме күнделігі» стратегиясы.

Өңгімеден алған әсерің? Несімен әсер етті?

XI. Галереяға саяхат (Балалар сабақтан алған

әсерлерін бір сөйлеммен жазады.3 мин.)

#### XII.Қорытынды.

#### XIII.Үйге тапсырма:

1. Т.Ахтанов өмірі мен шығармашылығын оқу.
2. «Кейіпкерге хат». (Өзіңе ұнаған кейіпкерге хат жазу).

### **АҚЫЛДЫҢ КЕНІ**

*Таусылмас ғылым теңіз, шалқып жатқан,  
Өмір бойы оқысаң бір таусылмай,  
Қиындығы қинайды жанға батқан.  
Білімге қарсы тұрар қандай күш бар  
Бас иер талай мырза кеуде қаққан...  
Оқу малды таңдамас, зейін таңдар...*

*Сұлтанмахмұт Торайғыров.*

*Ғылыми еңбек адамды надандықтан құтқарады,  
ал көркем әдебиет дәрекіліктен, арсыздықтан  
құтқарады. Адамды шын мәдениетті, бақытты ету  
үшін мұның екеуі де игілікті нәрсе.*

*Н.Г.Чернышевский.*

*Білімнің болсадағы ұшан-теңіз,  
Пайдасы жоқ халқыңа қызмет етпей.*

*Шал ақын.*

*Оқыса білім бұлағы,  
Оқыса елдің ұланы,  
Тірілтіп, елге жан бітіп,  
Елі үшін жұмақ қылады.*

*Бейімбет Майлин.*

## ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ. ҚОЗЫКҮРЕҢ

Сабақтың мақсаты: «Қозыкүрең» әңгімесінің мазмұнын меңгерту. Міндеттері: білімділік-білім көкжиегін кеңейту. Қазақ-қырғыз халықтары арасындағы тарихи қалыптасқан қарым-қатынастың, адал көңіл-ниеттің, шынайы бауырластығы туралы әңгімелеу. Табиғат перзенті жылқы малына деген сүйіспеншілік көзқарасты ұғындыру; дамытушылық-оқушының өз бетінше іздене білу, қорытынды, тұжырым жасаудағы машығын дамыту, ой-өрісін, сөздік қорын, ойлау қабілетін арттыру; тәрбиелік- адами сезімді қастерлеу, ортақ пікір, тиянақты тұжырымдама жасауға баулу, оқушыларды адамгершілік, қайырымдылық, бірлік, достық, Отанды сүйуге, бауырластық рухында тәрбиелеу.

Түрі: білімді жүйелеу, пысықтау сабағы. Әдісі: әңгімелеу, баяндау, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ой қозғау.

Көрнекілігі: Қ.Жұмаділовтың портреті, кесте-сызба, интерактивті тақта, слайдтық көріністер.

Пәнаралық байланыс: Тарих, бейнелеу өнері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық дайындық

II. Үй тапсырмасын тексеру. (өмірі мен шығармашылығына тоқталу)

III. Жаңа сабақ. I. Қызығушылығын ояту. Ой қозғау.

1. Қ.Жұмаділов туралы не білеміз?
- 2.Қандай шығармаларын оқыдыңдар?
3. «Мәтін бөліктері» ойыны арқылы әңгімелеу жоспары. Өз беттерінше оқиды, тобына әңгімелейді.
  1. Қонаққа бару.
  2. Қонақта.
  3. Қызық әңгіме.
  4. Майданға ат апару.
  5. Қозыкүреңнің қашуға дайындығы.
  6. Қозыкүреңнің елге оралуы.
  7. Қозыкүреңді арулап көму.

Әр бөлімді оқушылар мазмұндап, мәтіннен тауып оқиды. Мәтінді дәптерлеріне жазып, ұнаған бөлімге «+» белгісін қояды. Түсініктеме күнделігін толтырады.

Әңгіме аты (бөлімі)	Әсер еткен тұсы	Үзінді жайлы өз пікірің

Мәтінді талдау.

1. Повестен алынған үзіндіні не себепті «Қозыкүрең» деп атаған?
2. Шығарманы оқи отырып, қай кейіпкердің іс-әрекетіне сүйсіндіңдер?
3. Қазақ пен қырғыз халқының достығы, ортақ салт-дәстүрі туралы не білесіңдер? (Мәтіннен Ержанның ойларын тауып оқу).
4. Қозыкүреңнің елге қашатынын Саяқбай қайдан білді?
5. Қозыкүрең елге оралғанда Саяқбай неге жылады?
6. Төреқұл досы Ағыбайға «Қоянкөк» дөненді сыйға тартуы, оны Ағыбайдың қабылдап тұрып «Берген жомарт емес, алған жомарт» деуі неліктен?

7. Параллелизм дегеніміз не?

II. Мағынаны тану. Топтық жұмыс.

1-топ. Кейіпкерлерін ата?

2-топ. Әңгімедегі Саяқбай жылқышы қандай адам?

3-топ. Ағыбайға Төреқұлдық сыйы. Екі достың диалогін оқу. «Кім көп біледі?» ойыны.

Жылқыға байланысты қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?

1. Жылқы – малдың патшасы.
2. Түйе – малдың қасқасы.
3. Жүйрік атқа жел қамшы.
4. Жүйрік ат – бірде ат, бірде қанат.
5. Жылқылы елде жау көп,
6. Жатақ елде дау көп.
7. Жүйрікті кекіл қағысынан байқайды.

Семантикалық карта.

№	Үзінді	Саяқбай	Төреқұл	Ағыбай
1	-Пәлі, мына казактарды карай гөр!		+	
2	-Бұлар менің жиендерім....			+
3	-Жігіттер, мен бірдеңе білсем, сендер осы козыкүреңнен айырыласыңдар,- деді.	+		
4	Жануарым-ай, аман-келген екенсің ғой! Айшылық жолды алты аттап, Алатауына жеткен екенсің-ау!...	+		

5	« Біздің арамьздағы достықты осы балалар жалғастыратын болсын...»		+	
---	---	--	---	--

III. Ой толғаныс. Сөздікпен жұмыс (кесте бойынша)

1. Ақалтеке –
2. Бесті –
3. Қу мүйіз –
4. Өрелеу - түркімендік жүйрік жылқы

тұқымы.

Бес жастағы жылқы

Көп нәрсені бастан кешірген, ысылған, төселген.

Аттың алдыңғы аяқтары мен артқы бір аяғын шалып байлау, өре (шідер) салу.

Шығармашылық тапсырма.

1. «Менің тұлпарым», «Туған жерге келе жатқан Қозыкүрен» тақырыбында сурет салу, сурет бойынша әңгімелеу.

Қорытынды. Үйге тапсырма: «Туған жерді сағындың ба, Қозыкүрең?» Әңгіме желісі бойынша ертегі жазу.



### АҚЫЛДЫҢ КЕНІ

*Оқу, білім - жанған шырақ ойласаң,*

*Үйренерсің, іздеп көрсең, қалмасаң.*

*Қу өнерді, бу белеңді, жігер сал,*

*Пайда аларсың, қуанарсың, тоймасаң.*

*Жүсіпбек Аймауытов.*

*Мұғалім - зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі сияқты.*

*К.Д.Ушинский.*

## ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ. ЕҢЛІК-КЕБЕК

Мақсаты: ақпаратты саралап, негізгі түйінді таба білуге дағдыландыру; шығарманы түсініп оқу, салыстыру, қорытындылау дағдыларын жетілдіру. Кейіпкер тағдырына ортақтастыра білу, қауымдасып жұмыс істеуге, бір-бірінің пікірін дамыта отырып, өзара сыйластыққа үйрету.

Күтілетін нәтиже: дастанның мазмұнын, идеясын түсінеді. Басқалардың және өз пікірін сыни тұрғыда бағалайды. Шығармашылық қабілеттері байқалады. Топта бірлесе жұмыс жасайды.

Сабактың әдіс-тәсілдері: жеке жұмыс, топтық жұмыс, тест, «Ойлаудың 6 қалпағы», РАФТ, эссе.

Көрнекіліктер: ақын суреті, шығармалар жинағы, интерактивті тақта, А-3 парағы, флипчарт, стикерлер, оқулық, Power point таныстырылымы, бейне көрсетілім.

Оқушылардың өзін-өзі бағалау парағы.

Сабактың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: үй тапсырмасын тексеру.

### РАФТ

I топқа	II топқа	III топқа
Р- оқушы	Р- оқушы	Р- оқушы
А- Кеңгірбай	А- Еңлік	А- қазаққа
Ф-хат	Ф-хат	Ф-хат

Т- би кесімі туралы Т- ел бірлігі Т-жастар махаббаты

I. Қызығушылықты ояту

1. «Еңлік-Кебек» әнін тыңдатамын.

Мағынаны тану

I тапсырма. Тест сұрақтары.

1. Поэмаға өзек болған оқиға қай ғасырда өткен?

А. 15 ғ. В. 17 ғ. С. 18 ғ.

2. Матай ненің атауы?

А. Ру; В. Жер; С. Тау.

3. Еңліктің нағашысы кім?

А. Бөгенбай; В. Қабанбай; С. Наурызбай.

4. Нысан абыз кім?

А. Батыр; В. Балгер;

С. Би.

5. «Қыз алды да, жөн жауап бермеді» деп, Матайлар не алып кетті? А. 1 табын сиыр; В. 1 отар қой;

С. 1 қос жылқы.

2-тапсырма.

Төмендегі шумақтарды сюжет желісіне қарай ретімен орналастырыңыз:

А. «Ей, абыз! Аш балыңды, қобызыңды тарт,

Алар ақың бар болса, мойныма арт.

Балыңа не түссе де, жасырмай айт,

Жалғыз-ақ сол арасын қыламын шарт.»

В. Шал мен кемпір, тағы бір малшы бала,

Бар екен бір бойжеткен қызы және.

Киіз үй, малды айнала шарбақ қорған,

Там, қора жоқ, кісісі төртеу ғана.

С. Кебек сонда шалға айтты: - Ей, ақсақал,

Өзің таңдап түлкінің біреуін ал.

Бағыңа кез келген бұл бір олжа ғой,  
 Жығыт тымақ істетіп сандыққа сал!  
 Б. Надан жұрттың болады діні қатты:  
 Қабекене тапсырмай аманатты,  
 Шеткі Аңшоқы басында қалған бала,  
 Шырқырап күн батқанша жылап жатты.  
 3 - тапсырма.

«Иә» немесе «Жоқ» сөздерінің бірін айналдыра  
 сызындар немесе қанатша белгісін қойындар.

№	Сұрақтар	Жауабы	
1	Поэмадағы Токтамыс Кебектің жақыны.	ия	жоқ
2	Кебек Нысан абыздың бол- жауын уайым- дап қайғырып жүрді	ия	жоқ
3	Кебек Еңлікті көру үшін ар- найы іздеп келді	ия	жоқ
4	Еңліктің аманат- ты орындалып, екеуінің баласы Кеңгірбай биге тапсырылды	ия	жоқ
5	«Сен өлген жерде мен де өлемін» деп Кебек Еңлікке уәде берді	ия	жоқ

4 - тапсырма. Мына кесте не туралы? Сен шығармаға  
 қандай тақырып қояр едің?

Қашан?	Қайда?	Қандай тақырыппен?
1890 жылы	«Дала уәлаяты» газеті.	«Қазақ тұрмысынан хикая»
1892 жылы	«Дала уәлаяты» газетінің отыз бірінші және отыз тоғызыншы сандарында.	«Қазақтардың естерінен кетпей жүрген бір сөз»
1912 жылы	Семейдегі «Жәрдем» ба- спасынан жеке кітап болып жарық көрген.	«Жолсыз жаза яки кез болған іс»

5-тапсырма. 1-топқа: оқиға осыдан 300 жылдай бұрын  
 жазылған. Қалай ойлайсыздар, поэманың шешімі біздің  
 заманға сай ма? Екі жастың арасындағы сезімді біздің  
 заманымыздағы жастардың арасындағы сезіммен  
 салыстырыңыз. Жауабыңызды поэма мазмұнына сүйене  
 отырып жазыңыз. 2-топқа: Еңлік пен Кебектің өліміне  
 кім кінәлі деп ойлайсыздар? 3-топ: Еңлік пен Кебекке  
 қолданылған жазамен келісесіз бе? Сіз Кеңгірбай би  
 болсаңыз қандай шешім қабылдар едіңіз?

Ой толғаныс. Ойлаудың алты қалпағы.

1. Ақ қалпақты топқа: дастанның мазмұнын  
 айту тапсырылады. Сол кездегі тарихи  
 оқиғамен байланыстырады. 2. Сары қалпақты топқа:  
 Дастанның сәтті тұстарын айту тапсырылады. 3. Қара  
 қалпақты топқа: дастанның сәтсіз тұстарын айту тапсы-  
 рылады. 4. Қызыл қалпақты топқа: Еңлік пен Кебектің  
 кездескен тұсынан монолог оқу тапсырылады. 5. Жасыл  
 қалпақтарға: дастандағы билердің таласына сахналық  
 көрініс көрсету. 6. Көк қалпақты топқа: барлық 5  
 қалпақты бақылап, тапсырмаларды қаншалықты дұрыс  
 не бұрыс орындағаны жөнінде жазып отыру тапсы-  
 рылады. Үйге тапсырма: «Ғашықтың тілі- тілсіз тіл»  
 тақырыбында шығарма жазып келу. Бағалау.

**М.КҮЗЕМБАЕВА,**  
**№ 36 негізгі орта мектеп.**  
Қарағанды облысы,  
Қарқаралы ауданы,  
Мәди ауылы

## **МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ. САҒЫНДЫМ**

Сабақтың мақсаты: білімділік-М.Жұмабаевтың шығармашылығы жайлы ақпарат бере отырып, «Сағындым» өлеңін мәнерлеп оқыту, талдау, алған білімдерін әр түрлі тапсырмалар арқылы жүйелеу; дамытушылық-балаларды тез ойланып, жауаптарын тиянақты айта білуге дағдыландыру; тәрбиелік-оқушының тіл байлығын жетілдіру, М.Жұмабаев сияқты өз тілін, елін, жерін сүйе білуге тәрбиелеу. Сабақтың түрі: Жаңа сабақ.Сыни тұрғыдан ойлау және жазу технологиясы. Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, мәнерлеп оқу, жаңа технология элементтері арқылы түрлендіріп өткізу. «Сыни тұрғыдан ойлау және жазу технологиясы». Пәнаралық байланыс: тарих, қазақ тілі.

Сабақтың көрнекілігі: М.Жұмабаев шығармалар жинағы, өлеңдер жинағы, слайдтар. «Аңыз адам» журналы. №1(37) 2012 ж. «Бес арыс» атты кітап. Әдебиет теориясы. Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын сұрау. Сабақтың эпиграфы: «Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да, Абайда...Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз-Мағжанның сөзі.Одан

басқамыздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін».

М.Әуезов, ұлы жазушы.

III. Негізгі бөлім.

Мағжанның барлық өмірі - поэзиясында
Мағжан -ұлы ақын
Мағжан- лирик, сыршыл ақын
Мағжан - эпик

Осы тақырыптар аясында өз ойымызды ортаға салсақ. Оқушылар ойын тыңдаған соң, мұғалім толықтырып отырады.

1) Неліктен Мағжан өмірін оның поэзиясымен тоғыстырамыз?

Мұғалім. Мағжанның барлық өмірі - поэзиясында. Ақын ел ішіндегі әлеуметтік, қоғамдық өмірге белсене араласады. Соларға ақындық үн қосып, өз өлеңдері мен мақалаларын баспасөз беттерінде жиі жариялап отырады. Бірнеше өлең жинақтары жарық көреді. Мысалы, «Шолпан» атты тұңғыш өлеңдер жинағы. Мағжан өлеңдері негізінен халқының, ел - жұртының тағдырына бағышталған. Ақынның еліне, халқына, бүкіл түркі тілдес, қандас халықтарға деген сүйіспеншілігі, оның жырларынан анық көрінеді.

2) Неге Мағжанды ұлы ақын дейміз?

Мұғалім. Мағжан - ұлы ақын. Қазақтың кемеңгер жазушысы М.Әуезов: «Абайдан кейін Мағжанды сүйемін...Мағжан культурасы зор ақын...Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілігіне қарағанда бұл бар заманның шегінен асқандай ... бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз -Мағжанның сөзі» деп, оның



ақындығын да, әдебиет тарихындағы орнын да дөп басып айтқан.

3) Мағжанның лирик, сыршыл ақын аталу себебі неде?

Мұғалім. Мағжан - лирик, сыршыл ақын. Оның поэзиясының қомақты жағы - лирикалары романтикалық асқақ сезіммен өрілген. Жан тербетеді, адамды нәзік, сұлу сезімдерге бөлейді. Ақын лирикасының тақырыптары сан алуан: туған жер, атамекен, халық тағдыры, адамгершілік, шынайы махаббат.

Мағжан - сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін, үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шертеді, не жазса да, сырлы, көркем, сәнді жазады.

*Жаралдым топырағыңнан, сен - түбім,*

*Жалғаны жоқ бәрі сенен жан - тәнім.*

*Сенен басқа жерде мәңгі қараңғы*

*Жарық болар Шолпан, Айым, сен - Күнім.*

Мұғалім. Мағжан - эпик ақын. Оның қаламынан «Батыр Баян», «Қорқыт», «Жүсіпхан» сияқты поэмалар туған. «Батыр Баян» поэмасында өзінің халқына, Алашына деген перзенттік жүрегінің ыстық сезімін өлең өрнегіне шынайылықпен түсірген. Ақылгөй, далагөй ақын бабаларымыз бен аты-шулы батырларымызды жыр арқауына енгізіп, асқан ілтипатпен бейнелеген.

Мұғалім. Ж.Аймауытов: «Мағжанның ақындық» күші, сөзге еркіндігі, суретшілігі «Баянда» толық көрінеді. Абай айтқан сөз патшасы «Баянда» бар. Адамдардың мінезін дұрыс келтіру, махаббатты, батыр-

ды, соғысты, өлімді суреттеуі өмірді түйе білгендігін көрсетеді. «Баян» - қазақ әдебиетінде бола бермеген табыс.»-деді. Хронологиялық кесте бойынша жұмыс.

Жылдар	Басты оқиғалар
1893ж.	Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданында дәулетті отбасында дүниеге келген.
1897ж.	Ауыл балаларына арнап әкесі Бекен ашқан мектептен төрт жасында сауат ашады.
1910ж.	Уфаға барып, білім деңгейі жөнінен сол кездегі жоғары оқу орны саналатын Медресе-Ғалияға түседі.
1913 - 1917жж.	Медресе-Ғалиядан кейін орыстың Сібір университеті атанған Омбы мұғалімдер семинариясында оқиды.
1923 - 1927жж.	Мәскеудің әйгілі Валерий Брюсов жетекшілік ететін әдебиет-өнер институтында оқиды.
1929ж.	Қазақ зиялыларының бір тобы тұтқынға алынғанда, Мағжан солардың ішінде кетіп, Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жабылады.
1936ж.	Аз уақыт азаттық алып, Қызылжарға қайтып келеді де, орта мектепте орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді.
1937ж.	С.Сейфуллиннің шақыруымен Алматыға келген.
1938ж.	Мағжанның баянсыз ғұмыры біржола үзіледі.

1. «Артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз - Мағжанның сөзі» *(М.Әуезов)*

2. «М.Жұмабаев - Абай мен қазіргі қазақ поэзиясының арасындағы поэтикалық көпір» *(Ғ.Ибрагимов)*

3. «Мағжанның ақындығы да, кісілігі де ерекше бөлек еді. Ақындық өміріне, біліміне келсек, алаштың екі күшті адамының бірі, тіпті ең дарындысы, күштісі Мағжан болатын. Бірі - біздің осы күнгі М.Әуезов» *(С.Мұқанов)*

Халқымыздың осындай аптал азаматтарының пікірлеріне қарап, М.Жұмабаевтың жұлдызы қазақ өлеңінің аспанында ерекше нұрланып, жанып, жарқырағанын байқауымызға болады.

М.Жұмабаев өз өлеңдерінде туған жерге деген махаббат тақырыбын айрықша жыр арқауы еткен. Қане, туған жер, атамекен тақырыбына арнаған қандай өлеңдерін білесіңдер?

- «Сағындым», «Сүйемін», «Туған жер», «Туған жерім - Сасықкөл», «Көкшетау», «Орал тауы», «Жел», «Түркістан», т.б.

**Сен білесің бе?** Өлең құрылысы туралы.

Өлең тармақтардан тұрады. Оны өлең жолдары дейміз. Әр тармақ бунақтардан тұрады. Бунақ дегеніміз тармақтардың ырғаққа қарай бөлінуі. Бунақты буын жасайды. Өлең тармақтарының санына қарай шумақ шығады. Қазақ өлеңі көбінесе 4 тармақтан тұрады. Әр тармақтың аяғындағы буындар үндестігінен ұйқас шығады.

М.Жұмабаев өлеңдерін саралап жазып көрсету.

Ақын өз өлеңдерінде туған жерге деген жүрек жарды жырын Сарыарқасына, дүниеге келген жері Сасықкөліне арнаған. Өлеңнің әрбір жолы перзенттік сүйіспеншілікке толы. «Сағындым» өлеңін талдау.

Ақын нені, кімдерді сағыныпты?

Ақын абақтыға кімдер үшін түсті?

Ақынның қайтпас қайсар мінезін өлеңнің қай тұстарынан тануға болады? Ол ақынға мінездеме беруге көмектесе ме? Өлеңнен теңеу сөздерді тап.

Өлең-трагедиялық өлең, лирикалық кейіпкердің (Мағжан) басынан өткізген азапты күндері, тар қамауда

күн сәулесін көрмей отырып, ақын рухы асқақтап сөйлейді. Өлеңнің әр шумағына талдау жасау керек.

Бірінші шумақта ақын кімді сағынды? -Анасын, «қарлығашым, құлыным» деп зарлаған анасын сағынды.

Екінші, үшінші шумақта ақынның түрмедегі жайы суреттелген. Оқушылар «Түрме қандай?» деген сұраққа өлеңнен мысалдар келтіреді. -Қабырғасы қара тас, ауыр иіс, қараңғы, тапал, салқын, есігінде қара құлып, кіпкішкене терезе, онда темір тор, т.с.с. Төртінші шумақта ақынның нәзік жүрегін алтын күнге, қара жерге, жан жолдасы жүйрік желге, асау тайдай еркелетіп өсірген ағайынға, туған елге деген сағыныш сезімі билейді. Сағыныш пен қамығу сезімі көңілдің толқыны сияқты кезектесіп отырады. Сағыныш ақындар үшін мәңгілік тақырып... «Сағындым» өлеңінің құрылысын талдау. Төрт тармақты шумақ, ұйқасы а,а,ә,а, қара өлең ұйқасы, 11 буыннан тұрады. Көмек -нұсқау.

Мағжан кім?	Мен кім?	Әңгіме-сыр

«Аңыз адам» журналына шыққан Бауыржан Момышұлының «Мен Мағжанды көрдім» атты деректерді оқыттым.(№1(37) 2012ж).

Әрбір қазақ Отанды, елді, жерді сүюді Мағжаннан үйренуі керек. (М.Айтқожина). Мағжан бойындағы бүкіл қасиет - оның поэзиясында. Ендеше, Еркеш Ибрагимнің мына өлең шумағы арқылы ойымызды түйіндейміз:

Ақын болу дегенің - теңіздейін тебірену,

Ақын болу дегенің - анадайын емірену.

Ақын болу дегенің - арыңа бір шық тұрмау,

Ақын болу дегенің - жүректерді тұтқындау. Ақын

айтқан осы қасиеттің бәрі Мағжан бойында бар екеніне көзіміз жетті. Мағжан-сыршылдығымен, суретшілігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді, күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті. (Ж.Аймауытов)

Үйге. «Сағындым» өлеңіндегі толқытып-тебіренген сөздерді, жыр жолдарын жаттап келу. «Сағыныш» тақырыбына шығарма жазу.

Бағалау.



### **АҚЫЛДЫҢ КЕНІ**

*Жақсы тәрбиеші міндетті түрде өзінің жұмысын күнделігіне жазып отыру керек, оған бақылаудағы кейбір байқағандарын, оқушылардың қырын танытатын жағдайларды, олармен әңгімесін, оқушысының алға басуын жазып, әр түрлі жастағы балалардың бәрінің басында кездесетін дағдарысын немесе бетбұрыс жағдайларына талдау жасап, жазып отыруға тиіс.*

*А.С.Макаренко.*

*Педагог - бұл жас ұрпақтың бойына ғасырлар бойы жинақталған барлық асылдарды сіңіруші, ал оларды соқыр сезімдерден, жамандықтардан және жұқпалы мерездерден аулақтаушы адам.*

*А.В.Луначарский.*

*Мұғалім- мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл-әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі.*

*Я.А.Коменский.*

Абай Құнанбайұлының туғанына 170 жыл!

**Ұ.БИСЕНБАЕВА,**

**Абай атындағы орта мектеп.**

Ақтөбе облысы,

Әйтеке би ауданы,

Ақкөл ауылы

## **АБАЙ ӘЛЕМІ**

*(8- сынып)*

Сабақтың мақсаты: білімділік - Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын қорытып, алған білімдерін тексере отырып, оқушылардың танымын кеңейту, сөздік қорын молайту; дамытушылық - Абайды жан-жақты оқып, білімін толықтыруға, ізденушілікке қалыптастыру, сөздік қорын молайту және ой-өрісін дамыту; тәрбиелік - ақынның сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, Абай өсиеттерінен нәр алғызу арқылы ақын армандаған толық адам тұлғасын қалыптастыру. Көрнекілігі: Абай портреті, слайд, кітап көрмесі, сөзжұмбақ. Түрі: қайталау, қорыту сабағы. Әдісі: сұрақ-жауап, іздену.

Сабақтың барысы:

1.Ұйымдастыру бөлімі. 2.Үй тапсырмасы. 3.Өзіндік жұмыс. 4.Үйге тапсырма. 5.Бекіту. 6. Бағалау.

I. «Мағынаны ашу». Бастаушы Абайдың өмірі туралы қысқаша мағлұмат береді. Жалғастырушы Абайдың шығармаларына тоқталды. Қорытындалаушы Абай кім және ол қандай жан екенін айтып өтеді.

II. «Бой сергіту».

1. Абайдың әкесі кім? (Құнанбай)

2. Абай қай жылдары өмір сүрді? (1845-1904)

3. Абайдың рухани ізбасары, әлем әдебиетінің классигі, «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы? (М.Әуезов)

## АБАЙДЫҢ АҚЫН ШӘКІРТТЕРІНІҢ БІРІ - ӘРІП ТӘҢІРБЕРГЕНҰЛЫ

4. Ұлжан Абайға кім болып келеді? (анасы)
5. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим)
6. Абайдың руы? (Тобықты)
7. Абай қай жерде дүниеге келді? (Шығыс Қазақстан облысы, Шыңғыстау баурайы, Қасқабұлақта)
8. Абайдың 1886 жылы шыққан өлеңі. (Жаз)
9. Абайдың аяқталмай қалған поэмасы? («Әзім әңгімесі»)
10. «Теректің сыйы», «Тұтқындағы батыр» шығармаларын кімнен аударған? (М.Лермонтов)
11. Абайдың қандай күйлері бар? («Май түні», «Желдірме»)
12. Абайдың неше поэмасы бар? (3)
13. Абай кімнің ертегісін тындап өсті? (Әжесінің)
14. Абай «Приходская школада» неше жыл оқыды? (2 жыл)
15. Әбдірахман Абайдың қай әйелінен туған баласы? (Ділда)

III. «Сен маған, мен саған» (Сөзжұмбақ шешу)

IV. Шығармашылық жұмыс.

М.Әуезов Абай шығармаларын 5 түрге жіктеді	Абайдың шығармаларын сен неше түрге бөлер едің?
Абайдың жас шағындағы өлеңдері	
Абайдың лирикасы	
Абайдың поэмалары	
Абайдың аудармалары	
Абайдың қарасөздері	

V. «Шебер қолдар». Мұнда әр оқушы Абайдың шығармалары бойынша сурет салады.

VI. БББ стратегиясы. Бұл тапсырма дәптерге орындалады.

Үйге тапсырма: «Менің сүйікті ақным» тақырыбына ессе жазу.

VII. Сабақты бекіту (Желсіз түнде жарық-ай) өлеңін хормен айту.

VIII. Білімді бағалау.

XX ғасыр әдебиетінде орын алған қазақтың көрнекті ақыны Әріп Тәңірбергеновтің (Шын аты-Мұхаммедғарып) өмірі мен шығармашылығын зерттеген Қайым Мұхамедханов “Мен Әріп ақынның шығармаларын жинап, зерттеумен 1939 жылдан шұғылдана бастағам. Әріп ақынның шығармаларын ең көп білетін шәкірті Шұғыбан Қауменов еді” деп жазды 1995 жылы шыққан “Абайдың ақын шәкірттері” деген еңбегінің 3-кітабында. 1969 жылы Әріп ақынның “Жазушы” баспасынан “Ұмытпаңыздар мені” атты тұңғыш жинағы жарық көреді. Ә.Тәңірбергеновтың шығармашылығының толық зерттелмей келу себептерін алақұйын заманның кесірі екенін ғалым Қ.Мұхамедханов баса айтады.

Қазақ халқының әлеуметтік тіршілігі, күйзелген шаруашылығы, титығы жеткен тұрмысы Әріп ақынның намысын оятып, Абай дүниетанымы негізінде халқымыздың тарихы мен мәдениетін оқып, үйрене отырып, өз тұжырымын, байлауын ортаға салады. Нәтижесінде ойы мен пікірі қарапайым халықтың талғамына сай келіп, шығармалары ел жадында сақталып қалған.

1936 жылы “Социалистік Қазақстан” газетінде ақынның екі өлеңімен Т.Қасенұлының “Әріп ақын” атты мақаласы жарық көрген. Кеңестік кезеңнің сынына ұшыраған шығармалары жарық көрмей жатса да, ақынның ақындық таланты, терең парасаты қазақ поэзиясында нақтыланып қалады. Халық әдебиетінің қайнарынан сусындап өскен ақын туған халқының мәдениеті мен тарихына деген

сүйіспеншілігін өлең-жырына арқау еткен.

1856 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Жарма ауданы, Үш биік ауылына қарасты Еңірекей елді мекенінде дүниеге келген ақын, мұсылманша алған діни білімі, 11-12 жасында Семей қаласындағы миссионерлік мектептен алған терең білімі, орысша білуі ақынның білімге деген құштарлығын аңғартады. 1877 жылы 21 жасында Семейдегі училищеге оқуға түсіп, аса қабілетті үздік оқушы болғаны, ақындық қабілетімен қоса, ауылдағы мұғалімдік еңбегі де бос кетпей XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінен көрнекті орын алған Әріп Тәңірбергенұлының еңбегінің жандана түскенін айқындайды.

Шәкір Әбенәв: *Туыпты Абайдан соң Әріп асыл,  
Жаратып Құдай артық газиз басын,  
Сынасын сөзінен-ақ милы қазақ  
Қандайлық десе білім дәрежесін,  
Жатқа айтып, қара сөздей сөйлеуші еді.*

*Құранның отыз пара мағынасын,*

- деген сөзінен Әріптің қадір-қасиетін, терең білімін, табиғи дарынын шәкірттері де тебірене жырлаған екен. Көкбай ақынның: *Семейге Абай келсе бізге думан,*

*Ән салып, босамаймыз айқай-шудан.  
Бас қосу, бақастасу, мәжіліс құру,  
Секілді бір ғылымның жолын қуған.  
Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп,  
Өзгелер отырады аузын буып,*

*Бір барсаң, мәжілісінен кеткің келмес,* -деген өлең жолдарынан Абайдың соңынан ерген бір топ шәкірттерінің бірі Әріп те осындай жиындардан қалмаған. Бұл - Әріптің Семей училищесінде оқып жүрген кезі. Осы уақыттан бастап өлеңмен қатар, оқиғалы шығармалар «Қожа Ғафан», «Қисса Таһир», «Қисса-Зияда-Шаһмұрат» дастанын жаза бастаған.

Сапарғали Әлімбетов (1889-1956). «Жастайымнан

тәңірдей құрметтеп оқығаным Абай болды, онан соң мені Әріп ақындыққа баулып тәрбиеледі.» (Есмағанбет Исмаилов –“Атамұра”, 1956ж, Алматы, 297-бет) деуі сол кездегі ақындардың сөзге жүйрік ақындардан үлгі ала отырып, ақындық дәстүрді жалғастырып, әдебиетіміздің дамуына шоктығы биік шығармалар жазып қалдыруы еді.

*Семейден алтын ойлы Абай туып,  
Күрескен көп наданмен белін буып,  
Абайдың үлгісімен барлық ақын  
Сөзінің тазалаған кірін жуып.  
Абайдың бас шәкірті ақын Әріп,  
Атағы кеткен жүйрік жерді жарып.  
Бір ол ма барлық қазақ ақынына  
Шынында Қыдыр болған Абай дарып,*

- деген жолдарынан Әріптің де Абай соқпағына өз ізін салып кеткенін көреміз.

Әріп ақын жайында М.Әуезов “Абай мектебіне кейіннен қосылған елеулі, ірі талантты, үлкен ақындардың бірі-Әріп...” “... Абай аты аталып, жазылған өлеңдерінің мазмұны: ғылым, еңбек туралы, елді зорлаушы жуан содырлар туралы сыншыл, сатиралық шығармалардан құрылады,”-деп жазған.

А.Нұрқатов “Абайдың ақындық дәстүрі” еңбегінде “Абайды әділет пен шындықтың жыршысы, адамның адал қасиеттерінің жыршысы деп білген Әріп оның тұлғасынан, рухынан көз жазған жоқ. Ол қашан да Абайға шын ақындық үлгісі шығармашыл авторитет ретінде қарады,-” деп бағалаған.

Бауыржан Ердембеков «Әріп Тәңірбергенұлы-қазақ әдебиеті бетінде ешкімге ұқсамайтын оқшау, өзіне ғана тән өрнек қалдырған күрделі тұлға»- деп баға береді.

“Шәкірті Сапарғали ақын Әріптің Абайдан үлгі-өнеге алғанын айта келе өзіне қалай әсер еткенін жазады.

*Өзімнің оқытушым ақын Әріп,  
Басталған атасынан өлең дарып,  
Сүйінбай атақты ақын Жамбылменен,  
Айтысқан Алматыда ерте барып.  
Әріптің өзі Абайдың сөзін оқып,  
Сақтаған көкейіне жастан тоқып,  
Солардың түпсіз терең сөздерінен,  
Бір әсер жүрегіме қонған толқын.*

(Семей облыстық “Екпінді” газеті, №53,16 март,1945ж.)

Бұдан Әріп кейінгі халық ақындарына үлкен әсер етіп, оларды жазба әдебиеті үлгісінде тәрбиелеген. Әріп ұлы ұстазының әдебиеттегі дәстүрін таза сақтап, өзі де ақындарға ұстаз болған.

#### **Абай өнегесінің Әріп шығармасымен байланысы**

Суырып салма дарынымен айтыс өнерінде танылған Әріптің жүйріктігін Сәдір, Әсет, Бейсеке, Қуанышбай, Көкбай, Боранбайлармен айтысынан білеміз.

Шығыс ертегілерінің сюжетіне құрып жазған 4 қисса үлгісі, сондай-ақ ислам дінін жақсы біліп, артына аталы сөз өрнегін қалдырған Әріп ақынның да өз елінің атқамінерлерінен көрген әділетсіздікке арнау өлеңі арқылы ұшқыр, жебедей өткір сөздерін пайдалана жазған. Мысалы: Изембайға, Қабділдәға, Бейсекеге, Ғапылдың тірлігі, Тұрғали болысқа, Әжібайға, Мырзаларға т.б.б.арнау өлеңдерінен халық есебінен күн көретіндерді сын тезіне салғанын аңғаруға болады. Сөздері тұрлаусыздар, елге келер зілзаладан кем емес екенін ашына айтады. Турашыл, бірбеткей шындық қысқанда арқасы қозып, сыйластықты ысырып тастап, пендешілік кездерін бетке басатын Әріптің мінезіне төтеп бере алмағандар сырттай айбаттанып, арыз- шағым арқылы тұқыртпақ болады. Алайда ол сауатты, біліктілігімен оларды сан соқтырып отырады.

Әріп-Абайдың талантты шәкірттерінің бірі. Өз

шығармашылығы арқылы Абай дәстүрін үйренуші, ілгері жалғастырушы. “Абай мұрасы уақыт өткен сайын қазақ қаламгерлерінің сөзіне—тұздық, ой-пікіріне қаншама дәйекті, мәйекті сөз болып, өнерлі сөздің өресі болғаны, айқын жол сілтей білгені анық. Оның рухани мұрасын жанына азық, өнеріне қазық еткен тұлғалар оны әр қырынан танып, Абайдың ақын шәкірттері боп жалғасын тауып жатыр. Мың құбылған заман ағымында заңғар биігінен көрініп, көзі ашық, көкірегі ояу тұлғалардың ізгі нұрын дарытқан дана Абай құдіреті жанам деген жүректің рухани азығына айналғанын көреміз.”

Ақын шығармаларының тақырыбы да сан алуан. Қолма—қол суырып салып айтқан әзіл-қалжың, арнау, жұмбақ, махаббат, айтыс өлеңдері бар. 17 ақынның айтыстары өзін қатты қызықтырған, суырып салып айтуды өмір бойы тастамаған. Өмір бойы қолынан қаламы түспеген ақынды мектеп бағдарламасына лайықтап, жергілікті ақын—жазушылар шығармаларын насихаттайтын курсқа негіз етіп алуға болатын өлеңдерін атап көрейік.

Ақынның Міржақып Дулатұлы мен Әлихан Бөкейханұлына арнаған арнау өлеңі арқылы жұрты үшін бейнет көргендер тұлғасын беруде Абай дәстүрін жалғастырып, “Жаужүрек қыран көзді арыстаным, азуы алты қарыс айдаһармен, халқы үшін сөз жібермей намыстанғаны, азаттық жолындағы саналы көзқарасы, жұртын жаңа заман ағымына бастай білген саңылақ ерлердің шынайы келбетін арнау өлеңдерінен байқаймыз.

*Я, раббым, рахметіңмен сақта жолын,  
Ауыстыр кеңшілікке істің сорын.*

*“Ел дұшпансыз болмайды” деген сөз бар*

*Жарық қыл қасіреттен көңіл буын.*

*Болғанда бірің-Төре, бірің—Арғын,*

*Жетіліп жаңа шыққан жасыл шалғын.*

*Данышпаны қазақтың екі көзі*

*Ұлты үшін бейнет шеккен егіз балғын,*

- дей келе қазақтың қамын ойлаған қос қыраным, арыстаным, сом алтыным деп әдемі ой өрнегімен бере отырып, халқым, ұлтым деп жүргендерге елі ақ құс сияқты көрінер дегенмен соның бәрі сұңқар емес, қанаты бар дегенмен олардың арасында қарғалардың да жүргенінің оқыс жағдай бола қалса, қазақ соқырға айналатынын өлең шумағына шебер колдана отырып, метафоралық тіркестерді, афоризмді, мақал-мәтелдерді сәтті пайдалана білген. Мысалы: қанды көз, мұзды балақ, қос қыраным, өлшеусіз бағасы жоқ сом алтыным, шешен тіл саясаттың саясында, жарық қыл қасіреттен көңіл буын. (1.186-187-бб.)

”Тәуба” өлеңі де кез келген пендені ойландырып -толғандырары сөзсіз. Жастық шақтың жалын атқан асау тұлпар кезінде жігіттерге Аллаға жалын, қастық ойлап, бір-біріңе зиян етпе, пайдасыз бос сөйлеме, пендеге рақым етіп нұр шашатын да Аллаң. Тәубаға тірі тұрғанда берік бол, білместік -қараңғы жол, содан қорық, бұл күнің бір күндік боп кетер солып дегендей үлгілі сөз өрнегін арнай отырып, адам бойындағы жағымсыз мінді мінейді.

Абайдай ұстазынан үлгі ала отырып, өз пайымдауын былай жеткізеді.

*Қатты сөз жарымдайды ақылыңды,*

*Майда сөз әркім тыңдар ақырын-ды.*

*Өзі теріс өзгені бұзық дейді*

*Өз мінезін ойламас тентек жынды.*

*Байқамас өзге дұрыс өзі бұзық,*

*Осы мінез барады елді бұзып.*

*Шайтанның жетегіне ерген екен*

*Бала емес тыңдағанға сөзі қызық. (1.172-бет)*

Мінез адамзат баласын өрге де, көрге де сүйрейді. Айтарын айтып кеткендердің сөзін салмақтай отырып, өз керегіңе жарату-кейінгілердің ісі. Керегін ал, керексізі өз сөзім дегендей “Абайдың ақын шәкірттерінің” шығармаларын

сұрыптап қолданып, оқытып үйретсең кейінгі толқынның кеудесіне мінез дарқандығын дарытар едік.

“Дәл ертең өзгереді бүгінгі күй” өлеңінде Абай сөзінің артықшылығын, тәлімгерлік тәрбиесінің мол екенін ескертеді де тұжырымдайды. Жастардың санасын жаулап алып жатқан заманға айтар ойы да анық, тек соны ұғар қазақ болса, егер төл әдебиетімізден алшақтасақ, ертеңгі күніміз не болар екен деген сұрақ шыға келері де айдан анық.

Әріп ақын бұл өлеңінде “Дүниені көпке арналған қонақ үй” сияқты, тұрлауы, баяны жоқ еш нәрсенің, жанарың жарқыраған мәңгі сөнер, заман өзгермей тұрмайды, есік ашып келіп-кетер әміршінің де тіршілігі зиян боп, тек жарқырап су шайса да, жел тисе де маздап жанып өшпей қалатын мәңгілік жақсылыққа әлдилеп тербейтін де, тура жолды нұсқайтын да Абай шығармалары екенін баса айтады. Өзі де осы Абай салған соқпақтан ұтымды сөз ұғып, өрнегін шынайы бере білген.

*Қазақтың қазынасы мақал-мәтел*

*Ақыл сөзді білмеген қалар өспей.*

*Тілің бай, көкірегің ояу болса*

*Өтерсің дүниеден бейнет кешпей.*

*Іздеп бақ жас шағыңда ғылым жолын*

*Бойкүйез, еріншекті жолға түспей.*

*Қақтықпай қайрат барда өнер үйрен*

*Бүгжеңдеп көрінгенге басыңды имей. (123 бет)*

“Болжаусыз дүниеге кім сенеді” өлеңі арқылы адамзат баласында болатын кесір мінездің кесапатын жайып салады.

*Ақын бар ағын судай арқыраған*

*Ішінде шөгіп жатқан кірді алады.*

.....

*Байлар бар қайырымсыз қалтыраған*

*Қарыздар ғып етіңнен шырды алады.*

*Қулар бар аузын ашып аңқаусыған*

*Ішіңнен кіріп кетіп сырды алады.  
Сараң бар қолдан тиын шығармайтын  
Ай тұрған алдауменен жылды алады.  
Опасыз бір сөзінде тұрлауы жоқ  
Асап жеп бір жылт етіп жоғалады.  
Бәрінен Абай сөзі артығырақ,  
Сыры көп, сырты сұлу, тым бағалы  
Кей ақынның сөздері маған мәлім  
Құрт салған шайдай болып былғанады... (1.122-бет)*

Ақынға қойылатын талапты деп басып, өзіндік өрнегін сала сипаттайды.

Ақын өленді кейінгі жастар ойлансын деп жазатынын “Ғылым туралы” өлеңінде былай деп айтады.

“Дүние-теңіз, ғылым-кеме” теңіз суы–ашы, яғни, дүние саған бар тәттісін ұсынып тұрған жоқ, кемесіз, яғни, білімсіз терең суға түсем деме, балық бар бұл теңізде неше түрлі, бұл ғылым-білім түрі байқамай қармақ салма, яғни, халықтың ой-санасын оятып, өз өміріңнің жарқын беттері үшін өзіңе лайық ғылым түрін тандап ал, “жел қайыққа мақтанба кеме десіп, жел соғып көтерілсе жоқ боларсың” дей отырып, кемесіз суға кетер арандаған, білімсіз көрген күнің ұят қой, малтумен анда–санда қараңдаған алданып, толқынға, батып кетпей, яғни, қиыншылыққа ыңғайлы бол, “Ғылым-кеме, көңілдің тиянағы” сонда сен табасың дұрыс жол деп ой толғайды. Ақын заманның жайын, алдағы күннің арманына тек біліммен сусындасаң ғана жететінін баяндап қана қоймайды, ғылымды қалай алуға болатынына жол сілтейді.

*Қазаққа келген жанның бәрі төре,  
Ақ жүрек аңқылдаған әмір бере.  
Көзсіз құлақ сияқты о да тапшы  
Жетілген екен деме оны көре.*

*Теңіздің тереңінде садып пен дүр,  
Тілімді ал, қанағат қыл, әдеппен жүр.  
Ғылым – дана, өмірде қор болмайсың  
Жаманменен жолдас болма, жақсымен жүр, - (118-119-  
бет) деп 11 шумақтан тұратын өлеңін болашақ жастарға арнап, өнегелі сөзімен аяқтайды.*

Абаймен үндестігі «Шәкіртіне айтқаны» өлеңінен байқалады:

*Балалар жат та, тұр да білуді ойла,  
Үнем түгел тұрмайды мұндай тойда.  
Жігіттіктің қадірін білімнен біл  
Салқылық, салақтықты былай қой да.*

Бір шумақ өлеңінің жалғасындай «Шәкірттеріме» өлеңі 2 шумақтан тұрса да, шәкірттеріне ішкі толғанысын «ғылымсыз алға қадам басу-қараңғылық, заман ағымында жұтылып кетесің, «ғылым-жарық, надандық –айсыз түндей» метафоралық тіркес, теңеу арқылы жастардың мақсатын айқын көрсетіп, жол сілтей отырып, өз өкінішін «кедейлікті, қол қысқалығын айта келе, аз оқығанын, тұстастарының ізденіп алға кеткенін айтып, шәкірттің мақсаты - тек оқу екенін баса айтады.

Талапты шәкірті Шұғыбанға арнап жазған арнау өлеңі Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңімен үндес.

*Ғылым білсең ашылар кеуде көзің  
.....  
Әттеген-ай, деп жүрме бірақ өзің.  
Күннен де деген сөз бар жарық ғылым,  
Жас күнде қалған жақсы білім алып.  
Ұлғайған соң түспей қап уысыңа  
Өкініп жүрме, балам, қапы қалып.  
Талаптан, жас күніңде ғылым ізде  
Елірме еріншектік тілге нанып.*



Өлеңінің сыртқы қалпы, ішкі құрылымы, тақырыптық бітімі, поэтикалық тіл мен идеялық ой тереңдігі Абай поэзиясымен үндесіп жатқанын байқайсың.

Өмір сүрген ортасы, сол дәуірдегі қоғамдық өмірдің қайшылықтарын, әр түрлі әлеуметтік топтардың мінез-құлқын бейнелеп көрсетуінде де сабақтастық бар.

*Ақылмен ойлап білген сөз,*

*Бойыңа жұқпас, сырғанар.*

*Ынталы жүрек сезген сөз,*

*Бар тамырды қуалар,*

-деген Абай тағылымын басшылыққа ала отырып, сөз күдіретін арттыра отырып кейінгі толқынға нақыл, өсиет түрінде айтқан әр өлеңіне көз жүгірткен сайын ақындық талғамы айқындала түседі.

“Ғылым туралы” өлеңі Абайдың “Ғылым таппай мақтанба”, “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” , “Интернатта оқып жүр” деген өлеңдерімен мазмұндас, сарындас екенін байқауға болады.

“Токтағанда”

*Ғылымға жас күнімнен еттім талип,* (араб сөзі ізденуші, талаптанушы)

*Талынып төрт лұғаттан тағлым алып.*

*Бір мен емес, әркімнен өткен өмір*

*Қарасам жан-жағымна назар салып,* - деуінен табиғи қабілетінің арқасында 4 лұғаты араб, парсы, орыс, қытай тілдерін меңгергенін көреміз. Өнер-білімді насихаттап, жастарды білім алуға шақырды.

Өнегелі өсиетімен, құнарлы сөзімен бастайтын шығармаларын оқып өскен жастар ел іргесін бекем етуге үлес қосары анық.

“Жастар туралы” өлеңінде төрткөз дүниенің төрт тарабы бір қалыпта тұрмай өзгерер, заманына қарай жастарды өз өнері асырайтыны, соған қажет ақыл, қайрат, қызыл тілмен

шеберлікке қоса, еңбек пен мінез үйлесімділігін жетілдірсе, дүниедегі толып жатқан құмарлықтан бойын аулақ салуға болатынын ескертеді. Мансаптың шыңына шығам деп, уақытыңды өткізіп алмау керектігіне болжам жасайды.

Әріп Тәңірбергенов шығармасынан Абаймен үндес шығармаларын салыстыра отырып, мектеп бағдарламасының курстарына енсе нұр үстіне нұр болар еді. Мектеп бағдарламасына лайықтап, жергілікті ақын-жазушылар шығармалары кеңінен насихатталып, іс-шаралар арқылы өз жүйесін тауып отырса, жастардың ұлттық құндылықтарды бағалай білулеріне жол ашар едік. Қай кезде болмасын Абай шығармалары темірқазықтай ұлтын адастырмай алып келе жатса, Абайдың ізін басқан, көзін көріп, көңіліне нұр сәулесін құйып алған ақын шәкірттерінен де кейінгі буынның алары көп екенін байқаймыз.

Әдебиеттер:

1 Әріп Тәңірбергенұлы шығармалары «Информ-Арна», -Алматы, 2006.

2 Мұхаметханов Қ. «Абайдың ақын шәкірттері» 1995ж.

3 Мұхтар Әуезов. «Абай шәкірттері туралы» атты мақаласы.

4 Кенжебаев Б. Әріп Тәңірбергенов, «Әдебиет және искусство». 1956ж. №2

5 Нұрқатов А. «Абайдың ақындық дәстүрі».

6 Ердембеков Б. «Абайдың әдеби ортасы» (монография) Өскемен қаласы.

**А.КЕНЖЕХАНОВ,**  
**Алғабас орта мектебі.**  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Күршім ауданы,  
Алғабас ауылы

## **АБАЙ АУЫЛЫНА САЯХАТ!**

*(10- сынып)*

Мақсаты: Абай шығармаларын талдай отырып, білімдерін жүйелеу, жинақтау және шығармашылық жұмыстар арқылы Абайды жан-жақты таныту; оқушыларды адамгершілікке, имандылыққа, асыл қасиеттерге тәрбиелеу және туған жердің тарихы мен тілінің қадір-қасиетін ұғындыру, мәнерлі сөйлеуге дағдыландыру, ой-өрісін, ойлау қабілетін, шығармашылық ізденісін дамыту.

Пәнаралық байланыс: тарих, математика, т.б.

Көрнекілігі: слайд, шрифтограммалар, кітаптар, плакаттар.

Түрі: саяхат сабақ. Типі: білімді жүйелеу, жинақтау сабағы.

Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, мәселелік, сайыс, т.б.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі: оқушыларды сабаққа әзірлеу.

2. Өтілген материалдарды жинақтау: оқытушының кіріспе сөзі.

Абай қазақ поэзиясының өсіп, гүлденіп, жаңа сапаға жетуіне орасан зор еңбек етті. Ақын жас ұрпаққа терең ойға толы, алуан өлеңдер үлгісін қалдырды. Абай мұралары – адамгершіліктің, имандылықтың, биік парасаттылықтың асыл қазынасы. Осыған орай Абай шығармашылығын жинақтау, жүйелеу мақсатындағы Абай атамыздың шығармашылығына саяхат сабағымызды бастайық. Алған білімдерін жинақтау мақсатында мәселелік сұрақтар (үй тапсырмасын пысықтау).

Оқушыға сұрақтар қойылады, сұраққа ойланып жауап беру керек.

1. Абайдың әкесі - Құнанбай қажы ел аузында текті адам

болған деседі, ал сен ол кісінің тектілігін қандай амалдарымен көрсете аласың?

2. Би–болыстар жұрт алдына мал–мүлкін салғанда, Абай жұрт алдына білімін салған еңбегі халық алдында қалай бағаланды?

3. «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген ел даналығы бар. Олай болса Абай бабамыздың жеті атасын атап бер.

4. Абай өлеңдері тәрбие арнасы деген сөз қаншалықты шындыққа жанасады, мысалмен дәлелде.

5. Абай - Шығыс пен Батыс әдебиетін жалғаушы күре тамыр. (Пушкин, Гете, т.б. шығармалары, аудармалары туралы айтып бер)

6. Абай ауылының жайлауға барар жолдағы қоныстарының бірі - Талдыбұлақ. Бұл туралы «Абай жолы» романының «Қайтқанда» тарауында баяндалады. Олай болса бүгінгі сабағымыздың ұлағатты ұлы сөзімен танысып өтейік:

*Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуға тиісті.*

*Н. Назарбаев.*

### **Міндетті деңгей.**

Асыл сөздердің жалғасын тап.

Жұмысы жоқтық

Тамағы тоқтық

-----

(Аздырар адам баласын)

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті

-----

(Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек)

Ғылымды іздеп,

Дүниені көздеп-----

(Екі жакқа үңілдім)

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек

-----

(Жылатқан тұла бойды ыстық жүрек)

Досы жоқпен сырлас

-----

(Досы көппен сыйлас)

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,

-----

(Алды – ойын, артқы жағы мұңға жуық)

Бой сергіту сәті.( Абай шығармасы есеп сабағында, «Абай жолы» романынан) Абай бабамыз тек әдебиет саласында емес, физика, биология, техника, т.б. салада еңбектері барын ескерсек деймін. Соның бірі - есеп.

Құнанбай олжасы (« Абай жолы» романы, I том, 100-бет) Аға сұлтан Құнанбай Қарқаралыға өз қаржысына мешіт салдырып, оның ашылу рәсімінде болып, мұсылман қауымнан алғыс алады, мырза атанады. Қайтарда Шұбартау, Дегелең, Абыралы қойнауынан жайлаған ауылдар арқылы жүреді.

Есеп шарты: Шұбартау, Абыралы, Дегелең қойнауын жайлаған 10 ауылдың ру басылары Құнанбайға сәйгүлік сыйлайды. Кестені пайдаланып, сан тізбегі арқылы сол 10 ауылдан алған сәйгүліктер санын анықта

Шұбартау

Абыралы

Дегелең

3 5 A3

A4 A5 A6 A7

A8 A9 A10

$d = 5 - 3$  S10 – 120

Жауабы: 120

Шрифтограммаларымен жұмыс.

1. «Шахмат атының жүрісімен»

1қ	н	қ	4с	і	ң	бқ	с
р	е	з		я	ы		с
о	а	а	г		ы	л	
2ж	д	с	а		а	л	

н	ы	м	й		б	з	д
а	а	ұ	т	ә	ғ	л	о
т	ұ	ғ	ы	а	б	ы	
з	р	б	Зд	а	5м		о

Берілген тор көздерді шахмат атының жүрісі бойынша асып өту керек. Бір басқан тор көзді қайталауға болмайды. Дұрыс шешкенде Абай өлеңдерінің атын оқуға болады. («Қансонарда», «Жазғытұрым», «Дүтбайға», «Сегіз аяқ», «Мәз болады болысың», «Қыс»)

Шығармашылық тапсырма. Абай өлеңдерінің жалғасын тап. (Ойдан өзі шығару керек)

----- Пайда ойлама, ар ойла,  
 ----- Талап қыл артық білуге.  
 Ұстаздық еткен жалықпас, -----  
 Үйретуден балаға. -----  
 Сабақты қорыту. Кестені толтыр.  
 Insert стратегиясы бойынша жұмыс.

V	+	?
Білемін	Б і л д і м ( м е н үшін жаңа ақпарат)	Білгім келеді

**Сұрақтары бар қорап.** Сыныпта қойылған қорапқа өтілген сабақ бойынша өз сұрақтарыңды қалдырыңдар. Бұл сұрақтар келесі сабақ басында талқыланады

Білімдерін бағалау.

Үй тапсырмасын беру. Абай қарасөздері қосымша материал әкелу, топ бойынша дайындалу.

Г.ТАРКЕШЕВА,  
№ 4 С.Сейфуллин атындағы орта мектеп.  
Қызылорда қаласы

## ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУДЫҢ ОҚУШЫ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

<b>Жалпы мақсаты</b>	Сабак барысында қалыптастырушы бағалауды пайдалану арқылы оқушы белсенділігін арттыруды үйрету, білім сапасын көтерудегі тиімділігін түсіндіру.
<b>Оқу нәтижелері</b>	Әріптестер бағалаудың жаңа үлгілерімен танысады. Мұғалімдер табыс өлшемдерін әзірлеуді үйренеді; Дәстүрлі бағалауға қарағанда оқыту үшін бағалаудың артықшылығын көреді.
<b>Әдіс-тәсіл</b>	«Дейін-Кейін» стратегиясы, жекелей, топпен, жұппен жұмыс.
<b>Ресурстар мен жабдықтар</b>	Бағалауды тексеру парағы, постер, АКТ, презентация, маркерлер, интербелсенді тақта, стикерлер, смайликтер, бейнеролик.
<b>Түйінді идея</b>	Оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауын бағалау қалыптастырушы (формативті) немесе Оқыту үшін Бағалау (ОҮБ) болып табылатынын түсінеді.
	Егер бағалау мақсаты жіктеу, сертификациялау немесе оқытуды жылжыту үшін оқыту қорытындысын шығару болса, онда өзінің функциясы бойынша бағалау жиынтық (суммативті) болып табылатынын және оны оқытуды бағалау деп атайтынын түсінеді. Бағалау түрлерін қолдану арқылы табысқа қол жеткізеді.
<b>Сілтеме</b>	Мұғалімге арналған нұсқаулық.

### Коучинг барысы

Уақыты	Тапсырмалар	Коуч-тың іс-әрекеті	Әріптестер іс-әрекеті
2 минут	Сәлемдесу	Коучинг тақырыбымен, оның мақсатымен таныстырады.	
Кіріспе бөлім (3 минут)	Психологиялық ахуал туғызу.	Ж а ғ ы м д ы п с и х о л о г и я л ы қ көңіл-күй орнату мақсатында қатысушыларды ортаға шақырып, екі қатарға тұрғызып, бір-біріне жылы лебіз айтуды ұсынады.	Жұптасып тұрып, бір-біріне жылы лебіздер айтады.
2 минут	Топтарға бөлу, топ мүшелерін анықтау.	Футбол доптары арқылы топқа бөлуді ұсынады. I топ «Қорғаушы», II топ «Жартылай қорғаушы», III топ «Шабуылшы»	Футбол доптарын алып, I, II, III топқа бөлінеді.
3 минут	Топ ережесін бекіту	Топта жұмыс бастамас бұрын топ ережесін бекітіп алуды ұсынады. Топты ұйымдастырады.	Топпен бірлесіп, топ ережесін жасап, оны қорғайды.
3 минут	«Дейін-Кейін» стратегиясының «Дейін» бағанын толтыру.	Әріптестерге бағалау туралы не білетіндерін тапсырады.	Әріптестер «Дейін» бағанасына бағалау туралы не білетінін жазады.
Негізгі бөлім (10 минут)	Постер қорғау	Барлық мұғалімдердің толық қатысуын қадағалайды. Постерге домбыраның суретін салуды ұсынады.	Постерге домбыраның суретін салады.

10 минут	Топ мүшелері бірлесіп жұмыс жасайды. Бірін-бірі бағалап, ойларын ортаға салады.	Әріптестер іс-әрекетін бақылайды.	Постерді қорғайды. Топтар бірін-бірі бағалайды. Өзара бағалайды.
3 минут	Талқылау, ой-тұжырым жасау.	Коучинг өнімді бағалайды. Пікірталас ұйымдастырады. Дәстүрлі бағалауға қарағанда оқыту үшін бағалаудың артықшылығын түсіндіреді.	Әріптестер пікірлерін ортаға салады.
3 минут	Табыс өлшемдерін жазу. Өлшемдер бойынша бағалау.	Бақылайды. Бағалауды ұсынады.	Табыс өлшемдерін бірлесе дайындайды. Бағалау шәкілі бойынша өздерін қайта бағалайды.
2 минут	Басбармақпен бағалау.	Табыс өлшемдерінен кейін қайта бағалауды ұсынады.	Топтар бір-бірін басбармақпен бағалайды. Өздері ортақ тұжырым жасайды.

3 минут	«Миға шабуыл»	Рефлексия сұрақтарын қояды. 1. Қойылған бағамен келісесіз бе? Неліктен? 2. Сіздің жұмысыңызды бағалаған кезде өзіңізді қалай сезіндіңіз? Неліктен? 3. Осындай жағдайлар сыныптарда орын ала ма? 4. Сіздің сабағыңызда оқушылар не үшін баға алғандарын біледі ме? Олар қалай және қайдан біледі? 5. Бағалау кезінде коуч қандай қателіктер жіберді? (топпен ақылдасады) 6. Осы тапсырманы бағалау үшін не істеу керек еді? Әріптестер пікірі тыңдалады, талданады.	
3 минут	Бейнежазба көрсету	Бейнежазбаны талдауды ұсынады.	Топ мүшелері пікір алмасып, қандай ой түйгендерін айтады.
2 минут	«Ас мәзірі» суретін талдау	«Ас мәзірі» суреттерін көрсетеді.	Өз көзқарастарын бүгінгі тақырыппен байланыстыра айтады

3 минут	Тұсаукесер	Бағалау түрлері туралы слайдпен қорытындылап, тұжырым жасайды.	Теориялық түсінік қалыптасады.
2 минут	Сауалнама толтыру.	Бағалауды тексеру парағын таратады	«Иә», «Жоқ» деп жабық сұрақпен жауап береді.
Қорытынды бөлім 2 минут	Жұптық жұмыс	Бағалауға ойыңыз өзгерді ме?	Жұп болып ортаға шығады. Жұпта талқылайды.
2 минут	Пікірталас. Табыс өлшемдері қажет пе, қажет емес пе?	Ой-пікірлерін ортаға салуды қадағалайды.	Өз ойларын айтады.
2 минут	Кері байланыс	Коучинг сабақтың мұғалімдер үшін қаншалықты сәтті болғанын бақылау үшін, тақырып бойынша не алғандарын алдарындағы «Кейін» бағанасына толтыруды сұрайды.	«Дейін-Кейін» стратегиясының «Кейін» бағанын толтырып, тапсырады.

**А.МАНКИШЕВА,**  
**К.Мендалиев атындағы жалпы орта**  
**білім беретін мектеп.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Казталов ауданы,  
Жалпақтал ауылы

## СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ

Мақсаты: оқушыларға сөйлемнің бірыңғай мүшелері, олардың қандай қызмет атқаратыны, жасалу жолдары мен тыныс белгілері туралы түсінік беру.

Міндеттері: білімділік – оқушылар сөйлемнің бірыңғай мүшелері туралы түсінік алады; дамытушылық – сөйлемнің бірыңғай мүшелерін ажыратып, олардың ерекшеліктерін меңгереді, тәжірибеде қолдана білу, талдау машықтары қалыптасады, талдау және салыстыра білу дағдылары дамиды; тәрбиелік – берілген мысалдар арқылы оқушылар сөз қадірін біледі, тіліміздің байлығын орынды пайдалана білуге тәрбиеленеді.

Типі: жаңа тақырыпты меңгерту.

Түрі: шығармашылық ізденіс сабағы.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, тарих.

Техникалық құралдар: «ActivInspire» бағдарламасы орнатылған компьютер, проектор, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы: Психологиялық ахуал туғызу (2 мин.)

Көтеріңкі көңіл-күй орнату үшін «комплимент» тренингін ұйымдастырамын. Ақ қағазға жылы лебіздерін жазады да, бір-біріне лақтырады. Оқушыларды «Мозаика» арқылы үш топқа бөлу.

I топ – «Пысықтауыш»

II топ – «Толықтауыш»

III топ – «Анықтауыш»

Топ басшыларын сайлап, бағалау парағын үлестіру.

Қызығушылықты ояту (2 мин.)

Миға шабуыл. *Арамдық, аразды түбімен жойыңдар.*

*Өтірік, өсекті біржөла қойыңдар.*

*Намыс, жігер, бойыңа жиып қайрат,*

*Қажымай адалдық жағында болыңдар.*

*(Шәкәрім. «Бостандық таңы атты» өлеңінен)*

Шәкәрім Құдайбердіұлының өлеңінде бір тұлғада тұрған, бір

ғана сұраққа жауап беретін, сөйлемдегі қызметі бірдей сөздер бар ма? (ауызша талдату)

Арамдық (ты), аразды (+қ; ты) (нені) жойыңдар.


Өтірік (ті), өсекті (нені) қойыңдар.

Намыс (ты), жігер (ді), қайрат (ты) (нені) бойға жиыңдар.

Мағынаны тану. (7 мин.)

А) Сөйлемнің бірыңғай мүшелері, 72-бет. «Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі бойынша жаңа тақырыпты топтаса отырып меңгереді.

Ә) Интерактивті тақта арқылы сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің ерекшеліктерін топтастыру әдісімен тақтаға жазғызып, бірыңғай мүшелердің тыныс белгілеріне тоқталу (флипчартты қолдану)



Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің бір-бірімен байланысуы (3 мин.)

Бірыңғай мүшелер жалғаулықсыз да, жалғаулықтар арқылы да байланысады. Осыған байланысты олардың тыныс белгілерінің қойылуы да әркелкі болады.

Алтын - жақсы әнші, әсем биші.

Алтын – жақсы әнші және әсем биші.

Алтын – әрі жақсы әнші, әрі әсем биші.

Бірыңғай мүшелер жалпылауыш мүшелермен де келетін кездері болады. Жалпылауыш мүшелер бірыңғай мүшелердің алдынан не соңынан келеді.

Біздің жерде көп кездесетін мына ағаштар: қарағай, қайың, терек.

Жусан, изен, бұйырғын, көкпек – бәрі малға пайдалы.

Тақтамен жұмыс (4 мин.)

Келісіп пішкен тон, келте болмас.

63-жаттығу. Өлеңде қойылмаған бірыңғай мүшелердің тыныс белгілерін қойып, сөйлем мүшелерін анықтау.

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,

Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабак

Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,

Ой желке, үңірейген болса сағак.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,

Қабырғалы, жотасы болса күшті.

Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,

Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,

Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ.

Жерсоғарлы, сіңірлі, аяғы тік,

Жаурыны етсіз, жалпақ тактайдай-ақ.

Дәптермен жұмыс (6 мин)

Бірыңғай мүшелердің сөйлемдегі қызметтерін анықтау, талдау.

Әр топ екі сөйлем беріледі.

I топ

Сендер – зерек, дарынды, білуге құмар, қиялы ұшқыр, ойы өткір, арманшыл ұрпақтың өкілісіңдер.

Мен туған жердің түнін, күнін, өзенін, тауын, гүлін сүйемін.

II топ. Тәуелсіздік алғалы Асан қайғы мен Қорқыт баба, Кенесары мен Сырым, Абай мен Ахмет, Ербол мен Ләззат сынды тұлғаларымыз әлемге танылды.

Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпаның білсеңіз. (Абай)

III топ.

Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті қанатты

Мен жастарға сенемін.

Қазақстанның әрбір азаматының өз елінің бақыты үшін, абыройы үшін, даңқы үшін, бостандығы үшін күресетіндігін мақтан тұтамын.

Толғаныс

2015 жылы аталып өтілетін (Ұлы Жеңістің 70 жылдығы, Қазақ хандығының 550 жылдығы және Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы) мерекелерге тоқталамын.

А) Топтық жұмыс (12 мин.)

Әр топ берілген мәтіндерді оқып, ішінен бірыңғай мүшелі сөздері бар сөйлемдері табады және қай сөйлем мүшесі екенін айтады.

I топ. Міне, Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 70 жыл өтіпті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас

жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шындаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні-түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтаппаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

II топ. Ғасырлар тоғысында еркіндікті аңсаған ата-баба арманы жүзеге асып, егемендікке ие болдық. Қазақ жерінде арайлап атқан елдіктің ақ таңы, ең алдымен, осынау дархан даланы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен, алғыр ақылмен, берік тақыммен қорғап, сақтап қалған ата- бабаларымыздың ұлы күрестерінің заңды да нақты нәтижесі. Қазақ елі қазіргі таңда қабырғасы қатайған, пікіріне халықаралық қауымдастық өкілдері құлақ асатын беделді елге айналды. 20 жылдық тарихы бар ұйым елдің саяси жүйесінің маңызды бір бөлігіне айналып, ол Қазақстанды мекендейтін барлық ұлттар мен этностардың мүдделерін, құқықтарын бір арнаға түйістірді. Әрбір ұлттың тегіне, дініне, көзқарасына қарамастан, барлық азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің бұлжытпай сақталуын қамтамасыз етті. Түптеп келгенде, Ассамблея еліміздегі халықтардың тұрмыстық деңгейдегі ұлтшылдықтың пайда болуына жол бермейтін, бір-біріне төзімділікке, шыдамдылыққа тәрбиелеуді дәріптейтін ең маңызды ұйымның бірі болып саналады. Осының нәтижесінде әрбір қазақстандық кең ауқымды ойланып, достық пен өзара түсіністікті бағалауға жетелеу жолында жемісті еңбек етуде.

III топ. Керей мен Жәнібектің соңына ерген, қазақ атанып бөлінген жұрттың әуелгі саны – екі жүз мыңдай адам болған. Бұл сан сол заман үшін көп халық, бірақ байтақ ұлыста қалған туыстардың саны бұдан алты-жеті есе артық болатын.

Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің “Тарихи Рашиди” атты шығармасында былай деп жазады: «Ол кезде Дешті-қыпшақ Әбілхайыр хан биледі және Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшіп барады. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Манғолстанның батыс жағындағы Шу мен Қозыбас аймақтары

берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілхайыр (1468 ж.) дүние салды да, Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей мен Жәнібекке көшіп кетті. Сөйтіп олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер «қазақтар» деп атады. Қазақ сұлтандары 870 жылдары билей бастады». Сөйтіп, 1465-1466 жылдары Шу мен Талас өзендерінің алқабында Қазақ мемлекетінің негізін салған дербес қазақ хандығы құрылды. Осы территорияға деректемелерде тұңғыш рет «Қазақстан» деген атау қолданыла бастады...

Ә) Білгенге – маржан... Тест жұмысы. (5 мин.)

1. Бірыңғай бастауышты табыңыз:

- А) Түйе, жылқы, өгіз көлік ретінде пайдаланылады.
- В) Атам ат әбзелдерін оюлап, өрнектеп, өріп жасайды.
- С) Жылқы – қазақтың кәделі, бағалы, қымбат қазынасы.
- Д) Ақын жастайынан әнге, өлеңге, домбыраға әуес болады.
- Е) Қатық - әрі тағам, әрі сусын.

2. Бірыңғай анықтауышы бар сөйлемді анықтаңыз:

- А) Мұнда шай, лимон, мандарин өсіріледі.
- В) Мағаштың бойы сымбатты, сұңғақ, биік.
- С) Құда жігіт жалтақтап, ыңғайсызданып отыр.
- Д) Әбіш Абайдан үлкен, сапалы, терең жауап күтті.
- Е) Ерболға да, Шұбарға да сыр мәлім болды.

3. Бірыңғай толықтауыштың байланысу түрін көрсетіңіз:

Ол Шығанақ пен Олжабекке өз қасынан орын берді.

- А) Қиысу В) Матасу С) Меңгеру Д) Жанасу Е) Қабысу

4. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлемді анықтаңыз.

- А) Ол – сенің я ағаң я інің.
- В) Орта бойлы: бірі ақ толықша сұр жігіт еді.
- С) Қазақстандағы ірі өзендер мыналар – Ертіс, Жайық, Сырдария.

- Д) Күз аспаны күңгірт - бұлыңғыр.
- Е) Биылғы қыстың басы адамға да, малға да әзір аса жайлы боп тұр.

5. Бірыңғай баяндауыш қандай сөз табынан, анықтаңыз:

Алыстағы жоталар мен айналадағы өлкелер де панасыз, жүдеу.

- А) Зат есім В) Сан есім С) Есімдік Д) Сын есім. Е) Одағай Жауабы: 1. А 2. Д 3. С 4. Е 5. Д (Оқушылар бірін-бірі тексереді)

Бағалау. Жүйріктен жүйрік озар, шабысқанда... (1 мин.)

Топ басшысы топ мүшелерін бағалап, бағалау парақшасын тапсырады. Үйге тапсырма беру.



**Ж.РАЙҚҰЛОВА,  
«Қосағаш» жалпы орта мектебі.**

Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Қазығұрт ауданы,  
Қосағаш ауылы

## **САБАҚТАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДІ ОҚЫТУ**

Сабақтың мақсаты: а) Сабақтас құрмалас сөйлем оның түрлері және жасалу жолдары туралы ұғымды қалыптастыру; ә) Оқушылардың дүниетанымын, өз беттерінше іздену, жұмыс жасау дағдыларын дамыту, логикалық ойлауын жетілдіру; б) Ұлы тұлғалардың өнегелі өмірі мен ұлағатты сөздерінен тәлім-тәрбие алуға үйрету. Типі: жаңа тақырыпты меңгерту сабағы. Әдісі: топтық жұмыс «Топтастыру» стратегиясы, өзіндік ізденіс, түсіндіру. Көрнекілігі: сурет, плакаттар, сызбалар және дидактикалық материалдар, «Өтті дәурен осылай», «Кемеңгер Қонаев» атты кітаптар. Сабақтың маңыздылығын ашу. а) Ұйымдастыру кезеңі: оқушыларды түгелдеп, назарларын сабаққа аудару; ә) Тірек білімдер.

Салалас құрмалас сөйлемдер олардың түрлері мен жасалу жолдары.

-Балалар, қонақтар, біз бүгін семинар өткізіп отырмыз. Осы айтулы іс-шара қазақтың біртуар ұлы, ұлы тұлға, көрнекті мемлекет қайраткері, заманымыздың пайғамбары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 102 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келіп отыр екен. Сондықтан мен бүгін сабағымды кемеңгер тұлғаның рухына тағзым ете отырып, «Сабақтас құрмалас сөйлем туралы түсінік беруде ұлы тұлғаның қанатты сөздерін пайдалану» деп алып отырмын.

Айбарлы ақын, қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов: Жиырмамыншы ғасырда біз шын мәнінде «Ұлы «деген атауға лайық жандармен қатар өмір сүру бақытын бастан кешіппіз. Солардың ішінен өз басым Қонаевты еш күмәнсіз еске алар едім,-депті. Сол себепті, Ұлы тұлғалардың өнегесін ұрпаққа үлгі ету біздің, яғни ұстаздардың еншісінде деп білемін. Олай болса,

сабағымызды бастайық! Сыныпты үш топқа бөлеміз.

I топ-«Салалас».

II топ-«Сабақтас».

III топ- «Аралас».

- Ал, балалар, Д.А.Қонаев кім? Ол туралы не білеміз?(Оқушылар ұлы тұлғаның өмір жолынан деректер келтіреді.)

- Балалар, біз алдыңғы сабақтарда салалас құрмалас сөйлемдерді, олардың жасалу жолы және түрлерімен таныстық. Үйге салалас құрмаластың түрлеріне Д.А.Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» атты кітабынан мысалдар жазып келу тапсырылған. Оқушылар дайындап келген мысалдарын оқып, салалас сөйлемнің түрін, жасалу жолын дәлелдеп береді.

III. Жаңа ұғымдар мен әрекет-тәсілдерді қалыптастыру. Сабақтас құрмалас сөйлем туралы түсінік беру. Құрамындағы жай сөйлемдердің алғашқысы тиянақсыз болып, соңғысына бағына байланысады. Мына бір Димаш атаның қанатты сөздерін мысалға алайық.

1. Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама.

2. Қанмен сіңгенді қасиеттесемсең, қадірің болмайды.

3. Ойланып айтпай, опық жемесек екен.

Бұл сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдердің алғашқысын бөліп айтуға болмайды, өйткені бұлар тиянақсыз болады. Ал екінші жай сөйлемнің баяндауышы тиянақты болады. Сондықтан олар дербес жазыла береді. Сабақтас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер бағыныңқы, басыңқы болып бөлінеді.

Бағыныңқы

Басыңқы

Сабақтас құрмаластың жасалу жолын кесте-плакаттағы сызба бойынша түсіндіремін.

### **Жасалу жолдарының сызбасы.**

Бағыныңқының баяндауышы	Тұлғалық белгісі	Сызбасы
1. Шартты рай	-са,-се	Бағыныңқы басыңқы (...) барса (...)

2.Көсемше	-а,-е,-й,-ып,-іп,-п, -қалы,-келі,-ғалы,- гелі	(.....)келе, (.....) (.....)ойлап,(...) (.....) естігелі(..)
3. Есімше	-ған,-ша,-ше (-ген)-дай (-дей) -ған -да - де (ген)-мен -дыктан Ған- диктен (ген) сайын Соң Кезден (шақта, уақытта) -ған -ға шейін (-ген + ге) Бәрі -ған +нан кейін (-ген+ нен) бұрын	(...көргенше (...) (.....)оқығандай(.....) (.....)жазғанда (.....) (.....) білгенімен(.....) (... танығандықтан (...) (...оқыған сайын (...) (.....)естіген кезде (..) (.....) келгенге Шейін (..) (.....) айтқаннан Бері (...)
4.Етістік негізді	Ысымен (-ісімен)	(..келісемін), (.....)

Мысалдар (плакатқа жазылады)

1.Шартты рай. *Арамыздағы асыл, адал, шынайы жолда жүрген адамдарды біз айтпасақ, келешек ұрпаққа ұлтымыздың асыл мұраларын кім жеткізе алады?*

2.Көсемше. *Зухра жеңгеміз қайтыс болған кезде үйіне кіріп, Дінмұхамед ағамызға көңіл айттым.*

3.Есімше тұлғалы. *Сансыз тексерулерді Қонаев тоқтатқанша, өз басымның да арыла алмағаны бар. Ал өмірден өткеннен кейін,міндетті түрде арамызды ашып жатамыз.*

5.Етістік. *Ол асығыс кірісімен, жан-жаққа барлай қарап шықты.*Сабақтас құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдер саны жағынан екеу ғана емес, одан көп болуы мүмкін. Ондай сөйлемдер көп бағыныңқылы сөйлемдер деп аталады.

Көп бағыныңқылы сөйлемдер

Жарыспалы көп бағыныңқылы Сатылы көп бағыныңқылы

\*Жаңа сабақты алған білімдерін нақтылау үшін топтық жұмыс жасаймыз. «Кемеңгер Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» кітаптарынан үш топ үш-үштен сөйлем тауып жазады.

\* «Сабақтас» тақырыбындағы сөзжұмбақ шешу.

Қорытынды жасап, бекіту, бағалау. Үйге тапсырма беру.

**М.НҮРСҰЛТАНОВА,**  
**Федоровка жалпы орта білім беретін мектебі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Теректі ауданы,  
Федоровка ауылы

## ҚОС СӨЗДЕР. ҚАЙТАЛАМА ҚОС СӨЗДЕР

(6-сынып)

Мақсаты: білімділік - оқушыларға қос сөз, оның түрлері, қайталама қос сөздер жайлы толық мәлімет бере отырып, олардың ой-пікірін қалыптастыру; дамытушылық-ой-өрісін, ойлау белсенділігін, сөйлеу шеберлігін, тіл мәдениетін дамыту, сөздік қорын молайту; тәрбиелік-ұқыптылыққа, сауатты қатесіз жаза білуге, топтық жұмыстануғатәрбиелеу. Түрі: қалыпты сабақ. Типі: жаңа білімді меңгерту. Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, сұрақ-жауап, талдау, тест, топтық жұмыс, джигсо әдісі, ББҮ (білемін, білгім келеді, үйрендім). Көрнекілігі: қос сөздерге қатысты тірек-сызбалар, слайдтар көрсету. Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Сабақтың барысы: I.Ұйымдастыру бөлімі. Сыныпқа кіріп, оқушылармен амандасу. Зейіндерін сабаққа аудару. Қызығушылықты ояту.

Таңмен көзін ашады, әлемге нұрын шашады. (Күн)

Күн шуақтары сияқты бізден де жылылық, мейірімділік тарайды. Оқушыларды ортаға шаттық шеңберіне шақыру. Оқушылар шаттық шеңберіне дөңгелене тұрып, әрқайсысы бойындағы бір жақсы қасиеттерін айтады, ал қалғандары бұл кезде «Өте жақсы екен» дейді. Оқушыларға біріккен сөздер жазылған парақшаларды үлестіріп, оларды екі топқа бөлу. Оқушыларға берілетін біріккен сөздер:

1-топ: Тасбақа, қырықаяқ – зоологиялық атау, жәндіктер;

Қозыққұйрық, қырықбуын, күнбағар – ботаникалық атаулар, шөп түрлері;

Ақсүйек, аққала – ойын атаулары.

2-топ.

Қызылқұм, Сарыағаш, Жезқазған – географиялық атаулар;

Боранбай, Ботагөз, Амангелді – кісі аттары

Жетіқарақшы, темірқазық – жұлдыз атауы.

II. Үй тапсырмасын тексеру, сұрау.

Үйге берілген тапсырма: қолғабыс, баспасөз, шетел, балықкөз, түлкімұрт, тауықкөз, текесақал, бұзаубас, баукеспе, ұзынқол сөздерін қолданып сөйлем құрау. (Үй тапсырмасы тексеріліп, талданады, қорытындыланады) Білім тексеру. Тест (жазбаша)

1. Қандай сөздер кіріккен сөздерге жатады?

А) Темірқазық, Сарысу;    Ә) биыл, жаздыгүні;

Б) ГАЗ-51, ТУ-154;        В) бозторғай, қараторы;

Г) үлкен-кіші, аяқ-табақ.

2. Қос сөзді тап:

А) жетідей;    Ә) бесеу;

Б) екі-үш;        В) үш-ақ;

Г) төрт шақты.

3. Кіріккен сөздердің құрамындағы сөздер қандай өзгеріске ұшырайды?

А) мағынасы толық сақталады;    Ә) дыбыстық өзгеріске ұшырайды; Б) сөз мағынасы кеңейеді;    В) сөздер қысқарады;

Г) ешқандай өзгеріске ұшырамай, бір ұғымды білдіреді.

4. Бірге жазылатын сөзді көрсет:

А) күні бойы, әдемі қыз;        Ә) жылы су;

Б) Талды қорған, сабақ кестесі;    В) сынып бұрышы, кәсіп

Г) ит мұрын, түйе табан.        орын;

5. Біріккен сөздердің емлесін тап:

А) әрқашан бірге жазылады;    Ә) қосымша арқылы жазылады;

Б) сызықша арқылы жазылады;    В) үлкен әріппен жазылады;

Г) тіркесіп жазылады.

Оқушылар дәптерлерін бір-бірімен ауыстырып, тест жауаптарын тексереді.

Тест жауаптары: 1-ә, 2-б, 3-ә, 4-г, 5-а.

III. Жаңа материалды түсіндіру.

Тақтаға күннің жадын, жаңа сабақтың тақырыбын жазу. Екі топқа жаңа тақырып бойынша постер қорғатқызу. Джиго (қонаққа бару) әдісі бойынша оқушылар бір-біріне жаңа тақырыпты түсіндіреді. Сөздердің қосарланып немесе қайталанып айтылуынан жасалған сөздерді қос сөздер деп атаймыз. Сөздерді қосарлап немесе қайталап қолдану жаңа сөз жасаудың бір жолы болып табылады. Мысалы: Жан-жануар, адамзат анталаса, Ата-анадай елжірер күннің көзі. Бұл сөйлемде жан-жануар, ата-анадай дегендер—қос сөздер, олар жаңа мағына білдіріп тұр: жан-жануар—бүкіл айналадағы, табиғаттағы жанды заттар; ата-анадай ең жақын туғандар ата мен анадай деген мағынада, яғни шынайы мейірімділік деген мәнде қолданылған.

Қос сөздер екі түрлі болады: қайталама қос сөздер және қосарлама қос сөздер. Қайталама қос сөздер.

Бір түбірдің екі рет қайталануынан жасалған қос сөздер қайталама қос сөздер деп аталады. Олардың жасалу жолдары мынадай:

1) қосымшасыз және қосымшалы түбірдің түгелдей қайталануы, мысалы: тау-тау астық, көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың, т.б.

2) бір сыңары қосымшалы, бір сыңары қосымшасыз бір түбірдің қайталануы, мысалы: көзбе-көз айтты, өз-өзінен қысылды, т.б.

3) бір түбірдің әр түрлі қосымша жалғанып қайталануы, мысалы: өзді-өзіне айтты, қолды-қолымен кепті, т.б.

4) екінші сыңары бірінші сыңарына еліктеу мәнінде келіп, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздің бірінші дауыссыз дыбысының орнына және дауысты дыбыстан басталатын сөздің алдына м, п дыбыстары қосылып жасалуы, мысалы: ет-мет, шай-пай, түйе-мүйе, т.б.

5) еліктеуіш сөздің екінші сыңары кейбір дыбыстық өзгерістерге ұшырап қайталануы, мысалы: тарс-тұрс дыбыс шықты, жалт-жұлт етті, т.б.

6) түбір сөздің алдынан күшейткіш буын қосылып айтылуы, мысалы: үп-үлкен, қып--қызыл, т.б.

Оқулықпен жұмыс. Деңгейлік тапсырмалар беру. 88-жаттығуды ауызша орындату. IV.Білімді бекіту.

Жаңа сабақты меңгерту барысында «Кім жылдам?» ойынын пайдалану. Екі топты жарыстыру.

1-топ.

Жарқ- ..... (жұрқ)

Сатыр-..... (сұтыр)

Аз-..... (аздап)

Бетпе-..... (бет)

Жалт-..... (жұлт)

Алуан- ..... (алуан)

Бірде-..... (бір)

2-топ.

(жап)..... – жақсы

(анда)..... – санда

(үп)..... – үлкен

(әп)..... – әдемі

(окта)..... – текте

(ата)..... – ана

(жақсы)..... – жаман

(қора)..... – қора

Сергіту сәті. Оқушыларды орындарынан тұрғызып, сергіту жаттығуларын жасатқызу. Ұлытау. «Жұмыр қылыш»

V. Үй тапсырмасын беру: ереже оқу, жаттау. Деңгейлік жаттығуларды аяқтап келу.

VI. Бағалау. Қорытындылау. Сабақ соңында оқушылар бір-біріне «Екі жұлдыз, бір тілек» айтады. Рефлексия.«Білемін, білгім келеді, үйрендім» әдісі бойынша оқушылар кестені толтырады.

С.ӘЛМҰРАТОВА,  
А.Жанпейісов атындағы  
№ 105 орта мектеп.  
Қызылорда облысы,  
Қармақшы ауданы

## ОМОНИМДЕР

Мақсаты: білімділік- мысалдар беріп талдату арқылы белгілеріне қарай топтастырып, омонимдердің анықтамасын оқушылардың өздеріне қорытып шығарту; тәрбиелік- оқушыларды қазақтың сөз өнерін меңгертуге, сауатты сөйлеуге, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу; дамытушылық -бірлесіп жұмыс істеу дағдысын дамыту, өз пікірін еркін жеткізе білуге төселдіру, шығармашылыққа баулу, логикалық ойлауын дамыту.

Түрі: дәстүрден тыс сабақ. Әдісі: сайыс, сұрақ-жауап, интерактивті. Типі: аралас сабақ. Пәнаралық байланыс: әдебиет.

Көрнекілігі: слайдтар, үлестірмелі қима қағаздар, оқулық, тақта, бор. Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі:а) сәлемдесу, түгелдеу; ә) сабаққа назар аударту.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

III. Жаңа сабақ. Берілетін сөздер: ҚАРА, БАС, ШАШ, ЖҮЗ, ЖАС. Сөз тіркестерін жасау арқылы сөздерге түрлі мағына беру

Мысалы: ҚАРА – маған қара (етістік), қара қалам (зат есім)

БАС – аяғынды бас (етістік), адамның басы (зат есім)

ШАШ – ағарған шаш (зат есім), су шашу (етістік)

ЖҮЗ – суда жүз (етістік), сұлу жүз (зат есім), жүз ән (сан есім)

ЖАС – көзден аққан жас (зат есім), Даниярдан гөрі жас (зат есім) Туындайтын анықтама: Біркелкі дыбысталып айтылатын (жазылуы бірдей), бірақ мағыналары басқа-басқа болып келетін сөздердің тобын омонимдер деп атаймыз.

Омонимдердің көбісі сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған. Осыған байланысты омонимдер туынды омонимдер және түбір омонимдер болып бөлінеді.

Мысалы: АЙТЫС (сөзбен талас, пікіргалас түрі), АРЫҚ (су жүретін, жүдеу), АТЫС (соғыс, қырқысу, соғысу)

Перфокартамен жұмыс. Омонимдердің қай сөз табына жататынын табу.

Омонимдер	Зат есім	Сын есім	Сан есім	Етістік
Жақ	+			
Оқтау	+			
Арық	+	+		
Жүз	+		+	+

V. Сабақты бекіту (Жаттығу жұмыстары)

62-жаттығу (тақтамен жұмыс, астын сызу)

Сергіту сәті («Жасырын сөздерді тап»)

Берілген суреттер бойынша көп нүктенің орнына тиісті омоним болатын сөздерді қойып айту керек. Керекті сөздер: ШАШ, САБАҚ, ТҮС, ҮЙ, АРА, ҚОЛ,

Қорытындылау.

ВЕНН диаграммасы.

Көп мағыналы сөздердің өзіне тән белгілері.

Ортақ қасиеттері.

- 1) Сөздердің дыбысталуы бікелкі болуы тиіс;
- 2) Сөздердің мағыналары басқа-басқа болуы шарт;
- 3) Әр түрлі сөз таптарына жата береді.

VI. Үйге тапсырма:

Ережелерді қайталау, жаттау

64-жаттығу (Мазмұндау)

65 - жаттығу

28-29 беттерді оқу

VII. Оқушыларды бағалау. (Фишкалар арқылы)

Г.МҰҚАНОВА,  
Подстепенный № 1 жалпы  
білім беретін мектебі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Теректі ауданы

## МОРФОЛОГИЯ ТАРАУЫНА ШОЛУ (7-сынып)

<b>Ж а л п ы мақсаты:</b>	Сабақ соңында оқушылар сөз таптарына мысал келтіруді, қолдануды, өзара салыстыруды, жұмыстарын бағалауды орындай алады. Қазақ тіл білімінің салаларын, сөз таптарын еске түсіре алады. Нені зерттейтінін, өзіндік ерекшеліктерін ажырата талдауға машықтанады. Өзара салыстыруды, жұмыстарын бағалауды орындай алады.
<b>О к у нәтижелері:</b>	Морфология бөлімін нақты игерді, сөз таптарын бір-бірімен салыстыруды, өзіндік ерекшеліктерді айқындауға үйренді  Оқушылар қазақ тіл білімінің салаларын, сөз таптарын еске түсіре алды.  Морфология тарауының басқа саладан өзгеше екендігін түсінді. Нені зерттейтінін, өзіндік ерекшеліктерін ажырата алды. Өзара салыстыруды, жұмыстарын бағалауды орындай алды.
<b>Т ү й і н д і идеялар:</b>	Морфология тіл білімінің бір саласы екендігі туралы түсінік қалыптасады. Сөз таптарының әрқайсысының ерекшеліктерін ұғына отырып, орынды пайдалануға үйренеді.

<b>Сабақ кезеңдері:</b>	Ұйымдастыру. Тренинг. Сынып оқушылары дөңгеленіп оң жағындағы сыныптасына тілек тілейді. Математикалық фигураларға қарай топтарға бөлу.
<b>I. Кіріспе</b>	
<b>Уақыты:</b>	
<b>5 минут</b>	
<b>II. Тұсаукесер.</b>	Топтастыру. Берілген сөз: морфология.
<b>Уақыты:</b>	(Оқушылар тоғыз сөз табын, сөзжасамды, түбір мен қосымшаны жазады.) Әр топқа өз топтастыруын қорғатамын, басқа топтардағы толықтыруларды енгіздіремін.
<b>5 минут.</b>	Жетекші сұрақтар беремін (диалогтік оқыту). *Тіл білімінің негізгі салаларын ата. *Әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін атай аламыз ба?
<b>Негізгі бөлім.</b>	*Түбір мен қосымшаны қалай ажыратамыз?
<b>Уақыты:</b>	* Қосымшаның түрлері қандай? (формативті бағалау /қол шапалақ арқылы/
<b>25 минут.</b>	Келесі тапсырма: топтық жұмыс. 1-топ. Төмендегі өлең шумақтарынан негізгі сөз таптарын тап. <i>Ақ көгершін, көгершін, Қолғанат құс сен едің....</i> 2-топ. Мына өлең шумақтарындағы әр сөзді түбір мен қосымшаға ажырат. <i>Мен-қазақпын, мың өліп, мың тірілген, Жөргегімде таныстым мұң тілімен...</i> 3-топ. Суретпен жұмыс. Шылау, одағай, еліктеу сөздерін катыстырып мәтін құра. Дарынды балалармен жұмыс. «Менің сыныбым» тақырыбына эссе жазу. Қабілеті төмен оқушымен жұмыс.

	Сәйкестендіру тапсырмасы. 1. Кітап. 1.Сын есім. 2. Суретгі. 2. Егістік. 3. Бес. 3. Одағай. 4. Оның. 4.Зат есім. 5. Оқыды. 5.Шылау. 6. Қазір. 6.Еліктеуіш сөз. 7. Сырт-сырт. 7. Сан есім. 8. ба 8. Есімдік. 9. Алақай. 9. Үстеу.
<b>Қорытынды</b>	Интерактивті тақтадан тест тапсырмалары.
<b>Уақыты:</b>	«Білімді байқап көр»
<b>7 минут.</b>	1. Қазақ тілінде неше сөз табы бар? а) 6; б) 9; ә) 7; в) 8. 2. Оқушы, бала, ана сөздері қай сөз табына жатады? а) сан есім; б) есімдік; ә) үстеу; в) зат есім. 3. Жалғаудың неше түрі бар? а) 4; б)5; ә) 3; в) 2. 4. Туынды зат есім жұрнағын белгіле: а) -хана, паз, -кер; ә) -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті; б) -шы, -ші, -лық, -ім, -ыс; в) -дай, -дей, -тай, -тей. 5. Күрделі зат есімдерді тап: а) білім, күрек, күйші; ә) аяқ, ауыл, бала, дала; б) ана, қала, мектеп; в) ашудас, аяқ-табақ, ауыл-аймақ.
<b>Бағалау.</b>	Өзін-өзі бағалау. Топты бағалау. «2 жұлдыз, 1 ұсыныс» қағидаты.
<b>2 минут.</b>	
<b>Үйге тапсырма.</b>	«Морфология» тарауын қайталау. «Кітап-білім бұлағы» тақырыбында ой-толғау жазу.
<b>1 минут.</b>	

**О.МЫРЗАҒОЖИНА,**  
**Қаратерек жалпы орта білім беретін мектебі.**

Павлодар облысы,  
Май ауданы

## САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ

Мақсаты: білімділік-оқушылардың салалас құрмалас сөйлемнен алған теориялық білімдерін практикалық тұрғыда тексеру, кеңейту; дамытушылық-теориялық материалды жүйелі, тиянақты баяндауға дағдыландыру, өз бетінше жұмыс істеуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ету; тәрбиелік: пәнге деген қызығушылықтарын арттыру.

Түрі: қайталау. Әдіс-тәсілі: сын тұрғысынан ойлау, ой қорыту, проблемалық ізденіс. Көрнекілігі: оқулық, кеспе қағаздар, көрнекіліктер, интербелсенді тақта. Ұйымдастыру формасы: топпен, жеке.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Амандасу, оқушылардың сабаққа даярлығын тексеру. ә) Үй тапсырмасына шолу жасау. «Топтастыру» стратегиясы бойынша үй тапсырмасын сұраймын. Құрмалас сөйлем. Интербелсенді тақтамен жұмыс. Оқушылар салалас құрмалас сөйлем және оның мағыналық түрлері туралы білетіндерін жазады.

Бұл ұғымдарды жинақтап, жүйелеңіздер.

Мысалы: Құрмалас сөйлем

Салалас қ.с    Аралас қ.с    Сабақтас қ.с

- |                  |                  |
|------------------|------------------|
| 1. Ыңғайлас.     | 4. Түсіндірмелі. |
| 2. Қарсылықты.   | 5. Талғаулы.     |
| 3. Себеп-салдар. | 6. Кезектес.     |

II. «Кубизм» стратегиясы бойынша жұмыс жасаймыз.

1. Суреттеңіз. Әр топқа кеспе қағаздар бойынша сұрақтар таратылады. Ыңғайлас және қарсылықты салалас құрмалас сөйлем туралы жазыңдар. 2. Өзара салыстырып, дәлелденіздер.

1. Себеп-салдар және кезектес салалас құрмалас сөйлем туралы жазыңдар. 2. Өзара салыстырып, дәлелденіздер.

Тапсырма: Салалас құрмалас түрлерін ажыратыңдар.

1. Елдегі хал мынау: пара, ұрлық, зорлық, мастық, надандық тұншықтырып жатыр еді. 2. Биыл көп ауыл қаралы, себебі өткен қыстың бас кезінде Ұлжан мен Оспан қайтыс болған. Тапсырма: Салалас құрмалас түрлерін ажыратыңдар.

1. Күндіз олар не өзіне жем іздейді, не өзінен басқаға жем болмауын көздейді. 2. Амантайдың дауысын естіп Асқар құшағын жазайын деп еді, - Ботагөз босатпады. Тапсырма: Салалас құрмалас түрлерін ажыратыңдар.

1. Абайдың қиналғанын Ділді сезді, бірақ түк өкінген жоқ.

2. Менің сендерге берген парам сол: дәл сол Құнанбайдың баласы да өзімдей адам баласы екенін таныттым.

**Кім жылдам?** Әр топтан бір-бір оқушы шығып, тақтаға бір сөйлемге толық синтаксистік талдау жасайды. Синтаксистік талдау жасаңдар: *Қазір Қастекке тергеу жүргізіліп жатыр: ауылды өртеген адамды тапқысы келеді. Ұлпан жүзінде өкініш те, күйініш те жоқ еді, сондықтан жұрт соған таң қалатын.*

III. Қорытындылау.

«Саралаңыз» стратегиясы бойынша сабақты қорытындылау.

«Білім - басты байлығымыз», «Ана тілі - дертпен тең», «Ұстаз - ұлы тұлға» тақырыбында қысқаша әңгіме жазу. Әңгіменің ішіне салалас құрмаластың түрлерін енгізу.

«Талқылаңыз» стратегиясы бойынша: Әр топ бір-біріне сұрақ қояды.

IV. Үй тапсырмасын беру. Көркем шығармадан салалас құрмалас сөйлем түрлеріне бір сөйлемнен жазып келу, кез келген сөйлемге кешенді талдау жасау.

V. Бағалау. Топ басшысы өз топтарында белсенді қатысқан оқушыларды бағалайды.

**С. БЕГАЛИЕВА,**  
**Ақсуат жалпы орта білім беретін мектебі.**  
 Батыс Қазақстан облысы,  
 Теректі ауданы

## ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВ

Жалпы мақсаты:	Әбілхан Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы толық мәлімет беру, етістіктің райларының өзіндік ерекшеліктерін ажырата білу; Ойлау, есте сақтау қабілеттері дамиды, сауатты жаза біледі, ойларын еркін жеткізеді. Өнерге және өнер адамдарына құрмет көрсетуге, халқымыздың мәдени дамуына үлес қосуына, еліміздің білікті азаматы болуына, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
Күтілетін нәтижелер:	1.Танымдық қабілеттерінің артуы. Әбілхан Қастеев туралы тың мәліметтер алады. 2.Топта жұмыс жасай білуі. 3.Өз ойларын қысылмай еркін жеткізе білуі.
Сабақ түрі:	Жаңа білімді игеруге арналған сабақ.
Бағалау	Бағалау парағы бойынша жиынтық баға.
Керекті жабдықтар:	Оқулық,интербелсенді тақта, аудиодиск, тест парақшалары, рефлексия беттері, сызбалар, суреттер, слайд.
Сабақ барысы:	

Сабақ кезеңдері:	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Білім	<p>I. Ұйымдастыру</p> <p>- Егерде біз күнімізді жақсы көңілмен бастасақ күніміз жақсы өтуіне куә боламыз. Тақтадағы өлеңді хормен мәнерлеп оқың. Өлең не туралы екен?</p> <p>Салтынды сақта әр есте, Насихаттап дәріпте.</p> <p>Босқа өткізбе уақытыңды бағала, Берік ұста осы сөзді санаңда.</p> <p>Оқу, еңбек, демалысты тиімді, Ұштастырсаң боласың ғалым дана да.</p> <p><b>Үйге берілген тапсырма:</b></p> <p>Қазақстанның халық жазушысы Айша Ғалымбаева.</p> <p>Презентация қорғау.</p>	<p>Өлең аудиодискіден тыңдалады.</p> <p>Оқушылар өлеңді мәнерлеп оқып, мағынасын кезекпен түсіндіреді.</p> <p>Оқушылар орындау деңгейлеріне қарай тапсырманы айтады.</p> <p>III, II деңгей оқулықтағы сұрақтарға жауап береді.</p> <p>I деңгей презентация қорғайды.</p>

Түсіну:	- Балалар, назарымызды тақтаға аударайық. 2, 3, 38,16, 30, 1, 18, 15, 1, 24, 25, 8, 8, 4. (қазақ тілінің әліпбиін еске түсіріп, берілген сандар бойынша жасырынған әріптерді тауып, сабақтың тақырыбын анықтау.) Слайд арқылы қосымша деректер беріледі.	Ә 2,-Б-3,- I-38 Л-16-Х-30-А-1- Н-18 Қ15- А-1-С-24Т-25 Е-8 Е -8В-4 Алфавит ілініп тексеріледі. Презентация бойынша түсінбеген сұрақтарын қояды.
Қолдану:	- Балалар, келесі тапсырма-жүппен жұмыс. Мұғалім берілген әр тапсырманы бағалап, қадағалап отырады. 1-тапсырма. Қалау рай туралы мәліметтерді есте сақтап, берілген етістіктерден қалау рай формасын жасап, сөйлемдер құраңдар. (Қалау райдың жасалуы. Кесте қолданады.)	Жұпта өздерінің бөлімдерін оқып, басты тақырыпты жазып, соның мағынасын ашатын сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып, қорғайды.
Талдау:	2-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, диалог құраңдар. Диалог бойынша өзара сөйлесіңдер.	Оқушылар мәтін бойынша диалог құрап, өзара сөйлеседі.
Жинақтау	3-тапсырма. Мәтін бойынша үш деңгейлі тапсырмаларды орындаңдар. III деңгей. Сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтіндегі10 етістікті теріп алып, қалау рай жасаңдар. II деңгей.Мәтін бойынша хронологиялық кесте дайындаңдар.Етістіктің қалау райына сөйлем құраңдар. I деңгей.Ә.Қастеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы реферат әзірлендер. Берілген сөйлемдерді сөйлем мүшесіне талдаңдар. Менің Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайына барғым келеді. Сурет, картиналармен жақынырақ танысым келеді.	Жеке жұмыс
Бағалау.	Рефлексия Сұрақ қоямын. Сабақта не ұнады? -Балалар, бүгінгі сабақты қорытындылай отырып, үйге тапсырма алайық. Үйге тапсырма.Оқулықтағы №13 сурет бойынша етістіктің райларын қатыстырып мәтін құрастыру.	Өз ойларымен бөліседі. Оқушылардың білімдерін білім бағалау парақшалары арқылы бағалау.



**Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті” –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»**  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№6266-ж Куәлігі** берілген.

Басуға 05.06.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – .

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта:** Kazulagat@mail.ru.

**Журнал сайты:** www.kazhu.kz

**Басылатын жері** – ЖК Асубаев С.Ш.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №9, 2015 ж., 144 бет, Алматы.